

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы



**Кәмелетке толмағандар арасында зорлық-зомбылық,
қатыгез қарым-қатынас, аутодеструктивті, оның ішінде суицидтік және
девиантты мінез-құлық жағдайында мобильді жедел әрекет ету
топтарының қызметін ұйымдастыру туралы**

Нұр-Сұлтан
2022

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен басылымға ұсынылды (2022 жылғы 25 мамырдағы № 6 хаттама)

«Кәмелетке толмағандар арасында зорлық-зомбылық, қатыгез қарым-қатынас, аутодеструктивті, оның ішінде суицидтік және девиантты мінез-құлық жағдайында мобильді жедел әрекет ету топтарының қызметін ұйымдастыру туралы». *Әдістемелік ұсынымдар* – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2021. – 118 б.

«Кәмелетке толмағандар арасында зорлық-зомбылық, қатыгез қарым-қатынас, аутодеструктивті, оның ішінде суицидтік және девиантты мінез-құлық жағдайында мобильді жедел әрекет ету топтарының қызметін ұйымдастыру туралы» әдістемелік ұсынымда халықаралық тәжірибеге шолу жасалынды. Мобильді топтың атқаратын қызметтері мен жедел көмек көрсету бойынша толық жазылды.

Осы басылым орта білім беретін ұйымдардағы педагогтер мен білім алушыларға, ата-аналарға, сонымен бірге балалар құқығын қорғау саласындағы мамандарға, білім беру саласындағы қызығушылық танытқан басқа да мамандарға арналған.

Кіріспе

Тақырыптың өзектілігі

Кәмелетке толмағандар арасында зорлық-зомбылық, қатыгез қарым-қатынас, аутодеструктивті, оның ішінде суицидтік және девиантты мінез-құлық жағдайында, төтенше жағдай аймағында жұмыс істеу кезінде туындайтын психологиялық бірқатар мәселені, табиғи апат, жазатайым оқиғажәне апаттан зардап шеккендерге психологиялық қолдау ұйымдастырумен байланысты проблемаларды сипаттайды.

Дағдарысты жағдайға түскен уақытта жұмыс істейтін мамандар күйзелістік көптеген факторға ұшырайды. Мұндай жағдайда тіпті кішігірім қателіктің бағасы өте жоғары. Адамдардың өмірі тәуелді болатын шешімдерді тез қабылдау қажеттілігі, әдеттегі емес жұмыс уақытында жұмыс істеу және ақпараттың жетіспеуі төтенше жағдай аймағындағы мамандар жұмысының ерекшелігі болмақ.

Зорлық-зомбылық, қатыгез қарым-қатынас, аутодеструктивті, оның ішінде суицидтік және девиантты мінез-құлық жағдайында болған аймақта мамандар жағдайы күйзелістік жағдайға бейімделудің жалпы заңдылықтарына бағынады. Маманның күйзеліс факторына бейімділігі жеке психофизиологиялық ерекшеліктерімен, күйзеліскетөзімділік деңгейімен және жұмыс тәжірибесімен анықталады.

Қатыгез қарым-қатынас, аутодеструктивті әрекетті жағдайлардың орын алуы әрқашан жоспарды бұзады, күнделікті ырғақтанарылтады. Мұндай жағдайдағы тәжірибесі бар мамандар үшін бұл жағдай ауыр емес, ал жас маман үшін бұл күйзеліс факторының бірі. Күйзелістік жағдайға психикалық әсер ету заңдылықтарын білу ағзаның күйзеліс әсеріне төзімділігін арттырады. Ата-бабаларымыз «түрлі жағдайды алдын-ала ескерту - қарулану» дейді [13].

Деструктивті, девиантты мінез-құлық, өмір салтындағы, хал-ахуалдағы және сезімдердегі өзгерістің себебі не оқиғаның нақ ортасында тұрған адамдардың жарақаттық тәжірибесінің қарқынды тетігінің басталуы болатындығы белгілі. Бұл тек зардап шеккендерге ғана емес, оларға көмектесетін мамандарға да қатысты. Әдетте, төтенше жағдай кезінде жұмыс істейтін адамдар артта қалған жұмыс туралы ойламайды, дегенмен олар үшін басқа адамдардың қайғы-қасіретін көргендері із қалдырмайды. Қатыгез қарым-қатынас, аутодеструктивті, оның ішінде суицидтік және девиантты мінез-құлық жағдайдың психологиялық салдары туралы жеткілікті білімсіз, психикалық өзін-өзі реттеу дағдылары, төтенше маман әл-ауқаттың нашарлауына одан сайын бейім болатыны анық. Мамандар қорғаныш мінез-құлқына ие, олар өмірлерінде ерекше ештеңе болмайтын көріністі жасайды. Олардың арасында психиканы төтенше жағдай кезіндегі жарақаттық фактордың әсерінен түбегейлі түрде қорғауға көмектесетіндер бар, олардың ауруы мен жағдайының нашарлауына әкелетіні де бар. Жұмысты аяқтағаннан кейін жарақаттық әсер пайда болуы мүмкін: ұйқының

бұзылуы (ұйқысыздық); көңіл-күй төмен аяның басым болуы (қайғы-қасіреттің, күйзелістің эмоцияларының басым болуы). Әдетте әсер оралғаннан кейін аз уақытқа созылуы мүмкін. Осы уақыт ішінде дене біртіндеп қалпына келеді.

Кәмелетке толмағандар арасында зорлық-зомбылық, қатыгез қарым-қатынас, аутодеструктивті, оның ішінде суицидтік және девиантты мінез-құлық жағдайы кезінде жұмыс істейтін психологтың кәсіби жүгінде қорғаныштық мінез-құлықтың сындарлы стилі бар, оларда белгілі бірдағдылар бар, «жұмыс істеуге», түсінуге, төтенше жағдайда жұмыс істеудің эмоциялық тәжірибесін «сақтауға» мүмкіндік бар. Сол білім құтқарушы мен өртсөндірушіге көмектесе алады.

Психологиялық жедел жәрдем көрсету маманы, басқалар сияқты, мамандыққа бейімделу, кәсіби даму, кәсіби «күйзеліс», кәсіби дамудың келесі сатысына көшу кезеңдерінен өтеді.

Қазіргі замандағы Қазақстандық отбасындағы қолайлы жағдай отбасындағы барлық буын мүшелерінің (үрім бұтағы) үйлесімді үйлестірілуінің психологиялық ерекшеліктеріне байланысты, осының арқасында олар балалардың тұлға болып қалыптасуымен айналысуына мүмкіндік ала алады. Отбасылық қарым-қатынас - барлық бағыттарға бағдарланған өзара талаптар мен болжалдар жүйесі - отбасының аға буынның кіші буынға, кіші буынның аға буынға.

Әр отбасы бір тұтас кешенді психологиялық ерекшеліктерге ие. Алайда барлық отбасына бірдей жалпылама болып келетін, қағида бойынша, отбасының ішінаралық қарым-қатынасының айқын көрінетін эмоциялық хал-ахуалы. Атап айтқанда ең жоғарғы дәрежедегі эмоциялық жақындық – нағыз, берік отбасының ерекше қасиеті.

Сонымен, қолайлы психологиялық климат үшін келесі белгілер сипатталады: отбасының ынтымақтылығы, әр отбасы мүшелерінің жан-жақты тұлғалық дамуына мүмкіндіктің барлығы, бір-біріне деген кең пейілді талапшылдығы, қорғаныш сезімі мен эмоциялық қанағаттанушылық, өз отбасына мақтанушылық, жауапкершілік. Мұндай климат үйлесімділіктің болуына келтіреді, конфликтінің болуына жол бермеуге, болып қалған дау-дамайлық жағдайларды төмендетуге, стресті жағдайларды жоюға, өзінің әлеуметтік маңыздылығының бағалануын жоғарылатуға және отбасылық әр мүшесінің жекелік әлеуетін көтеруге мүмкіндік жасайды.

Егер отбасында үнемі конфликтілі жағдайлар болып тұрса, отбасы мүшелері бір-біріне жағымсыз күйде қарайды, қорғансыздық сезімі пайда болады, үрей, эмоциялық дискомфорт, қысымшылдық, жатырқаушылық, міне, осындай жағдайларда отбасындағы қолайсыз психологиялық климат туралы айтылу заңдылық.

Қазіргі уақытта алаңдатып жүрген өте өзекті проблемалардың бірі - оқушылардың өз-өздеріне қол жұмсауы.

Бұл проблемаға байланысты мамандар әртүрлі пікірлер айтып жүр. Тіпті оның себебін экологияның бұзылуынан көретіндер де баршылық.

Жалпы, ғалымдардың пікірінше, «суицид» (латын тілінде caedere «өзін

өлтіру», суицидент-суицидтік әрекет жасаған немесе суицидтік мінез-құлық байқатқан адам) деген термин XVII ғасырда пайда болған. Алайда, XVIII ғасырдың ортасына дейін мұндай ұғым қоғамда кеңінен пайдаланылмаған. Бертін келе, XX ғасырдың алғашқы кезеңінен бастап адамдардың өз-өзіне қол жұмсауы кең етек ала бастады. Осылайша ғылымда «суицидология» (суицид туралы ілім) атты дербес зерттеу саласы қалыптасты.

Жеткіншектердің арасындағы өз-өзіне қол жұмсау әсіресе, 14-17 жастағылар арасында жиі кездеседі. Статистика деректері бойынша өзін-өзі өлтірушілердің 4-5 пайызын жастары 20-ға жетпегендер құрайды және де бұл жайт шетелдерге де, біздің елге де тән жағдай. Бұл жастағы жасөспірімдерді өз-өзіне қол жұмсауға не итермелейді? Қалай оның алдын алуға болады?

Орта білім беретін мекемелерде жасөспірімдердің өз-өзіне қол жұмсауының алдын алуда жоғары дәрежелі, толыққанды кәсіби көмек көрсету жағы ақсап жатыр.

Сондықтан осы әдістеме қойылған мақсат - мектеп психологтарына нақты кеңестер беру, тренингтер жүргізудің әдіс-тәсілдері, оқушылармен, әріптестермен өзара сенімдегі қарым-қатынас орнатуға, диагностика жасауға үйрету. Сан түрлі суицид проблемасының теориялық аспектілері, суицидтің пайда болу факторлары қаралады, өмірлік қиын жағдайда қалған жасөспірімдерге дер кезінде психологиялық көмек көрсету мәселелері, мектеп оқушылары арасындағы суицидтік мінез-құлықтардың алдын алуға мектептің әлеуметтік-психологиялық қызметінің рөлі талқыланады. Топ ішінде жүргізілетін психологиялық ойындар, психологиялық техникалар, түрлі тест үлгілері ұсынылады.

1 Ағымдағы жағдайды талдау және халықаралық тәжірибе

Қатігездікпен қарау: зерттеу амалдары, детерминанттары (анықтаушы), сыртқы белгілері.

Қатігездікпен қарау проблемасын жүйелі түрде зерттеу, Американың Педиатрия Академиясының үнемі өткізілетін жиынында «battered child syndrome» (ұрып соғылған баланың синдромы) сипатталған 1961 жылы басталды. Сол уақытта АҚШ-та бірінші рет балаларға зорлық-зомбылықтың тарауы туралы статистикалық мәліметтері жарияланды.

Заманауи американдық заңнама кәмелетке толмағандарға қатігездік көрсетілуі жазатайым оқиға немесе сексуалды қанау, немесе 18 жасқа дейінгі баланың ауыр түрде физикалық деңгейде қараусыз қалғандығы ауыр физикалық немесе психологиялық зақым ретінде түсіндіруге келмейтін болуы мүмкін екендігін, егер жарақат болса, зорлық немесе қараусыздық болса ата-ана немесе балаға қамқорлық көрсететін адамның тарапынан немесе сол үйде баламен бірге тұрған жаннан болған әрекет екендігін анықтайды.

Ғалымдардың зерттеулері бойынша (1997) қиянат және қатігездік көрсетілу түсінігі баланың 18 жасқа дейін, ата-ана немесе басқа қамқор, заңды жауапкершіліктегі бар адамдарға таралады:

- балаға елеулі физикалық зақым келтіреді ме немесе қиянат жасауға ерік береді ме;
- балаға елеулі зақым келтіруді туындатады ма немесе қиянат жасауға барынша нартәуекелділікпен ерік береді ме;
- балаға қатысты сексуальды қиянат жасайды немесе сондай әрекетке ерік береді.

Кеңестік дәуірде кәмелетке толмағандарға қиянат жасалғаны туралы мәлімет ұзақ уақыт бойы қылмыстық зерттеу пәні болып келді және маскүнемділік, нашақорлық, ата-аналарының бейәлеуметтік өмір сүру салтымен, тұрмыстың нашарлығымен байланыстырылды.

Қазіргі таңда мамандар балаларға қиянат пен оларды төменсітудің негізгі түрлерін анықтауда:

- физикалық күш көрсету;
- сексуальды зорлық немесе азғындық;
- психологиялық (эмоционалды) зорлық;
- баланың негізгі қажеттіліктеріне шектеулік қою, төмендету (моральді қатігездік).

Физикалық зорлық – 18 жасқа дейін балаға кездейсоқ емес кез келген зиян келтіру. Физикалық зорлық нәтижесінде баланың денсаулығына физикалық немесе ақыл-ой бұзылысына немесе зияны тиетін қауіпте болуына ата-ана немесе басқа да ересек адам тарапынан әрекет немесе әрекеттің жоқтығы ретінде де айтылып жүр. Физикалық зорлыққа жататындар: денеге жарақат түсіру арқылы жазалау, шапалақтау, тебу, тырналау, күйдіру, қылқындыру, дөрекі түрде ұстап алу, итеріп жіберу, таяқпен, белбеумен, пышақпен соққы, т.б.

Есею кезеңінде, жеткіншектік жаста өзінің отбасында физикалық зорлық-зомбылыққа душар болған адам, қоршаған ортамен мейірімсіз, қатал болуы

мүмкін. Бұндай құрбан есейген уақыттағы маңызды белгісі проблемаларды шешуге қабілетінің болмауы, көмекті айналасындағы адамдардан іздеуі болып келеді. Бала өз ата-анасынан көмек ала алмаса өсе келе адамдармен арадағы қарым-қатынас пен олардан көмекке деген сенімін кетіріп алуы да мүмкін [2].

Сексуальді зорлық-зомбылық - баланы немесе жеткіншекті басқа адамның өзінің сексуальды қанағаттандыруға пайдалануы. Бұнда бала мен одан әжептәуір үлкен ересек адамның арасындағы кез келген байланыс немесе өзара әрекетте бала ынталанады немесе сексуалды ынталандыру үшін пайдаланады.

Психологиялық зорлыққа жататындар:

- баланы кінәлау (балағат, айқай);
- баланың жеңісін кемсітушілік, оның намысына тиіп, төмендету;
- баланы шеттету;
- ата-ана тарапынан баланы сүйіспеншіліктен, айналасынан, қамқорлықтан және қауіпсіздіктен айыру;
- жалғыздыққа итермелеу;
- баланың көзінше жұбайына немесе басқа баласына қатысты зорлық көрсету;
- баланы ұрлау;
- баланы қорқыту мақсатында үй жануарларын ұрып-соғу;
- экономикалық зорлық.

Менсінбеушілік, кемсіту - 18 жасқа толмаған баланы тамақтан, киімнен, тұратын жеріне, медициналық күтімнен, білім алудан, қорғаудан және бақылаудан, яғни негізгі қажеттіліктерімен қамтамасыз етуден ата-ананың созылмалы түрде қабілетінің болмауы.

Қағида бойынша, психологтар тәжірибесінде қатаң қатынастың неше алуан жанама вариантының ауыр түрлерін кездестіруге тура келеді. Балалар мекемесі немесе дағдарыс орталықтарында жұмыс істейтін психолог баламен қатаң қарау қатігездік белгілерінің сырт пішініндегі (соның ішінде физикалық) іздерінің ең алғашқы ересек куәгері болып келеді.

Кәмелетке толмағандарға әртүрлі формадағы қатаң қатігездікпен қараған белгілерінің қысқаша тізімінің сипаттамасы:

Физикалық зорлық	Сексуальді зорлық	Психологиялық (эмоционалды) зорлық	Баланың негізгі қажеттіліктерінен шектеу
Жарақаттың шығу туралы жалған немесе қарама-қайшылықты ақпараттар жарақат бойынша дәрігерге кешігіп келу дәрігер-травматологқа қайта келу ата-ана тарапынан ауызша жәбір көрсету қаупі баланың жоғары дәрежедегі агрессиясы әлеуметтік мінез-құлқының бұзылысы, оқшаулану, достарының жоқтығы ата-анасының алдында баланың қорқынышы	Ұйқының бұзылысы Энурез Сабак үлгерімінің нашарлығы Түсіндіруге келмейтін қорқынышы Сексуалды реңдегі тілде сөйлеуі және ойындары Мастурбацияның жиілеуі Мінез-құқындағы ауытқушылығы Әлеуметтік мінезінің кенеттен өзгерісі Өзіндік бағаның төмендеуі Суицидпен қорқыту немесе талпыныс, әрекет Анаша немесе ішімдік қолдану	Жүйкелік тарту (тик), энурез Ұзақ уақыт бойы арып-ашып жүру, ұйқының бұзылысы Агрессиялылық Оңашалануға бейімділігі, тұйықтық Таңғажайып қылықтар шығару Мектептегі үлгерімінің төмендігі Өзіндік бағасының төмендігі Тәбетінің жоқтығы Суицидпен қорқыту немесе талпыныс, әрекет Шектен тыс көңгіштік, жағымпаздық, жарамсақтанғыш әрекеттері	Үнемі аш және (немесе) шөліркеу Өзіне назар аудартуға талпыныс Жабырқаңқы көңіл, пассивтілік Агрессивтілік Делинквентті мінез Регресті әрекет Мектептегі үлгерімінің төмендігі Өзіндік бағасының төмендігі Білімнің жетіспеушілігі

ДДСҰ деректері бойынша әлемде жыл сайын жасөспірімдердің 10%-ы өздерін зақымдайды, соның 67 мыңға жуығы көз жұмады. Жасөспірім қыздар мен ұлдар көз жұмуының себептері арасында суицид әрдайым басты орындардың бірінде. Жасөспірімдердің психикалық денсаулығындағы мәселелерді тудырушы фактор ретінде депрессия, мазасыздық, мінез-құлық мәселелері мен өз-өзіне зақым келтіру жатады [1].

Дүниежүзі бойынша соңғы жылдары жасөспірімдердің ғана емес, жалпы жастардың психикалық денсаулығы мәселелеріне баса назар аударылып келеді. Мамандардың айтуынша жастарға уақытылы көмек көрсету үшін мемлекет, қоғамдық ұйымдар мен бизнес тарапынан арнайы шаралар қажет. Дамыған елдердегі сияқты, дамушы елдерде де жастар психикалық денсаулық мәселелеріне ұшырауда. Мысалы, табысы жоғары елдерде 11-15 жас аралығындағы балалардың төрттен бірі күніне 2 не одан да көп рет мынадай психологиялық белгілерді сезеді: әлсіреу, ашушандық, күйгелектену немесе ұйқының болмауы. Оларға уақытылы көмек көрсетілмесе, психикалық денсаулық мәселесі одан бетер асқынып, өмір сүру сапасының төмендеуі мен суицидтік мінез-құлыққа әкелуі мүмкін.

Қазақстан үкіметі суицидті қоғамдық денсаулықтың маңызды мәселесі ретінде мойындап, жағдайды тыңғылықты зерттеу, ЮНИСЕФ-ті тарта отырып арнайы бағдарламалар әзірлеу, халықаралық мамандарды, үкіметтік емес ұйымдар мен білім беру және психикалық денсаулық саласындағы жергілікті

мамандарды тарту секілді шараларды іске асырып келеді. Бірлескен жұмыс нәтижесінде кәмелетке толмаған жастар арасында суицидтің алдын алуы бойынша пилоттық жоба әзірленіп, іске асырылды. Осының негізінде жасөспірімдер арасында психикалық денсаулық пен өмірлік дағдыларды қалыптастыру, суицидтің алдын алу бағдарламасы жасалып, Қазақстан Республикасының бірнеше облыстарында енгізілді.

Жалпы психологиялық көмек алған жасөспірімдер қорқыныш, стресс пен көңілсіздік деңгейі төмендегенін хабарлайды. Маманға жүгінген 12 айдан кейін сауалнамаға қатысқан, суицид туралы ойлап жүрген жастардың 80%-ы ол туралы ойлауды доғарғанын атап көрсеткен.

Тарихқа терең бойлай отырып, біз адамдардың іс-әрекеттерінің іздерін байқаймыз, бұл іс-әрекеттері қазіргі қоғамдық ғылым тілінде девиантты мінез-құлық деп аталады өзін-өзі өлтіру, нашақорлық, басқаларға агрессивті әрекет, қылмыстық.

Негізге алынатын факт ретінде, біз девиантты мінез-құлық - бұл жүйелі немесе көпжақты анықтаушы полидетерминтті құбылыс. Аталған құбылыс пайда болғанда тарихи, макроәлеуметтік, әлеуметтік-психологиялық және жеке тұлғалық факторлар бірлесе әрекет етеді. Сондықтан да девиантты құбылыстардың себептерінің жиынтығын зерттеу пәнаралық ғылыми міндетті қамтиды. Ғылыми пәндер салаларының ешқайсысында да осы құбылыстарды түсіндіруге және олардың қоғамдық әрекеттерінің алдын алу шараларын даярлауға қажетті барлық ұғымдық құралдар жоқ. Тек қана жалпыға танымал ғылымдар тобы: әлеуметтану, психология, тарих, этнография, құқықтану, педагогика, психиатрия, генетика және т.б. девиантты құбылыстардың барлық «өлшемдерін» тұтас талдай және алынған мағлұматтарды ұйымдастыра алады. Осының барысында психология тұлға деңгейінде девиантты мінез-құлықтың нақты генезисін де «предевиантты синдромды» сипаттай отырып, қоғамдық санкциялардың басты амал-тәсілдерін де, соның ішінде емдеу мен ресоциализацияны да анықтап түсіндіреді. Девиация ауытқушылық көпшілік мақұлдаған нормалар мен белгіленген стандарттардан моральдық, әлеуметтік, заңдық ауытқыған мінез-құлық деп есептеледі. Психологияда адамның белсенділік деңгейін көрсету үшін іс-әрекет, қарым-қатынас, таным секілді ұғымдармен қатар «мінез-құлық» термині кең қолданылады. Кез келген мінез-құлыққа баға беру әрдайым қандай да бір нормамен салыстыруды қажет етеді. Алайда, өкінішке орай, барлық мүшелері жалпы нормативті талаптарға сай әрекет ететін қоғам жоқ.

Әлеуметтануда ауытқыған мінез-құлықтың пайда болуының себептерін түсіндіретін бірнеше бағытты бөліп көрсетеді. Н.Смелзер: «девиантты мінез-құлық деп қоғамда қалыптасқан нормалар мен типтерге сай келмейтін іс-әрекеттерді түсіну қажет» деп жазған. Кейбір зерттеушілер аталмыш ұғымды анықтауда қосымша, дәлірек анықтайтын белгілерді енгізуді ұсынады. Сонымен, Роберт Мертон «Әлеуметтік құрылым және аномия» атты еңбегінде мінез-құлықта ауытқулардың пайда болуының себептері қоғам ұсынған мақсаттар мен оларға қол жеткізу құралдарының арасындағы келіспеушілік деп есептейді, басқаша айтқанда, адамдар аномия күйіне әртүрлі жолдармен

бейімделеді: конформизммен немесе мінез-құлықтағы ауытқулардың әр алуан түрлерімен [20].

XX ғасырдың басында бихевиористтер мінез-құлық - психологиялық ғылым пәні деп жариялағаннан кейін, адамның мінез-құқы туралы ғылыми түсініктер кең тарала бастады. Мінез-құлық психологиясының негізін салушылардың бірі Джон Уотсон мінез-құлық туралы мынандай пікір айтқан: «мінез-құлық - жұмыртқаның ұрықтануы кезінде пайда болатын және ағзаның дамыған сайын күрделенетін үздіксіз белсенділік ағыны» [19].

Тұлғаның мінез-құлқын зерттейтін бұл пәнаралық саланың қазіргі күйі ынтымақтастық емес, қарама-қарсыластық сияқты көрінеді. Бүгінгі таңда кең тараған әрекеттің бірі девиантты мінез-құлық психологиясы мен психопатологиясының қарама-қарсылығы болып табылады, яғни сау және ауру психикалық іс-әрекет мәселелерін шектеу, оларды бір-бірінен ажыратып қарастыру. Девиантты мінез-құлықтың айқын мысалы - есірткі заттардың қолданылуы. Оның психологиялық мәселесі есірткіге психологиялық тәуелділік және медициналық наркотикті теріс пайдалану, физикалық тәуелділік - нашақорлық. В.Д. Менделевичтің бұл күрделі мәселені ғылыми тұрғыдан қарастыруы өзекті әрі қызықты. Әртүрлі көзқарастардың біржақты, тайыз кәсібилігін ескере отырып, ғалым «девиантты мінез-құлық психологиясының» ғылым жүйесінде алатын орны туралы өзінің көзқарасын ұсынады.

Психиатрия ↔ мінез-құлық ↔ клиникалық ↔ психология. Бұл схема девиация түріндегі бір мінез-құлықтық құбылысты мамандардың психопатиялық симптом ретінде де, психологиялық құбылыс ретінде де түсіндіретіндіктерін көрсетеді.

В.Д.Менделевичтің пікірінше, «нормадан ауытқыған кез келген мінез-құлық стереотипін девиантты деп белгілеу анағұрлым адекватты болып табылады».

Автор қалыпты және гармониялық мінез-құлық құрамын бөліп көрсетеді: психикалық үрдістердің теңгерілуі темперамент қасиеті, икемділік және өзін-өзі актуальдендіру мінез-құлық ерекшеліктері, имандылық, жауапкершілік, ұяттылық жеке тұлға деңгейінде. Норма да, ауытқушылық та жеке тұлғаның осы аталған үш элементіне негізделеді. Өз көзқарастарының басты ой желісін ескере отырып, В.Д. Менделевич кітабында мынандай анықтама береді:

Адамның девиантты мінез-құқы қоғамда қабылданған нормаларға қарсы келетін және психикалық үрдістердің теңсіздігінде, бейімсіздікте, өзін-өзі актуальдендіру үрдісінің бұзылуы кезінде және өзінің мінез-құқына эстетикалық және өнегелі қадағалаудан ауытқу кезінде пайда болатын қылық жүйесі немесе жеке қылық болып табылады».

Қазіргі кезде девиантты мінез-құлықты зерттеу екі бағытта қарастырылады: біріншісі - психикалық денсаулық нормасынан ауытқыған мінез-құлық ретінде жүйке аурулары, психосоматикалық бұзылулар, патологиялық күй және т.б.; екіншісі - «әлеуметтендіру - дезадаптация - оқшаулау» құқықтық, мәдени және әлеуметтік нормаларды бұзуымен байланысты әлеуметтікке қарсы мінез-құлық. Девиацияның ең айқын көрінісіне делинквентті құқыққа қарсы және криминалды қылмыстық мінез-

құлық жатады. Психологиялық сөздікте девиантты мінез-құлық «адамның белгілі бір қоғамда бекітілген немесе қалыптасқан нормалар мен үміттерге сай келмейтін іс-әрекеті, қылығы» деген мағынада берілген.

Дамуында кемшіліктері мен мінез-құқында ауытқулары бар кәмелетке толмаған балалармен жүргізілетін тәрбиелік - алдын алу және түзету-реабилитациялық жұмыс осы уақытқа дейін оқыту үрдісін баланың жеке тұлғасын «қайта шыңдауға», «қайта жасауға» бағыттайтын қайта тәрбиелеу педагогикасына негізделген әкімшілік- жазалау тұжырымына сүйеніп жүзеге асырылды. Сонымен қатар, шетел мемлекеттерінің арнайы тәрбиелеу мекемелерінің тәжірибесі, Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесінің өзгеруі, мақсатты бағытталған психологиялық және педагогикалық зерттеулердің нәтижелері ерекше педагогикалық назар аударуды талап ететін балалар мен жас өспірімдермен алдын алу жұмыстарында бұл бағыттың келешегі жоқ екендігін көрсетті. Кәмелетке толмаған балалардың девиантты мінез-құқының алдын алу мен психологиялық және педагогикалық түзетудің жалпы білім беретін мектепте педагогикалық үрдісті ізгіліктендіру мен дарашылдандыру (гуманизациялау мен индивидуализациялау қағидаларына сүйенетін тиімді және нәтижелі жолдарын қолдану қажеттілігі туындады. Әкімшілік және ресми түрде жарияланатын тұжырымның орнына мінез-құлық пен дамуында ауытқулығы бар балалар және жасөспірімдермен жүргізілетін тәрбиелеу жұмысының күзету-қорғау парадигмасы ювеналды психология қолданылуы тиіс. Аталған бағыттағы басты әрекеттер бейімделу, орнын толтыру, ақтау, түзету болып табылады. Алайда алдын алу психологиясы мен түзету педагогикасы дефектологиямен салыстырғанда қалыптасу сатысында тұр. Балаларды «норма-ауытқушылық» аясында зерттейтін ізденіс жұмыстары пайда болды мысалы, мінезге баса назар аудару, қауіпті топ балалары және т.б.

Сондықтан да мінез-құлық пен дамудағы ауытқушылықтармен жүргізілетін түзету психологиялық және педагогикалық жұмыстардың болмысы мен табиғатын анықтау үшін арнайы білім беру мекемелерінің ғылыми жаңалықтарына, алдын алу психологиясы мен арнайы педагогика салаларындағы ғылыми зерттеулерге баса назар аудару қажет.

Ішкі істер органдарының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторларының қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 1098 бұйрығы, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 29 қаңтарда № 12953 болып тіркелген ресми құжатпен танысып, қажетті ақпараттарды алуға болады.

2 Кәмелетке толмағандар арасында зорлық-зомбылық, қатыгез қарым-қатынас, аутодеструктивті, оның ішінде суицидтік және девиантты мінез-құлық жағдайында жедел әрекет ету топтарының қызметі туралы ереже

Жалпы Ереже

Осы Ереже білім алушылар, ата-аналар, педагог қызметкерлерге дағдарысты кездерде және дискриминация, зорлық, экстремизм идеологияларының әртүрлі формалары мен түрлері көрініс алған уақытында кеңес беру және жедел кешенді көмек (психологиялық-педагогикалық, дәрігерлік-әлеуметтік, әлеуметтік-педагогикалық, әдістемелік) беруде мобилді (жасақталған) топтың қызметін анықтайды және реттейді.

1. *Шұғыл кешенді көмек* – бұл білім алушылар, ата-аналар, педагогтарға, өмірлік қиын жағдайларға туындаған уақытта, өзекті психологиялық статусы мен әлеуметтік қайта бейімделуді реттеуге бағытталған қысқа мерзімді медициналық, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік, заңгерлік және әдістемелік іс-шаралар жүйесі.

2. *Жедел әрекет етудегі мобилді топ* (мобилді топ) – жедел кешенді көмек көрсету үшін білікті профильді мамандардың ерікті кәсіби бірлестігі.

3. *Мобилді топтың құрамы* білім беру жүйесіндегі ұйымдарда жұмыс жасаушы, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау (ППМС-көмек, психологиялық-педагогикалық, валеологиялық орталықтар, дағдарыстан көмек орталықтары, т.б.) мекемелеріде қызметтегі психологиялық-педагогикалық, медициналық-әлеуметтік, әлеуметтік-педагогикалық профильдегі (психологтар, клиникалық психологтар, психиатрлар, психотерапевтер, педагог-психологтар, әлеуметтік педагогтар, әлеуметтік қызметкерлер, медиаторлар, инспекторлары) мамандардан құралады.

4. Мобилді топтың *ведомствоаралық өзараәрекет және оперативті әрекет ету реттігі* білім алушыларға, ата-аналарға, педагогикалық қызметкерлерге жедел кешенді көмек көрсету үшін жұмылдырылған, әлеуметтік сала ұйым жүйесіндегі профильді мамандар әрекетінің келісушілігі мен алгоритмін анықтайды.

5. *Атаулы жедел көмек көрсету барысында алғашқы назар* дағдарысты кезеңнен, өмірлік қиын ситуация салдарынан тіршілік сарыны бұзылған болған (ата-анасының қамқорлығына айырылған, дүлей апаттан, катастрофадан, қарулы және ұлтаралық қақтығыстардан зардап шеккен балаларға; босқындар мен көшуге мәжбүр болғандар; зорлық-зомбылық құрбаны болған балаларға; болған оқиғаға байланысты тіршілік нысаны бұзылыста және сол жағдайды өз бетінше және отбасымен шеше алмаған жағдайда қалған балаларға) балаға (18-ге дейінгі) кешенді көмек, оның ішінде психологиялық жәрдем көрсетілуі тиіс.

Мобилді топ қызметінің мақсаты мен міндеттері

Мобилді топтың мақсаты болып, білім алушыларға, ата-аналарға, педагог қызметкерлерге, тұлғалық функционалық жағдайын қайта орнына келтіру және проблеманы меңгере алу үшін ресурс іздеу бойынша, жедел, дағдарысты, даудамайлы, өмірлік қиын жағдайда шұғыл шешім қабылдауда араласу (соның ішінде дискриминация, зорлық, экстремизм) және психологиялық-

педагогикалық, әлеуметтік-педагогикалық, медициналық-әлеуметтік, әдістемелік сипаттағы жедел кешенді көмек көрсету болып табылады.

Мобильді топ қызметінің міндеті білім беру ұйымдарында дағдарысты ситуациялардың болған жағдайында кешенді жедел психологиялық көмекті ұйымдастыру мен көрсету ретін келісу болып табылады.

Жедел кешенді көмек критерийлері мен принциптері

1. *Психологиялық критерий.* Дағдарысты жағдайдан немесе психожарақат келтірген оқиғадан соң, тұлғаны дезадаптацияға келтіруші, оның функционалды күйін, мақсатты тұжырымдау және бақылау процестерін, шешім қабылдау мүмкіндігін, эмоционалды жағдайын реттеуді бұзушы психикалық қызметіндегі өзгерістер пайда болғанда жедел психологиялық көмек көрсетіледі.

2. *Медициналық критерий.* Дағдарысты жағдай немесе психожарақатты оқиға нәтижесінде, ақыл-есі мен қабілеттілігіне шектеу деңгейіндегі психикалық қызметіне нұқсан келтіруші, физикалық және психикалық саулығымен байланысты жарақаттар болған кезде жедел медициналық (психиатриялық және психотерапевтік) көмек көрсетіледі.

3. *Педагогикалық критерий.* Дағдарысты жағдай немесе психожарақатты оқиға, білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық өзара әрекеттің ерекше ұйымдастырылумен байланысқан салдары бар немесе білім беру саласында психологиялық-педагогикалық факторлардың жағымсыз әсеріне негізделген болса, жедел педагогикалық көмек көрсетіледі.

4. *Әлеуметтік критерий.* Дағдарысты жағдай немесе психожарақатты оқиғаның себебі немесе салдары әлеуметтік-қауіпті жағдаймен, өмірлік қиын ситуациямен, әлеуметтік ортаның жағымсыз әсерімен негізделген болған жағдайда жедел әлеуметтік-педагогикалық көмек көрсетіледі.

5. *Әдістемелік критерий.* Дағдарысты жағдай немесе психожарақатты оқиғаның салдарында білім беру процесіндегі қатысушылар үшін профилактика және пропедевтикаға міндетті шара болған жағдайда жедел әдістемелік көмек көрсетіледі.

6. *Уақытша критерий.* Жедел көмек жарақатты оқиғаға максимальді түрде жақындаған кезде көрсетіледі, бір реттік және алғашқы көмек ретінде, сонымен бірге жүйелі жүргізіліп тұратын созылмалы күйде де көрсетілуі мүмкін. Кей жағдайда психологиялық-педагогикалық көмек ұзартылған болады және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің кешенді шаралармен толықтырылады.

7. *Мамандандыру критерийі.* Жедел көмек шұғыл жағдай мен зардап шегушінің ахуалына байланысты мамандандырылған психологиялық, медициналық-әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық, психотерапиялық және психиатриялық көмектің сипатын береді.

8. *Жедел кешенді көмек көрсету принциптері.*

- 1) шұғылдық;
- 2) бұзылыс (патогенетикалық принцип) дамуының әрі қарай дамуын алдын ала білу;

- 3) мамандандырылған көмектің ұзартылуы;
- 4) кезеңділік және сабақтастық;
- 5) ведомстволық құзіреттілік және ведомствоаралық үйлестірушілік;
- 6) пайдалылық;
- 7) аумақтылық;
- 8) хабарландырудың кезектілігі;
- 9) жағымсыз салдардың ескертілуі;
- 10) атаулы сипат (әлеуметтік жас ерекшеліктері қалпы мен кәсіби тиесілілікті есепке алғанда).

3. Мобильді топты қалыптастыру және жұмыс жасау әдісінің реті

1. Мобильді топтағы мамандар саны шұғыл түрде бір уақытта араластыруды талап ететін, жағдаят пен мүмкін болатын реакцияны есепке ала отырып анықталады.
2. Көмек көрсетуге әртүрлі мамандардың қатысу кезектігі жағдаяттағы зардап шеккендердің шалдығу дәрежесі мен сипатын есепке ала отырып бекітіледі.
3. Мобильді топтағы мамандар профилі жедел көмек көрсетудің кешенді сипатын қамтамасыз ету керек, қажетті және қайта жаңғырту (репрезентативті) мамандар құрамын енгізуі керек.
4. Мобильді топтың оперативті құрамы психологиялық, психологиялық-педагогикалық, медициналық-психологиялық, медициналы- әлеуметтік орталықтар және білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау қызметі жүйесіндегі мамандарынан мобильді топ үшін кадрлық резерві тізімінен қалыптастырылады.
5. Мобильді топ үшін кадр резерві профильді мамандардың кең диапазонын енгізу керек (психиатр, клиникалық/медициналық психолог, психотерапевт, психолог, педагог-психолог, әлеуметтік педагог, әлеуметтік қызметкер, медиатор). Кадр резерв құрамы тұрғылықты орталықтар мен қызметтердің кандидатураларын ұсыну негізінде қалыптасады және жергілікті психологиялық қызметтің Экспертті Кеңесімен бекітіледі.
6. Мобильді топтың оперативті құрамына қажет болған жағдайда келісім бойынша қатыстырылады: әдіскерлер, заңгерлер, емдеу-профилактикалық мекемелерінің мамандары, өзін-өзі басқаруда жергілікті жердегі органдар қызметкерлері, ішкі істер органдары, қоғамдық бірлестік өкілдері, басқа да әлеуметтік партнерлер.
7. Білім беретін ұйымдарда шұғыл жағдаят туындаған уақытта мобильді топтың оперативті құрамына білім беру ұйымдарының мамандары да енгізіледі (педагог-психолог, әлеуметтік педагог, мектеп директорының оқу-тәрбие жөніндегі орынбасары).
8. Мобильді топ мамандарының жұмыс жасау әдісі кәсіби стандарттармен регламенттеледі және кәсіби қызмет түрімен анықталады (психоконсультация, психотерапия, психодиагностика, психокоррекция, т.б.). Жедел көмек барысында жұмыс жасау әдісі басқару мен ақпараттандырудан, психологиялық қатысу (интервенция), дағдарысты араласу, психикалық реттеу мен өзін-өзі реттеуден, т.б. тұрады. Жекелік және топтық жұмыстың әдісі мен технологиясы, нақты шұғыл жағдаяттарда айтулы жағдаятқа сәйкес мобильді

топтың мамандарымен анықталады.

4. Мобильді топтың регламенті мен қызметтік (лауазымды) функционалы

1. Мобильді топтың *оперативті құрамы* шұғыл көмекке хабарлау мен тіркеу жүйесі арқылы қызметтің түрлері мен көлемінде айқындалған қажеттіліктер негізінде қалыптасады.

2. Жедел жағдаят туралы хабарлар нәтижесі бойынша жедел көмек сұранымына тіркелу *Мобильді топтың кураторы* арқылы жасалынады (Жергілікті жердің (қала, село, т.б) білім беру Басқармасының маманы).

3. Мобильді топтың сұраным арқылы шақыруға шығуы туралы ақпарат шұғыл әрекет ету *Мобильді тобының басшысына* тікелей хабар беріледі.

4. Шұғыл әрекет ету мобильді тобының басшысын куратор сайлайды.

5. Шұғыл әрекет ету мобильді топ басшысының өкілеттілігіне енеді:

- жағдаяттың оперативті талдауы;
- мобильді топ әрекетінің болжамы мен жоспарлауы;
- мобильді топ оперативті құрамын қалыптастыру;
- топ мүшелері арасында функцияларды бөліп беру;
- жол картасының анықталуы;
- ведомствоаралық өзара әрекеттесуінің реті;
- мобильді тобын жұмыс шартымен қамтамасыз ету;
- топ қызметі функционалын келісуді бақылау;
- кураторға атқарылған жұмыстар туралы есеп беру;
- мобильді топ мамандарына кері байланыс.

5. Мобильді топ қызметінің процедурасы: кезеңдері мен жұмыс бағыты

1. *Мобильді топ жұмысының процедурасы келесі кезеңдерден тұрады:*

а) Шұғыл, дағдарысты жағдаят туралы ақпараттарды алдын ала дайындау: зардап шеккендер мен олардың орналасқан орны туралы, қандай мамандар бар және олардың жұмыс жасау кестесі, зардап шеккендерге кешенді көмек ұйымдастырушы қызметтің әрекеті;

ә) ведомствоаралық байланысты бекіту: тұрғындарға кешенді көмек көрсететін ұйымдар және ведомстволармен байланыс орнату, әрекеттерді жоспарлау, функцияларын бөлу, ведомствоаралық өзараәрекеттің кестесі мен ретін анықтау;

б) атаулы жедел көмек (қауіпті топ) контингентін айқындау және әр зардап шегушімен (адресат) байланыс орнату: медициналық, әлеуметтік, психологиялық және басқа да көмектің түрлеріне зәру адамдардың қажеттіліктерінің бағасын бері, ситуацияның күрделілігі туралы ақпараттарды нақтылау және талдап тексеру, зардап шеккендердің жағдайлары мен санын есептеу, оларға көрсетілген әртүрлі көмекте қабылданған іс-шаралары туралы ақпараттар, жедел көмек көрсетілген орынды анықтау.

в) жедел көмекті тікелей көрсету: профильді мамандардың жол картасына сәйкес жұмысы, ведомствоаралық өзараәрекет аясында мамандар қызметін үйлестіру, шұғыл жағдаят салдарын бағалау бойынша қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді болжам, шұғыл жағдаятты әрі қарай қолдау жасау мүмкіндіктерін жоспарлау.

2. Мобильді топ жұмысының процедурасына мына бағыттар жатады:

- көмекке шығу тралы шешім қабылдау,
- топтың оперативті құрамын қалыптастыру,
- жол картасын бекіту,
- мамандар жұмысының кестесін үйлестіру,
- атаулы кешенді шұғыл көмек көрсету,
- психожарақаттаушы фактордың тікелей және жанама әсер етуін талдау,
- оның салдарын бағалау,
- мерзімі ұзарып кеткен стресстік реакцияны болжамдау,
- зардап шеккендер және оның айналасындағылармен жұмыстың әрі қарайғы стратегиясы мен тәсілдерін анықтау,
- жедел жәрдем көрсеткеннен соңғы шұғыл жағдайды қолдау бойынша мамандарды іздеу және ақпараттандыру.

6. *Мобильді топтың жұмыс құжаттары*

Мобильді топ қызметінің ілесіп құжаттама тізбесі:

- шұғыл жағдаяттарды тіркеу журналы;
- Мобильді топты жедел шақыруға сұраным;
- шұғыл жағдаятты басқару хаттамасы;
- жағдаятты диагностика бойынша қорытындылау және оның салдарын бағалау;
- шұғыл жағдаятты қолдауда нұсқаулық;
- Мобильді топ басшысының есебі.

7. *Қамтамасыз етуді ұйымдастыру және кәсіптік жасапкершілік*


7. Мобильді топтың қызметін жүзеге асыруда басшы ынталы және келісім-шарт негізінде сарапшы ретінде біржақты мамандарды тартуына құқығы бар;

а) Мобильді топтың қызметін қамтамасыз етуде *материалды-техникалық базаны комплектациялау*, жедел жәрдем беруші мамандардың керекті қажеттіліктері мен ресурстарына сәйкес келгені жөн.

ә) Мобильді топ *мамандарының кәсіби деңгейі* қиын, дағдарысты, шұғыл және төтенше жағдайларға тап болғандарға көмек беруде мамандардың кәсіби-білікті талаптарына сәйкес келгені дұрыс.

а) Кәмелетке толмағандар арасында зорлық-зомбылық, қатыгездік қарым-қатынас, аутодеструктивті, оның ішінде суицидтік және девиантты мінез-құлық жағдайлары анықталған кезде органдар мен ұйымдардың, пәнаралық қызметтің бастапқы өзара іс-қимыл жасау тәртібі

Бүкіл әлем бойынша балаларды зорлық-зомбылықтан қорғаудың ең тиімді жүйелері зорлық-зомбылықтан зардап шеккен балаларға күтім жасауды ұйымдастырудың ортақ үлгісін ұстанады. Әдетте, бұл модель пәнаралық көзқарасқа негізделген. Мұндай модельдің жалпы құрылымы суретте көрсетілген.



Зорлық-зомбылық құрбаны болған балаларға көмек көрсетудің мобильді топ жұмысының жалпы сипаттамасы

Маман (мұғалім, тәрбиеші, дәрігер, мектеп психологы, инспектор, т.б.), кез келген жағдай туралы түрлі органдарға – сенім телефондарына, полицияға, оның тікелей басшысына және т.б. хабарламаларды қабылдаудың бірыңғай орталығы және мамандардың іс-әрекетінің бекітілген тәртібі болмаған жағдайда не болып жатқаны туралы кейбір ақпарат жоғалуы мүмкін. Сондықтан зорлық-зомбылық туралы хабарламаларды қабылдайтын ортақ, бірыңғай орталық құрған жөн. Мұндай орталық отбасылар мен балаларға әлеуметтік көмек көрсететін орталық болуы мүмкін.

Әрбір отбасы мен бала күтімі орталығында балаларға зорлық-зомбылық жасау және зорлық-зомбылық көрсету бойынша мамандардан тұратын көп салалы команда болады. Мұндай жасақ зорлық-зомбылық пен зорлық-зомбылықтан зардап шеккен балаларға көмек көрсету үшін орган мен ұйымдардың қызметкерлерінен топ құру туралы бұйрығы негізінде құрылады

және органдар мен ұйымның қызметі туралы ереженің (ереженің) негізінде жұмыс істейді.

Зорлық-зомбылық пен қиянаттан зардап шеккен балаларға көмектесу үшін тәртіптік команда болуы керек.

Зорлық-зомбылық пен қиянат көрген балаларға көмек көрсету жөніндегі пәнаралық мобильді топ зардап шеккен кәмелетке толмаған балаға және оның әлеуметтік ортасына көмек көрсетудің жеке бағдарламасын әзірлеу үшін алқалы, үйлестіруші орган болып табылады.

Жағдаяттың типіне байланысты мобильді топ құрамы:

- педагог-психолог,
- дәрігер,
- әлеуметтік педагог,
- тәрбиеші,
- заңгер,
- мейірбике,
- инспектор, т.б.

Отбасында қиын жағдай туындаған жағдайда, кәмелетке толмаған баланың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін болса (баланың құқықтарының бұзылуы, зорлық-зомбылық пен дағдарысты жағдайлары және т.б.

Мобильді топтың кез келген мүшесі зорлық-зомбылық туралы хабарлама ала алады. Бұл мамандар балаға қатысты зорлық-зомбылық мінез-құлық көрсеткіштерін анықтау, балаларға зорлық-зомбылық көрсету және қатыгездік көрсету жағдайларын қабылдау және басқару, өмірлік қиын жағдайдағы баламен сұхбат жүргізу бойынша арнайы дайындықтан өтеді.

Іс баяндалып, мобильді топ маманы зорлық-зомбылық пен қиянат жасау жағдайы туралы бастапқы ақпаратты жинағаннан кейін органдар мен ұйымдардың, пәнаралық топтың отырысы өткізіледі. Пәнаралық топ отырысында істі басқару туралы шешім қабылданады: іс басқарушысы тағайындалады (әдетте, бұл отбасындағы жағдайды жақсы білетін және оған қол жеткізе алатын әлеуметтік қызметкер), баланың нұсқалары отбасында одан әрі болу қарастырылады, жағдайға байланысты балаға медициналық, құқықтық, психологиялық, әлеуметтік көмек көрсету қадамдары және т.б.

Жағдаят менеджері балаға зорлық-зомбылық болған жағдайды толығымен бақылайды және осы балаға зорлық-зомбылық көрсету оқиғасы бойынша құжаттарды жүргізеді.

Зардап шеккен баламен және оның әлеуметтік жағынан жұмысты ұйымдастыру ең тиімді болып келеді, егер аудан немесе қала аумағында отбасы мен балаға көмек көрсету жөніндегі мамандандырылған салааралық орталық және қоршаған орта болған болса. Бұл ретте осы орталықтың аумағында салааралық топ құрылып, істі анықтаудан бастап зорлық-зомбылық ісімен жұмыстың барлық кезеңдері оның аумағында жүзеге асырылады. Бірақ арнайы орталық болмаған жағдайда да, мамандардың іс-әрекетін іс басқарушысы үйлестіретін болса, зорлық-зомбылық көрген балаға органдар мен ұйымдардың мамандарынан құралған мобильді топпен бірігіп пәнаралық көмекті ұйымдастыруға болады. Мобильді топ жұмысының тиімділігінің маңызды

шарттары топ орналасқан мекенде үй-жайлардың, байланыс құралдарының болуы (кем дегенде телефонның болуы) және отбасының тұрғылықты жеріне бару үшін көліктің болуы міндетті.

Зорлық-зомбылық құрбаны болған балаға және оның әлеуметтік ортасына көмек көрсетуді ұйымдастырудың жалпы принциптері [18]

Балаға көрсетілген зорлық-зомбылық баланың өмірінің жағдайын, оның әл-ауқатын, сондай-ақ басқа балалардың өмірі мен әл-ауқатын үнемі бақылауды талап етеді. Осы мақсатта көмекті ұйымдастыру тек психологиялық және психотерапевтік араласулармен шектелмеуі керек. Бала мен отбасының қауіпсіздігіне қауіп пен қажеттіліктерді кезеңді түрде қайта бағалау; балаға (әлеуметтік орта) көрсетілетін қызметтердің деңгейі мен мазмұнының өзгеруін қадағалау; егер бала балалар үйінде, патронаттық отбасында болса немесе стационарда оңалтудан өткен болса, бала отбасына қайтарылған жағдайда жағдайға баға мен болжам жасап отырған дұрыс.

Жауап беру және араласу зорлық-зомбылық оқиғасының ауырлығы мен сипатына байланысты. Неғұрлым жалпы түрде баланың өмірі мен денсаулығына қауіп төнген кездегі төтенше жағдайларды, шұғыл әрекет етуді және мұндай қауіптің жоқтығын ажырату керек.

Егер зорлық-зомбылық жағдайы ауыр болса және баланың өмірі мен денсаулығына қауіп төнсе, зорлық-зомбылық туралы хабарламаға жедел әрекет ету 24 сағат ішінде жүзеге асырылады: осы уақыт ішінде барлық шаралар кешенін жүргізу қажет. Шаралар қолдану және ең алдымен жәбірленушіні жәбірлеушіден оқшаулау.

Іс түріне, зардап шеккен баланың ерекшеліктеріне, оның отбасына және әлеуметтік ортасына байланысты мобильді топ мамандары араласу стратегияларын алқалы түрде шешеді және келісілген әрекет жоспарын жасайды. Осы жоспар негізінде балаға және оның әлеуметтік ортасына тікелей медициналық, психологиялық, педагогикалық, құқықтық және әлеуметтік көмек көрсетіледі. Балаға тұрмыстық зорлық-зомбылық көрсеткен жағдайда жұмыс үш негізгі бағыт бойынша жүргізіледі: жәбірленуші баламен жұмыс; зорлаушымен жұмыс істеу; баланың туыстарымен, ата-аналарымен жұмыс.

Зардап шеккен баламен жұмыс психологиялық жарақаттың негізі симптомдарын емдеуге, стресспен күресу және психикалық функциялар мен жеке тұтастықты қалпына келтіруге бағытталған. Сонымен қатар, қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершілік туралы іс қозғалса, зардап шеккен бала анықтау және тергеу әрекеттерін жүргізуге қатысуы керек. Баламен жұмыс жасауда басты назар осы процедуралар кезінде баланың қайталама жарақаттануын болдырмауға аударылуы керек.

- Балаға көмек көрсетуді ұйымдастыру және араласу әрқашан екі жақты болып табылады: біріншіден, баланың жарақаттану деңгейін төмендету, жағымсыз әсер ету белгілерін азайту қажет; екіншіден, баланың функционалдық және психологиялық белсенділігінің барынша мүмкін деңгейін қалпына келтіру қажет. Ол үшін араласуды ұйымдастыру баланы терең және жан-жақты тексеруден басталады (мысалы, клиникалық сұхбат және бақылаудың басқа әдістерін қолдану). Сауалнама оның соматикалық мәртебесін, баланың

эмоционалдык реттелуінің ерекшеліктері мен деңгейін бағалауға, оның мінез-құлық проблемаларын, оның қарым-қатынас жүйесінің ерекшеліктерін, өмірлік дағдылар мен қабілеттердің деңгейін, мінез-құлық пен әлеуметтік мінез-құлықпен күресудің әзірленген стратегияларын бағалауға бағытталған. реттеу. Әдетте, бұл жұмысты мобильді топта дәрігер мен психолог орындайды.

Баламен тікелей жұмыс жасаумен қатар оның әлеуметтік ортасының ерекшеліктерін бағалау қажет. Ең бірінші сұрақтардың бірі - зардап шеккен баланың отбасында немесе жақын ортасында, әсіресе оның аға-әпкесінде басқа балалар бар ма. Бұл қажеттілік мобильді топтың көзқарасындағы балаға ғана емес, оларға қатысты зорлық-зомбылық жасаудың жоғары ықтималдығымен байланысты. Зерттеулер көрсеткендей, отбасында балаға зорлық-зомбылық жасалса, оның аға-әпкелерінің де қауіп төнеді. Егер қауіп анықталса, көмек үлгісін басқа балаларға да қолдану қажет.

- Интервенцияны ұйымдастырудағы маңызды мәселе зардап шеккен баланың әлеуметтік ортасымен, оның отбасымен жұмыс болып табылады. Баланы психологиялық жарақатын емдеу және оңалту ұзақ уақытты қажет етеді, бұл уақыт ішінде бала тек медициналық мекемеде, әлеуметтік оңалту орталығында ғана емес, сонымен қатар отбасында болады (егер отбасына оралу мүмкін және қауіпсіз болса). Тиімді көмекті ұйымдастыру үшін отбасылық қарым-қатынастар, жағдайлар, әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер емдеу процесі мен нәтижелеріне қалай әсер ететінін, баланың әлеуметтік ортасы оның жағымсыз әсерлерге қарсы тұру ресурстарын қалай нығайта алатынын нақты анықтау керек.

қауіпсіздікпен қамтамасыз етуге, олардың тәжірибесіне мән беруде, құқықтарының қайтадан бекітілуіне, кінәлау пен ұят сезімдерін жеңілдетуге бағытталған. Дағдарысты жағдаяттарда кеңес жүргізу, жекелік кеңес, стационарлы немесе мобильді телефонмен сөйлесу, электронды поштамен, сонымен қоса әртүрлі жерлерде әртүрлі жағдайларда хабарласуларды қоса алғанда кеңінен тараған әдістермен берілуі мүмкін.

Ұзаққа созылған жеке кеңес, психотерапия немесе ұзаққа созылатын қолдау/интервенция бұл бөліммен жабылмайды;

1) негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыру (аштықты, шөлдеуді, ұйқышылдықты);

2) тұрмыстық зорлық-зомбылықты басынан кешірген құрбанды/адамды қорытындыға байланысты оның өзінің жекелік идеясын, күн көріс стратегиясын, ресурстарын айтуды өтінізі. Құрбанмен бірге ситуацияның шешімін табу амалдарын зерделеніз, ақылдасыңыз, талдаңыз;

3) зорлық-зомбылық құрбанының барлық тікелей психологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін психологиялық қолдау ұсыныңыз;

4) зорлық-зомбылықтан зардап шеккен құрбанға балама нұсқасын түсіндіріп ұсыныңыз;

А) қауіпсізденген тұратын жерін;

Ә) жедел медициналық қызметке тез қол жетімділікті;

Б) кез келген жағдайда/варианттарда қызмет көрсететін жерге қайтадан жүгіну;

5) зорлық-зомбылық көрген құрбанмен бірге қорғану туралы кеңес алу мүмкіндігін бірге отырып талқылау, зерделеу;

6) керек болған жағдайда құрбанның өзіне және балаларына қауіпсіздік жоспарын құру үшін көмек көрсету (қауіпсіздік жоспары бөлімін қараңыз);

7) гендерлік зорлық-зомбылыққа ведомствоаралық тез әрекет ету бөлімінен психолог қызметін көрсету;

8) ұзақ мерзімді қауіпсіздік жоспарымен келісіп бірге жасап түсіндіріңіз және алдағы әрекеттер жасауда осындай контактілі ақпаратпен бөлісіңіз.

Зардап шеккендермен дағдарысты кезеңдерінде кеңес жүргізерде маңыздысы:

1) өзін толығырақ қабылдауын қамтамасыздандыру;

2) зорлық-зомбылыққа байланысты жағдайларда әрекет етудің нақты жоспар құруға көмектесу;

3) негізгі проблемаларды анықтауға көмектесу;

4) қолдау жүйесін жұмылдыруға көмектесу;

5) болған оқиғаның қаншалықты қиын да қауіпті екендігін саналауға көмектесу;

6) зардап шеккен адамның жекелік мықты, қуатты жақтарын айқындау және нығайту.

Эмоциялық тез байқалғаннан соң зорлық-зомбылық жағдаятын қалпына келтіретін, мінез-құлықтық паттерн (шаблон) мен механизмдерін зерттеуге бағытталған жұмысқа көшуге біртіндеп көшуге болады. Жұмыстың бұл кезеңінің мақсаты тұлғааралық қарым-қатынас жүйесінің репарациясы

(қалпына келтіру) болып табылады. Жұмыстың бұл кезеңі бір емес бірнеше жылдарға созылуы мүмкін.

Клиенттің айтқандарына назар сала, ойын шоғырландыра отырып, психолог қандай да бір интерпретациясыз фактіні анықтайды. Кеңес жүргізгенде негізгі амал - клиентті мұқият тыңдау, ал кері байланыс «минимальды ынталандыру» техникасымен айқындалуы да мүмкін.

Клиенттің интенсивті ойлау процессіне себепкер үзіліс үлкен мағыналы болып келеді. Бұл кезеңде психолог өзінің ішкі жан дүниесін тыңдағаны абзал, өзінің сезімі мен ойларын бақылағаны, оларды қабылдауды үйреніп және басқара алатындай дәрежеде болғаны дұрыс.

Өзінің меншікті сезімдері мен эмоциясын тежей білуі психологқа, құрбанның тап болған зорлық-зомбылықты оқиғасын сабырлы түрде салмақтай, ситуацияны бағалауына мүмкіндік береді, ақпараттық көмек беруіне және шешімді құрбанның өзіне қабылдауына, сонымен қоса өзіне деген сенімділікті арттыруға, күш-қуат жинақтауға көмектеседі.

Дағдарысты кезеңдегі араласуда (интервенция) психолог клиентке зорлық-зомбылықтан алған жарақатынан тиімді түрде айығуына көмектескені жөн. Бұл үшін кеңес жүргізу барысында психологтың көмегімен шешілуге тиісті үш мәселе қойылады:

- 1) болған оқиға туралы адекватты және айқын күйдегі түсініктеме керек;
- 2) өз сезімдері мен реакциясын басқара білуі, аффектілі күйін жеңе білуі;
- 3) жарақат салдарына шамасы жететіндей мінез-құлық үлгісін қалыптастыру.

Ұзақ мерзімді психолог-психотерапевттік қолдау мен кеңес жүргізу

Психологиялық қолдау

- 1) Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарын және олардың отбастарын жүйелі түрде бақылау негізінде психологиялық қолдау;
- 2) Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарының өмірлік қиын ситуацияларын жекелік (ішкі қайшылықтар) немесе тұлғааралық конфликтілер мен басқа да ситуацияларын қиындата түсетін психикалық дискомфорт ситуацияларын өз уақытында айқындау;
- 3) керек кезінде қажетті психологиялық көмек бере алу.

Психологиялық кеңестің тиімді болуы үшін

- 1) тұрмыстық зорлық-зомбылық көрген құрбанға өз таңдауын жасауға мүмкіндік беріңіз;

2) зорлық-зомбылық құрбанының жекелік қажеттілігін, әртүрлі пікірлер мен көзқарастарды бағалай, есепке ала отырып, қалай бар солай қалдырып, ешқандай шара қолданбау мүмкіндігін қарастыра, әрі қарай әрекет ету жоспарын жасап әрекет етіңіз. Зорлық-зомбылық құрбанын интервенция жоспарын жасауға тартыңыз;

- 3) әлеуметтік қолдауына жүгініңіз немесе сондай қызметті ұсыныңыз;
- 4) қайғы-қасіретті төмендетуші, зорлық құрбанының әлеуметтік қашықтығы жалғыздық, өзін-өзі құрметтеуді қалпына келтіруші нақты әрекет етіңіз;

- 5) өзін шарасыз, әлсіз сезінбестен, болашақта зорлау немесе

алаңдаушылық ситуацияларын басқара алу мүмкіншілігін алу мақсатында, зорлық көрген құрбанның ресурстары мен әлеуетін ескере отырып күн көріс стратегиясы мен өзін қорғау механизмдерін нығайту;

6) интервенция мен қолданылатын шараның сәтсіздіктері мүмкіндігін қабылдаңыз, зорлық көрген құрбанға түсіндіріңіз. Алда болып қалатын салдар туралы ойлануға әрекет етіңіз;

7) зорлық шеккен құрбан қандай тақырып бойынша талқылағысы келетіні туралы үнемі сұраңыз, білуге тырысыңыз;

8) интервенция жоспарын құрастырарда қандай әрекеттерді келісілген және зорлық көрген құрбан қандай әрекеттерді жасауы керектігін қысқаша түсіндіріңіз;

9) тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбанына алда болатын жоспар туралы түсіндіріңіз және алдағы жасар әрекеттер үшін нақты контактілі ақпараттармен алмасыңыз;

10) келесі сеанстар барысында, зорлық-зомбылық құрбаны ситуациясындағы өзгерістерді, күн көріс стратегиясының тиімділігін, кез келген әрекеттің нәтижесін зерделеңіз. Туындаған қиындықтарды зерделеңіз және құрбанға оларды жеңіп шығуға көмектесіңіз; проблемаларды, жоспарды және алда болатын әрекеттерді қайта қарап шығыңыз.

Психологиялық тренингтер

Психологиялық тренингтер дискомфортты жағдайдан шығуға көмектесуге, психикалық саулықты нығайту мен қолдауға, стресстік тұрақтылықты, психологиялық мәдениет деңгейін жоғарлатуға, ең бірінші, тұлғааралық қарым-қатынас саласында, конфликтілі және қатынас мәселелерін шешу мақсатында жүргізіледі [18].

Формальді және формальді емес консультациялық қызметтер ЖКСБ (Жарақат кезіндегі стресстік бұзылыстар) мен үрей, депрессияны сезінген зорлық-зомбылық құрбанының психологиялық қажеттіліктерінің шешімін табуда өзінің тиімділігін дәлелдеді. Кейбір әлеуметті-психологиялық қызметтер қолдауды, жекелік консультацияларды және 24 сағаттық жедел жәрдемді қажет ететін топтардан тұрады.

Қосымша басқа да қызметтер:

1) материалды және қаражатты көмек беруді қамтамасыз етіңіз: шұғыл көлік жағын ұйымдастыру, тамақ, қауіпсіз тұрғын үй, негізгі қажетті жеке заттар мен медициналық жабдықтар, керек жарақтарына жұмсауға қолма қол ақша (мысалы, сот-медициналық куәләндіруге төленетін, таксимен қызмет көрсететін басқа да жерлерге баруға);

2) құрбан мен тұрмыстық зорлық-зомбылыққа душар болған адамға оның тұлғалық келбетін білідіретін қажетті құжаттарын ретке немесе қайта қалпына келтіруге өз қатысуыңызбен көмек қолын созыңыз;

3) құрбан мен тұрмыстық зорлық-зомбылыққа душар болған адамға олардың құқығына қатысты ақпараттарды жинақтауға, атап айтқанда некеде ажырасу/қосылу, балаларын қамқорлыққа алу, қорғаныш болу, шектеу/қорғау шаралары мен миграциялық статус сияқты қол жетімділік құралдар жиынтығын жинақтаумен қамтамасыздандырыңыз;

4) балаларға түсінікті түрде бейімделген және халықаралық стандарттарға сәйкес, баланың мүддесін есепке ала отырып, бір тұтас болып келетін, балалар үшін қызметтерді көрсетуге мүмкіндік туғызыңыз;

5) тәулігіне 24 сағат, аптасына 7 күн, немесе мереке және демалыс күндерін есептегенде минимум күніне төрт сағаттан қолдау көрсететін артығымен көмек көрсететін ақысыз телефонмен жедел көмек көрсетумен қамтамасыздандырыңыз. Телефон қоңырауына жауап беретін персоналдың халыққа қызмет көрсете алатындай қабілетін, білімін, икемін және соған лайықты дайындығы бар екендігіне көз жеткізіңіз. Жедел жәрдем көмегінің, әйелдер мен қыздардың жеке жағдайларына жауап қату үшін, оларды басқа да әлеуметтік, денсаулық сақтау және құқық қорғау органдарымен байланыстырушы протоколдарының бар болуына көз жеткізіңіз.

Қауіп қатерді бағалау мен басқару

Қауіп қатерді бағалай білу мен басқара білудің артықшылығы қауіпті төмендетуге септігін тигізуі мүмкін. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету жоспары, зорлық зомбылықты қолданатын қақтығыстың болуын алдын алудағы интервенцияның (басқыншылық) бір бөлігі болуы мүмкін. Қауіпсіздік қамтамасыз ету жоспары қауіп қатер факторлары мен бар ресурстарды есепке ала отырып жасалынады.

Қауіпсіздіктің тиімді жоспарын жасау үшін, зорлық-зомбылықтың үдеуі, ұлғаюы (эскалация) мен қақтығыстың қайталанбауы үшін қауіп факторларын түсіну қажет. Зорлық-зомбылық жағдайымен байланысты қауіп қатер айқындалу факторлары көп болса, зорлық құрбандары душар болатын қауіп қатер де соншалықты жоғары болады:

1) құрбанға, балалар немесе отбасы мүшелерінің басқа да мүшелеріне қатысты зорлықтың алдыңғы актілері/қақтығыстары. Тиісушілік, зорлық жасау құралдары мен қолданылған түрлері туралы тарихы, полицияға алдыңғы зорлықтар мен қылмысы туралы арызы, қару қолдануы қауіпті бағалаудың индикаторы болып есептеледі;

2) отбасынан тыс жердегі агрессиялық мінез-құлқы;

3) алшақтық пен ажырасу қауіптің жоғарылау кезеңдері болып келеді;

4) зорлық-зомбылық жасаған адаммен отбасының басқа мүшесінің бірігуі;

5) қарудың заңды немесе заңсыз түрде сақталуы және/немесе қарудың қолданылуы немесе қару қолдану туралы қоқан лоқы көрсетілуі;

6) ішімдік немесе есіртке қолдану шегіндірілген тежелуге және зорлық-зомбылықтың ұлғаюына келтіреді;

7) қорқыту, соның ішінде, өлтірем деп қорқыту болатын болса, оны шын қабылдаған жөн;

8) қызғаншақтықтың және жеке меншікшілдіктің шектен шығу түрлері;

9) тым патриархалды (ескіше) түсінік пен қарым-қатынас;

10) ізге түсу, қуғындау мен психологиялық террор (соңынан қалмау, тиісу);

11) сот немесе полиция тарапынан берілген тиым салынған сот бұйрықтарын сақтамау;

12) зорлық-зомбылықтың кенеттен ұлғаюына мүмкін туындататын (қарым-қатынаста өзгерістер) триггерлер;

13) қауіпсіздіктің бірінші жоспары жасалынып тұруы керек және егер қажет болған жағдайда, қысым жасалмастан, қауіпсіздікті ұйымдастырылып ұсынылған болуы мүмкін;

14) төтенше жағдайда немесе қауіп төнген сәтте шақыруға болатын немесе бірнеше күнге болса да паналай тұруға мүмкіндік жасайтын адамдардың (достары, көршілері) тізімін құрастыру;

15) егер үйде қандай да бір өрескел дыбыс естілетіндей болса, тез арада көмек сұрайтындай, зорлық-зомбылық туралы айта алатындай бір немесе бірнеше көршілерін айқындау;

16) өз үйінен қауіпсіз түрде қалай кетіп қалуына болатындығы туралы машықтану, үйрену;

17) қауіпсіздік сөмкесін жинақтап қойыңыз және оны қауіп қатер туындаған сәтте, төтенше жағдайда тез ала алатын жерге қойып қойыңыз;

18) өз инстинктіңіз бен пікіріңізді пайдаланыңыз. Егер ситуация қауіпті болса, жәбірлеушіні тыныштандыру үшін оның не қалайтынын сұрап, алдарқатып, қалай алдап-сулау варианттарын іздестіріңіз. Өзіңіз бен балаларыңызды қорғауға құқығыңыз бар;

19) басқа қызмет көрсететін жерлерден болашақта көмек алатындай мүмкіндіктер туралы ойланыңыз;

20) Сіз қауіп-қатердің төнуі мен таяқ жеп жүруге лайықты жан еместігіңіз есіңізде болсын.

Қауіптілікті бағалау және қауіпсіздіктің жекелік жоспарын құрастыру
Осы технология психологқа да тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбанына да оның басынан өткен оқиғалардың қаншалықты қауіпті екендігін саналауға мүмкіндік береді. Қауіптің қаншалықты қатерлі екендігін зерттеп қана, тиімді жекелік қауіпсіздік жоспарын құра аламыз.

Әйелдер үшін қауіпсіздік жоспарын құрастырарда қолдануға қажетті, мүмкін болатын сұрақтар немесе әңгіме тақырыптары:

1) өзіңіздің ситуация туралы маған айтып беріңіз. Зорлық-зомбылықтың қандай түрлеріне душар болғаныңыз туралы білгім келіп отыр. Әдетте зорлық-зомбылық қашан және қандай жағдайларда көрініс алады?

2) Зорлық-зомбылықтың қашан болатыны жайлы маңызы бар ма? Оған қандай да бір заңдылық бар ма?

3) басыңыздан өткен қандай оқиға сіз үшін өте ауыр болған сияқты? Жаңа ғана Сіз сипаттаған жағдай ма?

Алайда, бұл ақпараттың оған үрей туындыратындығын ескеріңіз. Оған мүмкін психологиялық көмек керек болар. Одан да басқасы, осы фактға көндігу үшін, әйел адам бар қауіпті азайтуға (минималдандыру) тырысады, сонымен ол өзін шошындыратын нақтылықпен күресуге тырысатын болады. Мұндай минимизациямен келісуге болмайтындығын, өзіне төніп тұрған қауіпті бағалай отырып, өзінің арының алдында шынайы болу керектігін түсіндірген жөн:

Қауіпсіздікті жоспарлауды жеке кездесуде немесе телефон арқылы да

жасай беруіңізге болады. Жекелік қауіпсіздікті жоспарлуда жеке кездесу бірнеше минуттан бірнеше сағаттарға созылып кетуі де мүмкін. Қауіпсіздік жоспарының бірнеше форматтары бар: егер әйел агрессормен бірге тұрып жатырса, егер ол агрессордан кететін ойы болса, агрессормен қарым-қатынасты тоқтатқаннан соңғы кезең. Сонымен бірге, ең назардың шоғырлануы әйел және оның қауіпсіздігі деген алтын ережеден басқа ереженің қажеті де жоқ.

Отбасылық зорлық-зомбылықтан зардап шеккендерге сапалы көмек көрсету үшін әлеуметтік-психологиялық қызметтік бір немесе екі бағыты жеткіліксіз. Отбасылық зорлық проблемасы кешенді сипат алғандықтан арнайы қазмет мамандары қолдау көрсету арқылы шешкен жөн. Бір мекеменің күшімен тіпті бір отбасының проблемасына өзгеріс енгізу мүмкін емес. Ведомствоаралық өзара әрекет зардап шеккен адамның оңалту жолын жеңілдетеді, сенім орнатуға, қажетті нәтижені алуға себепкер болады.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайларын құжаттау
Зорлық-зомбылықтың әр оқиғасын, психологиялық қызмет көрсеткен мамандар құжаттап отырулары керек, құжаттаумен қамтамасыздандырады, зорлық-зомбылық (қақтығыс) инциденті туралы өзекті ақпаратқа толық шолу, егер оқиғаның тарихы емес болса. Зорлық-зомбылық оқиғаларын құжаттау стандартты формада, қолдан жазылған жазба, схемалар, фотографиялар, қағаз регистрлары, т.б. соған сәйкес әрбір зорлық оқиғасының мәліметтер жиынтығы болуы мүмкін және олар базада тіркеледі.

1) Зорлық-зомбылық оқиғаларына мониторинг үшін және оны бағалау мақсатында мәліметтерді түрлендіру (генерировать);

2) Нақты саладағы ашылған оқиғалар жөнінде дәлме дәл айта білу;

3) Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ведомствоаралық тез әрекет жасауды бағалауға көмектесу;

Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа зардап шеккен адамдар мен құрбандар туралы мәліметтерді жинақтау үшін:

1) Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбаны туралы ақпараттар жинақтау және тіркеу: демографиялық ақпараттар (мысалы, аты-жөні, жасы, жынысы), келісім беруі, анамнез (яғни, жалпы медициналық және гинекологиялық тарихы), қақтығыс (инцидент) туралы есеп, физикалық тексеру қорытындылары, зерттеулер мен олардың нәтижелері, емделу жоспары, дәрілік препараттардың дәрігерлердің жазып беруі немесе мәліметтер, құрбанның білімі, ұсынылған ақпараттар, бағыттары;

2) Тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы бүкіл ақпараттарды жинақтаңыз және тіркеңіз, соның ішінде:

- дәлелге қолдау ретінде болып қалады-ау деген қылмыс туралы
- басқа да қақтығыстар тарихы, соның ішінде осының алдындағы партнерларымен;
- құрбанмен/адам және қылмыскермен арасындағы қарым-қатынас;
- зорлық-зомбылық типі;
- қару қолданылған ба (қалай және қандай типтегі);
- қақтығыс болғандағы куәлер, соның ішінде балалар.

- 3) зорлық-зомбылықтың салдарын/әсерін толық сипаттау (физикалық, психологиялық және әлеуметтік);
- 4) қауіп-қатер факторы мен қорғанышты сипаттаңыз (жекелік және әлеуметтік/қоғамдық);
- 5) зорлық-зомбылық ситуациясын шешу үшін жоспарланған немесе өткізілген әрекеттерді жазыңыз;
- 6) соңғы консультациялар кезінде болған істің эволюциясын (дамуын) мәліметтерді жинақтаңыз;
- 7) құрбан өз сөздерінің көмегімен зорлық-зомбылық оқиғасын ашатыны есіңізде болсын;
- 8) өзіңіздің негіздеген күдіктеріңіз бен дәлелдеріңізді құжаттандырыңыз;
- 9) Тұрмыстық зорлық-зомбылықта зардап шеккен құрбанға/адамға бұл жазбаларды айтыңыз, оларды пайдалану мүмкіндігі жөнінде ескертіп рұқсатын алыңыз;
- 10) барлық жазбаларды қауіпсіз де құпиялы жерде ұстаңыз. Әр елде енгізілген басқару принциптері ақпараттар каншалықты кешенді болу қажеттілігін талап етеді;
- 11) мәліметтерді жинақтау жүйесіне енгізуде уақытты барынша жеткілікті түрде бөліңіз.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарымен жұмыс бойынша арнайы құжаттандыру тізбесі

Психологтың қорытындысы

Психологтың қорытындысы ең негізгі жұмыс құжаты.

Қорытындысында психолог танымдық көрсеткіштерді, жекелік-эмоциялық және коммуникативті дағды әдеттерді, психофизиологиялық, т.б. клиенттің ерекшеліктерін зерттеудің бағытына байланысты көрсетеді. Сонымен қатар, психолог қорытындысында, психиканың даму және коррекциялық, реабилитациялық және дамыту бағдарламаларының қажеттігін жас ерекшеліктері деңгейіне және кезеңдеріне сәйкес сипаттайды.

Клиенттің диагностикасы мен консультацияның протоколдарымен бірге берілетін картасы

Пациенттің картасы - даму тарихы жас ерекшеліктерінің дамуы туралы мәлімдемеден тұрады және ол үнемі көрсетілетін психологиялық демеу мен қолдауды қажет ететін клиенттерге рәсімделеді.

Даму картасының ақпараттары: клиенттің анкеталық деректері, ата-анасы және басқа да отбасы мүшелері туралы мәліметтер, клиенттің тұрып жатқан әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы. Сонымен бірге, психолог клиент үшін маңызды өмірлік жағдаяттарды, отбасы мүшелерінің өзара қарым-қатынастарының ерекшеліктерін, шиелініскен және созылмалы ауруларының тарихын, физикалық және психологиялық жарақаттарын жазып алады және талдайды.

Диагностикалық тексерілу, коррекциялық, реабилитациялық сабақтардың, сұхбаттардың Хаттамасы. Хаттама кесте түрінде рәсімделеді. Диагностикалық протокол қызметтің, эмоциялық жағдайының вербальді және вербальсіз түрде

жасалынады. Мұндай хаттама психологиялық сессия процессінде немесе коррекциялық сабақ уақытында рәсімделеді. Сессия уақытында психолог диктофон қолдануына болады, ал хаттаманы сессиядан соң толтыруға болады. Бұл клиенттің айтқан басқа да маңыздырақ көрсеткіштеріне көңіл аударуға мүмкіндік береді.

Психологиялық карточкалар; психикалық даму картасы;

Психологиялық мінездемесіне сүйене отырып, психолог клиенттің психологиялық портретін құрастырады. Ол форма бойынша еркін және клиенттің жекелік даму ерекшеліктері жөніндегі ақпараттарды белгілейді.

Танымдық және жекелік-эмоциялық саласын, психофизиологиялық өзгешеліктерін, коммуникативті артықшылықтарын, жалпы немесе арнайы қабілеттерін, т.б.

Коррекциялық сабақтардың картасы

Коррекциялық карта жекелік коррекциялық жұмыстарды жүргізген уақытта қарастырылады және коррекциялық бағдарламаның стратегиясы мен тактикасын сипаттайды. Коррекциялық картада көрсетілетіндер:

- 1) Жалпы мәліметтер (аты-жөні, клиенттің жасы немесе клиенттің коды);
- 2) Бар проблемалары (клиенттің психикалық даму мен ауытқушылығы, бұзылысы);
- 3) Коррекциялық сессияның кезеңдері мен мерзімі;
- 4) Коррекциялық әсердің құралдары; (циклдегі сабақтың саны);
- 5) Коррециялық әсер ету барысында клиенттің өмірлік істерін ұйымдастыру бойынша кеңестер;
- 6) Коррекциялық әсер барысында психологиялық жағдайының динамикасы белгіленіп жазылады;
- 7) Коррекциялық бағдарлама нәтижесі бойынша алынған қорытынды.

Психологиялық қорытынды мен даму картасынан үзінді көшірме

Үзінді көшірме – бұл сыртқы құжат және клиенттің сұранысы немесе мемлекеттік басқару органдарының ресми сұраныстары бойынша рәсімделеді. Үзінді көшірмеде негізгі нәтижелер, ерекшеліктері мен клиенттің даму прблемалары және арнайы кеңестер көрсетіледі.

Қорытынды, коррекциялық карталар және протоколдар арнайы құжаттардың жабық, жасырын, құпия түрі болып табылады.

Өзінің іс-әрекет процесінде алынған мәліметтерді құпия түрінде сақтау қамтамасыздандырылады.

Қайта бағыттау

Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбанын бағыттау жүйесінің мақсаты құрбанға артығымен қызмет көрсету мен емдеуде тиімді амалы мен қауіпсіздік жасауды қамтамасыз ету үшін жедел және көптеген қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады. Сонымен бірге, бағыттау жүйесі көрсетілетін қызметтерге үйлестіріле бейімделеді.

Барлық мамандандырылған қызметтер жүйе мен бағыттарды белсендіру мүмкіндіктері туралы, зорлық-зомбылық құрбаны үшін байланыста болатын бірінші пункті ме, әлде екінші ме, әлде басқа ма, оған байланыссыз, хабардар

блоулары қажет. Бағыттар жүйесі тиімді жұмыс жасайтын болады, егер, мекемелер және ұйымдар, нақты көрсетілетін қыметтер (мамандар) және байланыс мәліметтері туралы ақпараттар мамандандырылған болса және барлық мамандандырылған қызмет орындары мен уәкілетті органдарға таратылған жағдайда.

1) Бағаланған қажеттіліктер мен ұсыныстарға сәйкес, зорлық-зомбылық құрбаны үшін қандай бағыт пайдалы болатындығын анықтап белгілеңіз;

2) Егер құрбан барғысы келіп келісімін берсе және қажет деп тапса басқа да мамандандырылған қызмет көрсететін мекемелер мен уәкілеттік органдарға бағытталу мүмкіндігі бар екендігі туралы айтыңыз;

3) Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбанынан әрі қарай қадам жасау үшін басқа да қызмет орындарына баруға алдын ала келісімін алыңыз;

4) Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбанынан мамандандырылған қызмет көрсететін орындар мен уәкілетті орындарға қандай ақпараттар ашық айтылып, ал қай ақпараттар құпиялы болу керектігін нақтылап алыңыз (қандай да бір құқықтық реттеу/шектеу барын көрсетіңіз);

5) Төменде сипатталып көрсетілген схема бойынша мамандандырылған қызмет көрсету орны туралы толық және сенімді ақпараттарды құрбанға беріңіз:

Кім - қандай мекеме/ұйым берілген қызметті қолдануға мүмкіндік болатындай байланыс жасауға, адамның контактілі ақпараттарын қоса (аты-жөні, телефон номері), зорлық-зомбылық құрбанына бере алады:

Олар берілетін қызметті пайдалануда мамандарылған қызмет орындары мен уәкілеттік органдарға байланысты шығындар туралы ақпараттарды қоса *Не* - қандай көмекке жүгіне алады:

Көрсетілетін қызметтің (дәл меке-жайын) *қайда* - дәлме-дәл орналасуы.

6) құрбанның таңдауымен келісе бағытты іске асыру;

7) бағытты қысқа жазбаша есеппен және басқа қызмет берушімен телефон арқылы байланыспен толықтырыңыз. Бұны, зорлық-зомбылықтан зардап шеккен психологиялық жарақаттан өткен құрбанға қайта-қайта қойылатын көптеген сұрақтарға тағы да жауап бере, болған оқиғаның тарихын қайталауға тура келуден аулақ болу үшін тез арада жасау қажет;

8) құрбанға өз бетінше бағытын таңдап, оны жүзеге асыруға мүмкіндік беру арқылы оның тәуелсіздігін ынталандырыңыз;

9) егер қажет және мүмкін болса құрбанды ол айтқан мамандандырылған қызмет орны мен уәкілеттік органға бірге апарыңыз;

10) жинақталған дәлелдемелер не үшін маңызды/пайдалы болуы мүмкін екендігін түсіндіріңіз. Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбанынан, ол зорлық-зомбылық дәлелдемелерін жинақтау қажеттігін қалай ма жоқ па, соны сұраңыз. Нақты ситуацияларда (мысалы, сексуалды зорлықта) және тым тез арада, дәлелдемелерді жинақтаудың маңыздылығын ескертіңіз;

11) дәлелдемелерді сақтап қалу үшін және жойып алмау мақсатында не жасау және неден аулақ болуы (мысалы, жуынбау, киімдерін ауыстырмау) керектігін айтып түсіндіріңіз;

12) Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбанының қажеттіліктері мен қалауына сәйкес оны басқа да қызмет көрсетуші орындарға бағыттаңыз. Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына нақты қолдау көрсетуші түйінді (ключевые) қызмет орындары болып табылатындар:

- дәлелдемелерді жинақтауда оған көмектесетін ең жақын жердегі мекемелер;

- ресми шағымдарды көрсету үшін;
- медициналық көмек көрсету үшін медициналық мекемелер.

13) Зорлық-зомбылық құрбандарына қызмет көрсететін

мекемелер/ұйымдардың каталогын үнемі жаңартып отырыңыз. Каталогта мекемелердің аталуы, байланысушы тұлға, мекен-жайы, басқа да байланысу деректері, көрсетілетін қызмет тізбегін енгізген жөн.

14) әр қызметтің айқын міндеттерін енгізе отырып, келісім шартқа отырыңыз және сәйкес мамандандырылған мекемелермен және уәкілеттік органдармен бағыт процесстері туралы протокол құрастырыңыз;

15) мамандандырылған қызметтер мен уәкілеттік органдар арасындағы бағыттар туралы ақпараттар алмасу үшін процедуралар клиентпен келісілген түрде және персоналдың танысуына жеткілікті түрде жеткізілгеніне көз жеткізіңіз.

Психологтар балалардан зорлық-зомбылықтың белгілерін айқындаған жағдайда, ақпараттар мекеменің және ұйымның басшыларына хабарлайды. Одан кейін басшылық ақпараттарды кәмелеттік жасқа жетпеген балаларға қамқорлық жасайтын және қорғаушы органдарға, жасөспірімдер ісі жөніндегі аудандық комиссияларға, баланың тұратын жеріндегі олардың құқығын қорғау мекемелерін, мектеп директорларына және МПС-ке бағыттайды. Егер медициналық қызметтер қажет болса ауруханаға бағыттайды.

Психологтың қызметін реттеуші нормативті-құқықтық база

- Қазақстан Республикасының Ата заңы;
- «Құқық бұзушылықтың алдын алу туралы» ҚР Заңы;
- «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» ҚР Заңы
- «Жасөспірімдердің арасында құқық бұзушылықтың алдын алу және бақылаусыздық пен қараусыздықтың алдын алу туралы» ҚР Заңы;
- «2030 жылға дейін ҚР отбасылық және гендерлік саясатты бекіту туралы» ҚР Президентінің Жарлығы;
- «Арнайы әлеуметтік қызмет кепілдікті көлемінің тізбегін бекіту туралы» 14.03.2009 жылғы № 330 ҚР Үкіметінің Қаулысы;
- ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі 21.12.2016 жылғы № 079 бұйрығы бойынша бекітілген тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына әлеуметтік арнайы қызмет көрсету стандарты;
- 19.02.2016 жылғы №134 “Арнайы әлеуметтік қызметтердегі бағалау мен қажеттіліктерін анықтау Ережесін бекіту туралы” ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму Министрлігінің Бұйрығы;
- 22.09.2014 жылғы № 630 ҚР ішкі істер Министрлігі мен 26.09.2014 жылғы №399 ҚР Білім және ғылым Министрлігі, 19.11.2014 жылғы № 240 ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму Министрліктерінің

“Әлеуметтік дезадаптация мен әлеуметтік депривацияға келтіретін қатігездік көрсету бар болған жағдайды бағалау критерияларын бекіту туралы” біріккен Бұйрығы;

Терминдер сөздігі

Өмірінде ең болмаса бір рет болса да зорлық-зомбылық қатеріне тап болған адамды әртүрлі терминдердің көмегімен анықтауға мүмкіндік бар. Сәйкес терминдерді маман сол адаммен кездескен сәтте орын орнымен сәйкестікте қолданғандары жөн.

Зардап шеккен, жарақат алған немесе зорлықтың кесірінен қайтыс болған, немесе бақытсыздықтың немесе қатігездіктің алдында өзін көмексіз, әлсіз сезінген, немесе пассивті болған адамды “құрбан” деп атауға болады. Бұл термин техникалық жағынан дәл болып есептеледі, алайда, қандай да бір зорлық-зомбылық жағдайларына душар болған адамдарды дәрменсіздік күйге де жетелейтіндігі бар. “Зорлық-зомбылық құрбаны” термині, өзін қорғауға талпынатын, жарақатпен жұмыс жасау қабілетімен шыныққан, көмекті қажет етуші адамды айтады, яғни адам өзінің өмірін өзіне қайта қайтару үшін күресетін адам.

Жарақаттан соңғы стресстік бұзылыстар

ЖССБ (ПТСР) (жарақаттан соңғы стресстік бұзылыстар), “вьетнам синдромы”, “афган синдромы”, т.б.) - бұлардың барлығы соғыс әрекеттеріне қатысудан, тұрмыстық зорлық-зомбылық сияқты бірлі-жарым немесе қайта-қайта қайталана беретін психожарақатты ситуациялар қорытындысында пайда болатын өте ауыр психикалық синдром.

Кәмелетке толмағандардың некелері

Құқықтық келісімге дейінгі формальді немесе формальсіз неке ұлдар мен қыздар үшін нақты көрініс беруде, бұл жерде әсіресе қыз балалар өлшеусіз жиі зардап шегуде (ЮНИСЕФ, кәмелетке толмағандар некелері 2012).

Негізгі қызметтер

Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты көретін қыз бала немесе балаларға, кез келген әйелдің қауіпсіздігі мен аман саулығына, құқықтарын қорғауға, минималды деңгейде қажетті негізгі қызметтер жинағы. Сонда да болса, негізгі қызметтер ретінде әр елде немесе жерде бірдей көрсетілмеуі мүмкін, олар әмбебап қызметтер бір бірімен тіркескен, үйлесімді түрде, денсаулық сақтау, қолдау, әлеуметтік қамтамасыздандыру және саулығы, полиция мен әділет сот және әлеуметтік қызмет маманы сияқты мемлекеттік қызметтер енеді.

Әділ сот қызметін көрсетушілер

Болып есептелетіндер: мемлекет/үкімет қызметкерлері, сот, прокуратура қызметкерлері, полиция, заң сұрақтары бойынша консультанттар, сот әкімшілігі, адвокаттар, адвокаттар көмекшілері, зорлық-зомбылық құрбандарына қолдау көрсететін қызмет және әлеуметтік қызмет қызметкерлері.

Міндетті есеп берушілер

Кейбір елдерде немесе мемлекеттерде қабылданған заңға байланысты, маманнан және/немесе жеке адамдардан (ереже бойынша, полицияға

немесе заң жүйесіне) отбасындағы немесе сексуальді партнер жағынан факт немесе жобаланған болатын/болған зорлық-зомбылықты кез келген қақтығыс туралы ақпараттар талап етіледі. Көптеген елдерде, ең бірінші балалармен қатігездік көрсеткен және кәмелетке толмаған жасөспірімдермен каталдық жасалынғандармен есеп берушілік міндетті түрде болады, алайда, басқа елдерде есеп беруге дейін сексуальді партнер жағынан зорлық-зомбылық туралы ақпараттар тарқалады.

Зорлық-зомбылық жасаған адам

Тікелей қолдайтын немесе өйтпегенде басқа адамдарды оның еркінен тыс зорлық-зомбылық жасауға итермелейтін адам, топ немесе ұйым (IASC, 2005, гуманитарлық операцияларда тұрмыстық зорлық-зомбылық принциптерін басқарушы: төтенше жағдайларда сексуальді зорлықты реттеуші және алдын алу бойынша шоғырландыратын).

Бағыттау жүйесі

Гендерлік зорлық-зомбылықпен қылмыскерлердің қудалаушылығының алдын алу, зорлық-зомбылық құрбандарын қорғау мен көмекпен қамтамасыздандыру, олардың толық қайта қалпына келуіне және құқықтарын кеңейту мен мүмкіндіктерін толық қайтаруға көмектесудегі жалпы мақсатпен, серіктестік желіде міндеттері мен уәкілеттіктерін, жақсы анықталған және мәрелі (кейбір жағдайларда бірін бірі доғарушы) ұйғарымдармен әртүрлі нысандарды қосушы Кешенді институционалды база (3 п деп аталатын). Бағыттау механизмдері тиімді байланыс жолы негізінде жұмыс жасайды және дәлме дәл және қарапайым тізбектелген қадаммен, тура айқындалған процедураларды бекітеді.

Зорлық-зомбылық жағдайы туралы есеп беру

Бағыттау процессінде басқа да мекемелермен/ұйымдармен зорлық-зомбылық жағдайы туралы ақпараттармен алмасу, мамандандырылған қызмет көрсету орны мен уәкілеттік органдармен ашылған зорлық-зомбылық құрбанын ашып көрсету. Есеп беру гендерлік зорлық-зомбылықтан зардап шеккен құрбанның/адамның келісімі аясында ғана, кішкене өзгерістермен болуы мүмкін.

Сексуальді қорлау/зорлық

Кез келген сексуальді акт, жыныстық қатынасқа түсуге әрекет, орынсыз сексуальді комментарий немесе әзілдесу, немесе траффиктік әрекет, немесе сексуальді қатынастағы мәжбүрлеу арқылы бағытталған, кез келген адаммен, зорлық-зомбылық құрбанымен қандай қарым-қатынаста болмаса да, кез келген орында, немесе үйде болмасын (ВОЗ, Зорлық-зомбылық туралы Бүкіләлемдік баяндама).

Сексуальді қанаушылық/пайдаланушылық

Осал жағдайды пайдалана кез келген теріс пайдаланушылық, сексуальді мақсатта билік ете сеніміне ену, алайда, ақша табу, әлеуметтік немесе саяси тиімділікті көздей басқа адамды шектеусіз пайдалану ((PSEA)(ST/SGB/2003/13) сексуальді қанау және қорлаудан қорғау бойынша ООН Бас секретарь Бюллетені).

Адамдарды сату

Жалдау (вербовка), тасымалдау, тапсыру, жасыру немесе қоқан-лоқы көрсету арқылы адамдарды алып кету, күш көрсету немесе басқа да мәжбүрлеу түрлерін қолдану, ұрлау, немесе сатып алу жолымен, басқаның бақылауымен қанау мақсатында адамдардың келісімін алу үшін ақысын төлеу немесе пайдасын ойлау. Қанауға, минимум ретінде, сексуальділік қанаудың басқа түрлерін қолдана жезөкшелікке басқа да адамдарды тарту, мәжбүрлеп еңбекке тарту, құлдық немесе құлдыққа ұқсас салт-дәстүрге мәжбүрлеу, басыбайлы бағынышты ету немесе дене мүшелерін алуға пайдаланулар енеді (Қылмыстардың ұлтаралық ұйымдарына қарсы ООН Конвенциясына негізделген адамдарды сату алдын алу мен бұлтартпау туралы хаттамалары).

Қорытынды

Жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқының алдын-алу суицидтік мінез-құлық сыртқы стресстік факторлардың өзара әрекеттесуінің және баланың қорғаныс механизмдерінің жұмысының нәтижесі болып табылады.

Суицидтің себептері – адам төзгісіз ортадан аулақ болу, ата-аналарды мәжбүрлеу немесе жазалау, азапты жеңілдету, жалғыздықтан аулақ болу үшін қайтыс болған адаммен қайта қауышу, кек алу.

Балалардың суицидтік мінез-құлқына әсер ететін факторлардың қатарына ата-анасының ажырасуы, отбасылық келіспеушіліктер, баланы қорлау немесе оған назар аудармау жатады. Белгілі бір факторларға есірткіні қолдану, танылмаған талант, жүктілік, зорлық-зомбылық эпизодтары, эмоционалды немесе физикалық заттар жатады. Балалардың психикасы өте осал. Бұл керемет фразаның артында мыңдаған трагедиялар жасырылған. Өз-өзіне қол жұмсауға бейім жасөспірімдер алданған, сүйіспеншілік сезінбейді, олардың өздері ата-аналарына қатысты екіұшты сезімдерге ие. Суицидтік жасөспірімдер көбінесе өздігінен шеше алмайтын қатты психикалық стрессте болады.

Білім алушылар арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша ведомствоаралық өзара әрекеттесу алгоритмі ұсынылады:

Білім беру ұйымдарындағы білім алушылар арасындағы аутодеструктивтік мінез-құлық профилактикасы бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимыл алгоритмі (бұдан әрі - Алгоритм) 2021-2022 жылдарға арналған кәмелетке толмағандар арасындағы аутодеструктивтік мінез-құлық профилактикасының бірлескен Жоспарының 4-тармағын орындау мақсатында әзірленген.

Бұл Алгоритм білім, денсаулық сақтау, ішкі істер жүйелерінің мүдделі мемлекеттік органдары өкілдерінің кәмелетке толмағандар арасында аутодеструктивті мінез-құлық профилактикасы бойынша бірлескен ведомствоаралық өзара іс-қимылының негізгі қағидаттарына қойылатын талаптарды белгілейді.

Кәмелетке толмаған жасөспірімнің аутодеструктивті мінез-құлқының белгілері - қиын өмірлік жағдайдың нәтижесінде пайда болатын жалғыздыққа бейім депрессиядан, пайдасыздық сезімінен және сұраныстың жоқтығынан туындайтын жағдайлар және мамандардың қолдауынсыз оларды жеңу мүмкін емес.

Алгоритм құрудың негізі болып:

- қиын өмірлік жағдайға тап болған, оның ішінде агрессия, зорлық-зомбылық, қудалау, өзіне-өзі қиянат жасау және қылмыстық әрекеттердің әсеріне ұшыраған кәмелетке толмаған баланы қолдаудың келісілген кешенді бағдарламасын қамтамасыз етудің құқықтық базасы мен жүйесінің болмауы;
- балаларда тиімді танымдық іс-әрекетті, оқуды және жеке жетістіктерді жүзеге асыру, креативті ойлау, сондай-ақ қарым-қатынас жасау, баланың шығармашылық ойлауын қалыптастыруда, кәмелетке толмаған балалардың стресстік және бейімсіз жағдайлар тәжірибесі туралы белгіленген және т.б. бекітілген идеялардың болмауы;
- білім алушының психикалық ахуалы мен психологиялық саулығына кері әсер етуші білім беретін және отбасылық-тұрмыстық ортаның сыртқы

факторларының жағымсыз көрінісін, сонымен бірге шеттету мен шарасыздық жағдаяттардың қалыптасуын толық және сауатты сипаттаудың аса қажеттігі туындайды;

- әрбір қатысып отырған ведомстволардың функционалдық міндеттерін сараланған жобалауының қажеттілігі.

Кәмелетке толмағандардың аутодеструктивті мінез-құлық белгілерін байқаған кезде білім беру ұйымының Психологиялық қызметінің өкілдері келесі шараларды қолданады:

- дереу білім беру ұйымының басшысына хабарлайды;
- себептерін барынша толық талдау және кәмелетке толмаған балаға көмек көрсетудің тиімді нысандарын анықтау мақсатында ата-аналармен (заңды өкілдермен) әңгіме жүргізу;
- кәмелетке толмаған баланың мазасыздануын және депрессиясын анықтау үшін психологиялық-педагогикалық диагностика жүргізеді;
- баланың жағдайы туралы қорытынды жасалып, дағдарысты жағдайдан шығу бойынша ұсыныстар беріледі;
- кәмелетке толмағандармен жеке профилактикалық жұмыс жоспары әзірленеді;

кәмелетке толмаған баланың психикалық ауытқуы бар деген күдік туындаған жағдайда тұрғылықты жері бойынша жалпы тәжірибелік дәрігерге немесе «Психикалық денсаулық орталығы» (әрі қарай - ПДО) ШЖҚ МКК-ның (шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын) суицидологиялық қызметіне жазбаша жолдама беріледі. Психикалық денсаулық орталығына педагог-психологтың және сынып жетекшісінің мінездемесі, психологиялық зерттеу нәтижелері, жеке профилактикалық жұмыс жоспары қоса беріледі;

- белсенді суицидтік әрекеттер болған жағдайда дереу жедел жәрдем шақырылады немесе кәмелетке толмаған баланы өздері денсаулық сақтау ұйымына жеткізеді.

Денсаулық сақтау орталығы суицидологиялық қызметінің қызметкерлері (психолог-суицидолог және суицидолог) білім беру ұйымының немесе жалпы тәжірибелік дәрігердің жолдамасы бойынша өз бетінше жүгінген, суицидтік мінез-құлық бар кәмелетке толмаған білім алушыны анықтаған кезде төмендегі құрамнан мамандар тобы құрылады:

- 1) психолог-суицидолог;
 - 2) суицидолог-дәрігер;
- балалар психиатры.*

ПДО психолог-суицидологы:

- 1) заңды өкілдің рұқсатын алады (қосымшада);
- 2) жеткіншек және оның ата-анасын (заңды өкілін) анықтауды жүзеге асырады;
- 3) педагог-психолог пен сынып жетекшісінен тексерілетін тұлғаның ерекшеліктерімен, психологиялық зерттеулердің нәтижелерімен, білім беру

ұйымының бағытының негіздерімен және педагог-психологпен жеке профилактикалық жұмыс жоспарымен танысады;

- 4) кәмелетке толмағандардың жеке басының үйлесімді дамуына кедергі келтіретін немесе бөгет ететін жағдайларды анықтайды;
- 5) эксперименталды психологиялық сараптама жүргізеді;
- 6) кәмелетке толмағандарға психопрофилактика, психокоррекция, психологиялық кеңес беру бойынша жұмысты жүзеге асырады, соның нәтижесінде кәмелетке толмағандарға және олардың туыстарына жеке және тұрмыстық психологиялық мәселелерін шешуге көмек көрсетеді;
- 7) психологиялық қолдау көрсетеді;
- 8) ағымдағы психоәлеуметтік стресс факторларымен жұмыс жасайды (ата-аналардың және (немесе) жақын туыстарының ауруы; қатыгездік, немқұрайлылық немесе қорқыту; оқу проблемалары; отбасылық жанжал, қарым-қатынас проблемалары, қолдаудың болмауы): ауырлық дәрежесін бағалайды және оларды жою бойынша шараларды қабылдайды;
- 9) өтініш берушілерді және олардың заңды өкілдерін күні, уақыты, әрбір іс бойынша қысқаша сипаттамасы көрсетіліп, тіркеу журналына тіркейді, жасырын жүгінген жағдайда - пациенттің айтуымен аты мен әкесінің аты (болған жағдайда), туған күні, тұрғылықты мекен-жайы көрсетіледі;
- 10) жіберуші ұйымға толық аты-жөнін көрсете отырып кері байланыс береді, кеңес беру күні мен уақыты және педагог-психологтың жұмысын ұйымдастыру бойынша ұсыныстар айтады (бұдан әрі педагог-психолог атқарылған жұмыс туралы есеп береді);
- 11) егер кәмелетке толмаған жеткіншектің психикалық ауытқуы бар деп күдіктенсе, ол балалар денсаулығын қорғау орталығының суицидолог дәрігерінің кеңесіне жібереді

Врач-суицидолог:

- 1) заңды өкілдің рұқсатын алады (қосымшада);
- 2) кәмелетке толмағанды және оның ата-анасын (заңды өкілін) анықтауды жүзеге асырады;
- 3) педагог-психолог пен сынып жетекшісінен тексерілетін тұлғаның ерекшеліктерімен, психологиялық зерттеулердің нәтижелерімен, білім беру ұйымының бағытының негіздерімен және педагог-психологпен жеке профилактикалық жұмыс жоспарымен танысуға;
- 4) анамнездік мәліметтерді жинайды;
- 5) психикалық жағдайын бағалайды;
- 6) өзіне-өзі қол жұмсау қаупінің дәрежесін айқындайды (өз-өзіне қол жұмсау қаупінің факторларын, бейімділік, күшейтетін және қорғаныш факторларын бағалаумен зерделеу) – аса қауіпті, орташа тәуекел, төмен тәуекел;
- 7) дифференциалды диагностиканы және синдромдық диагнозды қоюды жүргізеді;
- 8) өтініш берушілерді және олардың заңды өкілдерін күні, уақыты, әр істің қысқаша сипаттамасы, жасырын өтініш жасаған жағдайда – атын және әкесінің атын (болған жағдайда), туған жылын, тұрғылықты жерін көрсете отырып, тіркеу журналына тіркеуге; науқасқа сәйкес толтырылады;

9) жіберуші ұйымға толық аты-жөнін көрсете отырып кері байланысты қамтамасыз етеді, кеңес беру күні мен уақыты және педагог-психологтың жұмысын ұйымдастыру бойынша ұсыныстар енгізеді (бұдан әрі педагог-психолог атқарылған жұмыс туралы есеп береді);

10) дәрі-дәрмелік емдеуді тағайындау және/немесе госпитализациялау, стационарлық немесе амбулаторлық емдеу мәселесін шешу қажет болған жағдайда суицидолог-дәрігер балалар психиатрына хабарлайды.

Балалардың дәрігер-психиатры атқаратын қызметі:

1) пациенттің жеке басын анықтау;

2) клиникалық хаттамаларға сәйкес диагностикалық шаралар;

3) емдеу және бақылау жоспарын құру (терапевтік альянсты құру және қолдау; пациенттің қауіпсіздігін және қауіпсіз ортаны қамтамасыз ету; параметрлер мен емдеу жоспарын анықтау);

Емдеу мүмкіндігінше шектеулі, бірақ қауіпсіз және тиімді ортада жүзеге асырылады. Емдеу режимін таңдау еріксіз госпитализациядан кезеңді амбулаторлық баруға дейін өзгереді.

Емдеу жоспары мен параметрлерін анықтау кезінде келесі факторлар ескеріледі:

1) суицидтік тәуекел дәрежесі;

2) қатар жүретін психикалық, неврологиялық және соматикалық бұзылулар;

3) күшті психоәлеуметтік қолдаудың болуы;

4) өз-өзіне адекватты көмек көрсету, дәрігермен сенімді кері байланысты қамтамасыз ету және емдеуде ынтымақтасу мүмкіндігі;

5) басқаларға қауіп болуының ықтималдылығы

Емдеу стационарлық, стационардың орнын алмастырушы және амбулаторлық жағдайларда жүргізіледі.

Ауруханаға жатқызу қажет болған жағдайда дәрігерлік-консультациялық комиссия жиналады.

«Медициналық-әлеуметтік көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-224/2020 бұйрығының 109-тармағы 109-т. Қазақстан Республикасы халқының психикалық денсаулығын сақтау саласында»):

- госпитализация қай уақытта қажет - егер өз-өзіне қол жұмсау қаупі өте жоғары білім алушыда қорғаныс факторлары болмаған немесе жеткіліксіз болған жағдайда бір немесе бірнеше күшейтетін факторлар болса;

- госпитализация көрсетілген - егер өз-өзіне қол жұмсау қаупі өте жоғары білім алушыда бір немесе бірнеше күшейтетін факторлар болса және бір немесе бірнеше қорғаныс факторлары болса;

- госпитализациялау - өзіне-өзі қол жұмсау қаупі орташа білім алушыда бір немесе бірнеше күшейтетін факторлар болса, қорғаныс факторлары жоқ немесе жеткіліксіз болса;

Амбулаторлық емделуге көрсеткіштер ("Салада медициналық-әлеуметтік көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан

Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы №

ҚР ДСМ-224/2020 бұйрығының 113-тармағы Қазақстан Республикасы халқының психикалық денсаулығы»)

- 1) өзіне-өзі қол жұмсау қаупі орташа және (немесе) төмен білім алушыда күшейтетін факторлар болмаған кезде бір немесе бірнеше қорғаныс факторларының болуы;
- 2) ұсынылатын стационарлық және стационарды алмастыратын емдеуден бас тарту болуы.
- 3) *Стационарлық және амбулаторлық емдеуді таңдау кезінде (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы No ҚР ДСМ-224/2020 «Қазақстан Республикасында медициналық-әлеуметтік көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы» бұйрығының 115-тармағы Қазақстан Республикасы халқының психикалық денсаулығын сақтау саласы»):*

жағдайының күрт нашарлауы және (немесе) өзіне-өзі қол жұмсау әрекеті кезінде жедел ден қоюды қоса алғанда, емделуші топ мүшелерінің бақылау кестесі белгіленеді;

пациенттің айналасында отбасы және (немесе) туыстары және (немесе) достары және (немесе) заңды өкілдері қатысатын қауіпсіз орта жасалған.

Ұсынылатын және қолданылған әдебиеттер

1. Акажанова А.Т. Учебно-методический комплекс по дисциплине «Юридическая психология».- Алматы: Кайнар, 2000.— 75 с.
2. Акажанова А.Т., Ельшибаева К.Г. Практикум по Девиантологии / Учебно-методическое пособие.— Алматы: Заң әдебиеті, 2008.- 64 с.
3. Акажанова А.Т. Девиантология / Учебное пособие. - Алматы: Заң әдебиеті, 2008.— 114 с.
4. Акажанова А.Т. Психолого-педагогическая коррекция девиантного поведения несовершеннолетних / Учебно-методический комплекс.— Алматы: КазГосЖенПи, 2005.- 55 с.
5. Арғынбаев Х.А. Қазақ халқындағы семья және неке. Алматы. 1973.
6. Атемова Қ. «Қазақ отбасындағы тәрбие үрдісі», Қазақстан мектебі, №1, 2006.
7. Ахметжанова Н. «Мінез-құлқы қиын балалар», Ұлағат, 2001ж. №1.
8. Аяғанова Б., Тәжин А. Социология негіздері, Алматы: Ана тілі
9. Әбиев Ж.Ә., Бабаев С.Б., Құдиярова А.М. Педагогика: Оқу құралы. – Алматы: Дарын, - 2004.
10. Агеев В.С. Психологические и социальные функции полоролевых стереотипов // Вопросы психологии, 1987, № 2.
11. Ардашева С.В., Борозинец Н.М., Евмененко Е.В., Козловская Г.Ю. Психолого-педагогические проблемы насилия над детьми: учебно-методическое пособие. – Ставрополь, 2003.
12. Курасова Н.В. Сексуальное насилие в семье // Семейная психология и семейная психотерапия, 1997, №1.
13. Құсайынов А.Б., Серікова С.К., ж.м. Иманбаева Ж.А., Тілеубердин Е.А., Төтенше жағдайларда зардап шеккендерге психологиялық көмек көрсету және құтқарушыларды оңалту негіздері, Н-С, 2019
14. Лебединский В.В. Нарушения психического развития в детском возрасте. – М., 2005.
15. Морозова Н.Б., Парунцева И.А., Шаихова Б.З. Психогенные состояния у несовершеннолетних потерпевших // Депрессивные состояния в судебно-психиатрической практике. – М., 1989.
16. Насилие в семье: особенности психологической реабилитации / Под ред. Н.М. Платоновой, Ю.П. Платонова. – СПб., 2004.
17. Елшібаева К.Ғ., Жеткіншектердің арасында аутодеструктивті әрекеттердің алдын алу // - Ш., 2020
18. Елшібаева К.Ғ., Давлетова А.А., Еликулова М.Ж. Салауатты отбасының психологиялық климаты // - Ш., 2020
19. Менделевич В. Д. Психология девиантного поведения. Учебное пособие. — СПб.: Речь, 2005 - 445 с.
20. <https://socioline.ru/pages/r-merton-sotsialnaya-struktura-i-anomiya>
21. <https://knigogid.ru/books/11505-biheviorizm/toread>
22. Защита детей от жестокого обращения / под ред Е.Н. Волковой.

СПб.: Питер, 2007.

23. <https://www.thebalancecareers.com/teamwork-job-interview-questions-and-answers-2064066>

Мобильді топ құрамындағы мамандарды жедел психологиялық көмек көрсету бойынша дайындау

БАҒДАРЛАМАСЫ

1. Оқыс (экстремаль), дағдарысты және төтенше жағдайларға түсінік

2. Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарымен жұмыстың ерекшеліктері. Отбасылық зорлықтың салдары. Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбанының эмоциясы. Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарымен жұмыс жасайтын мамандарға ұсыныс.

3. Экстремалды жағдай психологиясы. Экстремальды жағдай әсерінің нәтижесінде психологиялық жарақат алған адамдарға психологиялық көмек принциптері:

Оқыс (экстремаль), дағдарысты және төтенше жағдайларға түсінік
*Экстремальды жағдай (лат. *extremus* — төтенше, қиын-қыстау) —*

адамның жекелік тұтастығынаа, амандығынаа, денсаулығына, өміріне қауіп төндіретіндей немесе субъективті қабылдайтында аяқ астынан болған жағдай.

Бұл әдеттегі, «қалыпты» адами тәжірибенің шекарасынан шығатын жағдайлар. Оның экстремалдылығын, олардың жағдаяттарында әрекет етуге дайын емес және бейімделмегендік факторларымен анықталады. Экстремалды жағдайдың дәрежесі осы факторлардың күшімен, ұзақтығымен, жанашылдығымен, әдеттен тыс көрініс алуымен анықталады. Экстремалды жағдай адам өмірінің немесе ол үшін маңызды жақындарына кәдімгідей объективті, нақты қауіп төндіріп қана қоймай, болып жатқан оқиғаға деген қатынасты да жасайтындықты атап өткен жөн. Бір жағдай әр нақты адам үшін жекелік түрде қабылданады, сондықтан да «экстремалдылық» критерийі тұлғаның ішкі, психологиялық тұрғыда болады.

Экстремалдылықты анықтау факторы ретінде келесі аспектілерді қарастыруға болады:

1. Жағдайдың жауапкершілігіне, жанашылдығына, қиындығына, қауіптілігіне байланысты әртүрлі эмоциогенді әсерлер.

2. Қажетті ақпараттардың жетіспеушілігі немесе қарама-қайшылықты ақпараттар дегінің көп болуы.

3. Шектен тыс психикалық, физикалық, эмоционалдық қысымның.

4. Жағымсыз климаттық жағдайдың әсері: ыстық, суық, кислород жетіспеушілік, т.б.

5. Аштықтың, шөліркеудің болуы.

Экстремальды жағдай (денсаулықтың немесе өмірді жоғалту қаупі) адамның базалық қажеттіліктерінің қауіпсіздігіне зиян келтіре, өмірдің тәртіпке сәйкес қандай да бір ережелермен ұйымдастырылғандығын, оны бақылауға болатындығына сенімін әжептәуір бұзады. Бұл адамның бойында дерттің дамуына мен психикалық бұзылысқа келтіруі мүмкін.

*Кризистік жағдай (греч. *krisis* — шешім, бұрылыс пункті, нәтиже) —*

қысқа мерзімде өзі және әлем туралы ойды өзгертуді талап ететін жағдай. Бұл өзгеріс позитивті де негативті де болуы мүмкін.

Дағдарыстан қашып құтылу мүмкі емес және қажет, бұл адам дамуының тұлғалық, топтық та, қоғамның, тіпті жалпы адамзат дамуының тұтас бір қоғалыс күштерінің бірі болып келеді.

Дағдарыс қандай жағдайда туындайды: әрекеттің бұрындары алынған үлгісі, жағдайды бірігіп игеруге жеткіліксіз болғанда. Дағдарысты жағдай мінез-құлықтың жаңа амал-тәсілдерін меңгеруге және жаңа мағынаны ойлап табуды талап етеді.

Дағдарыс – таңдау мен шешім қабылдау сәті болып табылады.

Сыртқы дағдарыс сыртқы мән-жайдың қорытындысында пайда болуы мүмкін: жарақат келтіретін оқиға (экстремалды жағдай) және оның салдары болып, жарақаттан кейінгі стрестік бұзылыс, есенгіреу жарақаты болуы мүмкін.

Ішкі тұлғалық дағдарыс – адам дамуының жаңа сатысына өту сәті. Ішкі дағдарыстар сөзсіз болады, сыртқы дағдарыстарға қарағанда айырмашылығы – ол қажет және болғаны да жөн. Кез келген дағдарыс – тұлғаның регрессивті және прогрессивті әрі қарай дамуы арасындағы әруақыттағы таңдауы. Мінеадамның алдағы өмірінің мәні осы таңдауға байланысты. Дағдарыс адамға білінбей өтуі мүмкін емес, ал күйзелістің қарқындылығы әр адамда әртүрлі өтуі мүмкін. Оның тереңдігі мен күші төмендегі факторларға байланысты.

- тұлғаның даму деңгейіне (жоғары болған сайын, дағдарыс жанға батуы да жоғары);

- әлеуметтік мәдениет ерекшеліктері;

- жекелік мінездеме ерекшеліктері;

- әлеуметтік мәртебесі, хал-ахуалына да байланысты.

Ішкі дағдарыс адамның жас ерекшеліктеріне байланысты қандай да бір кезеңдерге тіреледі:

Пубертатты кезең (13—15 жас). Бұл жеткіншектің өзінің ұқсастылық және бірегейлігін саналау мен ересектік әлемге енуімен байланысты. Оның осы кезеңдегі көп қайталайтын фразасы: «Мен мәнділікті іздеудемін».

Өзін-өзі анықтау дағдарысы (29—33 жылдар). «Мен мәнділікті өзгертемін» деге фраза болуы мүмкін».

Өмірдің екінші жартысы дағдарысы (45—55 жыл). Бұл жерде өз ісін іске асыру, өмірде кім болғысы келген масқатына жету бойынша күмәнмен уайымға салыну. Осы кезеңде өмірдің ақыры проблемасы күштірек ойландырады, ата-ананың бақилық болуы да мәселені шиеністірі мүмкін. Бұл кезеңнің фразасы: «Мен өмірдің мәнін жоғалтудамын».

Егде жастағылардың дағдарысы өмірдің мәнін жоғалту уайымымен байланысты, ата-аналарын, достарын, мамандығын жоғалтуы, керек болмай қалу және дәрменсіздік сезімдерімен көрініс алады. Бұл кезеңде жалғыздық сезімі проблемасы тым шиеліністе болады.

Дағдарыс табиғи түрдегі қиын-қыстау кезең үшін сияпт алатын жағдай ретінде қарастырылады және адамның алдыңғы өміріндегі себеп-салдарлы байланысы болады, бірақ та өткен тәжірибедегі оған белгілі амал-тәсілдермен

одан өте алмауы мүмкін. Олалдыңғы өмірдің негізін бұзушы, тағдырдың кейбір бұрмалаң пункті іспетті болып табылады, ал жаңа негіз әлі жоқ. Бақытына қарай, кейбір адамдар дағдарыстан өз беттерінше шығып та жатады.

Төтенше жағдай - адамның өміріне қауіп төндіріп, құрбандыққа апаратын, адам денсаулығына немесе қоршаған ортаға зиянын тигізетін, айтарлықтай материалды зақым келтіретін және адамдардың тіршілік жағдайларын бұзатын өрттен, апаттан, қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінен, табиғаттың қауіпті құбылыстарынан, катастрофадан, дүлей немесе басқа да апаттардың нәтижесінде орындалған, анықталған территориядағы ахуал.

2. Тұрмыстық зорлық құрбандарымен жұмыстың қыр-сыры. Отбасылық зорлықтың салдары. Тұрмыстық зорлықта болған құрбанның эмоциясы. Тұрмыстық зорлық құрбандарымен жұмыс жасайтын мамандарға ұсыныс.

Әлеуметтік зорлыққа қарағанда отбасындағы зорлық күрделірек проблема болып табылады. Осы салада жұмыс жасайтын мамандарға зорлық факторларымен ғана жұмыс жасап қоймай, оның құрамындағы «екінші» құрастырушылармен де жұмыс жасауға тура келеді: сезімдермен, нақты әлеуметтік және экономикалық жағдаяттармен. Сондықтан да, осыған байланысты отбасы зорлығына тап болған құрбандарға әлеуметтік..құқықтық қолдауды қоса отырып кешенді көмек жасалынады.

Отбасындағы зорлықтың салдары көбінесе жарақаттан соңғы стресстік бұзылыстардың симптомдарымен сәйкес келеді (ЖСБС):

Психологиялық деңгейде:

- ұйқының бұзылысы, неше алуан сұмдықтар, қайталана беретін естеліктер, зейінді шоғырландырудың күрделенуі, үрей мен қозудың жоғарылауы, гипербелсенділік, өзара қарым-қатынастың бұзылысы, қоғам қатынасының өшпенділігін сезінісі;

- физиологиялық деңгейде: ауа жетіспеушілік, асқазанда дискомфортты сезінісі, ішкі түйілулер, бас ауыруы, секске деген қызығушылықтың жоқтығы, тіпті толық немқұрайлылық;

- мінез-құлық деңгейінде: дене мүшесін зақымдаушылық, суицидалды әрекетке талпыныс немесе ойлау, маскүнемділікке салыну немесе есірткеге берілу, тамақтанудағы проблемалар (булимия немесе анорексия), сексуалды партнерларын әдепсіз, тым жиі ауыстыруы.

Зорлықты басынан өткізген адамда болған жағдайға өзін кінәлайды, сонымен бірге жәбірлеушіге деген жек көргіштік сезімі болады, зәресі ұшумен реніші, өз денесін қабылдамау мен бастарту да пайда болуы мүмкін. Кенеттен өзіндік бағасы төмендейді. Эмоциялық реакцияның формасы тұйықтықта, өз әлеміне еніп кетуден, қорқыныш сезімінің шиелінісінен, жалғыз қала алмаудан құрала бастайды.

Отбасылық зорлықты басынан кешірген адамға үйде отбасылық кеңес жүргізілмейді, себебі құпия ашылады немесе жанұя ажырасып кетеді деген сезім пайда болады; жәбірлеушіні кездесуге келтірмейді.

Отбасылық зорлық-зомбылыққа ұшыраған құрбанда төмендегідей эмоциялар пайда болады:

1. *Шарасыздық.* Жатталып қалған дәрменсіздік. Еркек әйелдің толық

дәрменсіздігін бекіте, өзінің толығымен билігін жүргізе алатындығын нығайтқан кезде әйелде осындай шарасыздық пайда болады. Еркек билігін жүргізуде жетістікке жеткен сайын, әйелдің өзіндік бағасы төмендей түседі, өз өміріне және болып жатқан оқиғаға бақылау жасай алмайтындай көрінеді. Сол еркекпен өзара қарым-қатынаста дәрменсіздік пайда болады және қорғалмағандық, пассивтілік, бірдеңе жасауға әрекет еткісі келмейтіндей күйде, іс-әрекет жасауға қабілеті одан да ары төмендей түседі.

2. *Қорқыныш*. Өз партнерының шүбәсіз күштілігіне, айбаттылығына, оның әйел үшін шешім қабылдау стратегиясына, оның үстінен толық бақылау жасауына байланысты, жаңа өмір бастауға, барлық белгісіздікке деген қорқыныш, әртүрлі өмірлік жағдаяттарға деген қорқыныштар пайда болуы мүмкін.

3. *Әбіржу, қозу*. Әбіржуліктің бірнеше себептері болады: онымен болып жатқанның барлығына оған деген реніш, осының бәріне “мүмкіндік” бергеніне өзіне деген ашу. Зорлық-зомбылықтың “себебі” болған, өз ойындағы наразылықты екінші, үшінші рет айтатын эмоциясын ішінде ұстауда осы тұста бар.

4. *Кінә*. Тығылып жатқан наразылығын айтуды бастай, әйел “тыныштықты сақтап” қалмағандығына, отбасындағы гармонияны сақтай алмағандығына, жеткілікті түрде “партнерының көңілінен шыға алмағандығына” өзін кінәлайды, қоғам әйелге артып қойған жауапкершілік туралы мифті қолдай отырып ол күйзелісте болады. Партнермен ерегісте, өзін-өзі игере алмағандығы үшін де өзін кінәлауы мүмкін.

5. *Қымсыну/ұялу*. Өмірдегі қиын минуттарды бастарынан кешіре, болып жатқан жағдайды ой елегінен өткізуге тырыса, өзін құрбан ретінде теңестіре, “ұрылып қалған” адам ретінде, олар өз тағдарын осылай таңдап алғандықтары үшін, өздерінің өмірлерінен ұялады.

6. *Психикалық саулығына күмәндану*. Еркектің сен жындысың деген стандартты айла-амалды қолдануы, оны өз психикасының амандығына мазасыздануға әкеледі. Негізінде солай ма екен күмән, оны өзін өзі тексеру үшін арнай мекемелерге жүгінеді, ал ол жерде зорлықтың негізгі себептерін білместен, диагноз қояды да емдей бастайды, бұл болса мифті бекітуге қолайлы жағдай.

7. *Махаббаттың жоғалуы*. Зорлыққа тап бола отырып, әйел аяушылықпен махаббат сезімін жоғалтпайды, осы сөнбеген сүйіспеншілік отбасында қалу қалмау шешіміне әсер етуі де мүмкін. Сонда да болса әйел өзара қарым-қатынасты үзген уақытта да, өткен шақтағы сезімдерді еске түсіре, партнерлар бірін-бірі сүйген сәттердегі жылы, керемет естеліктерді есіне алып, жабырқаушылық сезімдері аздау болып мүмкін. Тіпті еркекпен бір тұтастығын сезінісі, - әйел сәйкестігінің бөлінбейтін бір бөлігі болып есептеледі. Бұл сәттер әйелдер үшін ең ауыр болуы мүмкін, себебі жүрек пен ақыл-ойдың, эмоция мен мағынаның конфликтілері пайда болады. Олар қаншалықты иррационалды болса да, әйел өз сезімдеріне құқығы бар. Сол сәттегі сезімдерін тағы да бір рет

басынан өткізуі керек, ал әрі қарай талдап, талқылай алуы үшін, түсінуі мақсатында психологтың көмегіне жүгініп, сол ситуацияны тағы бір өз

санасымен ой елегінен өткізгені абзал.

8. *Эмоционалды/экономикалық тәуелділік.* Көптеген әйелдердің сәйкестендірілуі партнерінің ықпалына еніп, жоқ боп кетіп жатады. Сондықтан да әйелдерге түсіндіретін жай, олар күніге тоқпақтай беретін еркекпен бірігіп өмір сүргенше, партнерсыз да тіршілік ете алатындығын, уақытша жұмысқа орналаса алатындықтарын, немесе шуақты күн астында жалғыз қыдыра алатындығына көздерін жеткізу керек – бұл тәуелсіздіктің бастамасы.

9. *Оқшаулану (изоляция).* Бұл зорлық-зомбылықтан арылу мақсатында құрылған, көптеген өзара қарым-қатынастың негізгі аспектісі, сондықтан да осындай орындарды (мысалы, дағдарысты орталық) іздеп тақан абзал. Бұл жерде әйелдер өздеріне ұқсас тағдарлармен кездеседі, ой бөліседі, жырын- сырын айтып, шер тарқатады, психолог-кеңесшілер олармен жұмыс жасайды.

10. *Фрустрация.* Сәтсіздікке ұшырап қорқу себебі бойынша және өз-өзіне деген сенімсізден пайда болады. Ол жолым болмайды деп сезіне, нақты мақсаттарына жете алмаймын дей өзін артқа тарта береді. Шындық тұрғысында мақсатқа жетуде шағын қадаммен бастаса фрустрацияны төмендетуге болады.

11. *Ата-ана қамқорлығы.* отбасылық зорлық-зомбылықтан аман қалу проблемасына бар ойын шоғырландырған әйел адамның балалары ананың балаға деген назарынан тыс қалып жатады. Оны балаларына жолатпауы да мүмкін немесе аналық сүйіспеншілігін білдіру мүмкіндігінен айрады. Балалар ер адам шабуылының нысаны болуы да мүмкін. Осындайлардың салдарынан балалар да зардап шегіп жатады.

Зардап шеккен адам кәсіби психологиялық көмекке жүгінуі үшін, оның ерлік жасап, шешім қабылдауы, батылдық етіп маманға келуін қажет. Кейде зорлық болған сәттен көмек сұрап барған уақытқа дейін жылдар өтіп те кетеді. Әйелдер болған оқиғаны конструктивті (сындарлы) түрде басынан өткізіп ертерек өмір сүру сапасын жақсарту мүмкіндігін жоғалтып алып жатады. Қатты стресстік жағдайда дер кезінде маманның шұғыл психологиялық көмегіне сауатты түрде жүгіну, «зорлық-зомбылық құрбанынан» «зорлықты басынан өткізген адамға» айналады.

жарақаттық стресс

қиын-қыстау қақтығыс кезінде және одан кейін бірден – 2 тәулікке дейін



шиелініскен стресстік бұзылыс

қиын-қыстау қақтығыстан соң 1 ай көлемінде – 2 тәуліктен 4 аптаға дейін



жарақаттан

кейінгі

стресстік

бұзылыс

қиын-қыстау қақтығыстан соңғы 1 ай өткеннен кейін



тұлғаның

жарақаттан

кейінгі

бұзылысы

жарақатты басынан кешіргеннен соңғы бүкіл өмір бойы

Отбасындағы зорлық-зомбылық құрбанымен жұмыс жасайтын маман келесі ұсыныстарды білгені жөн:

1. зорлықты басынан өткізген адамның айтқан ақпараттармен ғана шектеліп қоймай, оның денесіндегі зақымды да айқындау;

2. сіздің сұхбаттасушыға қауіпті агрессордың немесе онымен бірге келген адамнан бөлек, куәгерсіз бөлек бөлмеде әңгіме жүргізіледі;

3. құрбан үшін сіз ең бірінші оған уақыт бөліп, көмек көрсететін жан болғандықтан, зорлық-зомбылық проблема туралы өз көзқарасыңызбен бөлісесіз;

4. үнемі ұру-соғу мен кемсітуге шыдап, өзінің сол күйіне мойынсынған әйелден, «құрбансың ба» деген сұрақ қоюдан аулақ болған жөн. Мынандай сұрақтарды қоюға болады: «Сіз біреумен төбелестіңіз бе?»; «Сізге біреу аурылқы түсірді ме?»; «Сізді біреу ұрды ма?».

5. Ұят деп қайғырып отырған әйелдің жағдайын түсінетінінзді айтып, оны сендірген дұрыс. Мұндай жағдайда жеке өмірі туралы айту өте қиын, сондықтан да «Сіз сондай адаммен қалай тұрып жатырсыз?»; «Зорлық-зомбылық сізге не береді?»; «Сіз сонда мұндай жағдайға жол бердіңіз?»; «Неге бұлай болды?» деген сұрақтарды қоюдан аулақ болыңыз.

6. Зорлық көрген құрбан адамға өз оқиғасын айтып беруге мүмкіндік беріңіз: сіздің оны тыңдай алатыныңызды, оған сенетінінзді сезінсін, сенсін сізге;

7. Оған өзінің сезімдерін санадан өткізуіне көмектесіңіз: ашулануға құқығы бар екендігін, оның ешқандай сезімдерінің бірін де жоққа шығармаңыз;

8. Әртүрлі ұлт, мәдениет және класс өкілдерінің әйелдері арасындағы айырмашылыққа өте мұқият болыңыз: алайда барлық әйелдер арасында ұқсастық бар, ешқандай да әйел стереотип болмайды, әрқайсысында өмірлік тәжірибе бар;

9. есіңізде болсын: проблемаларді шешуге көмектесуші қорғаныш реакциясының тиімділігін төмендететін дағдарысты жағдайда.

Маманның сезімдері мен реакциясына да көп мән беріледі. Осыған байланысты:

- өміріңізде болған зорлық-зомбылық қаншалықты рөл атқарғандығын есіңізге түсіріңіз, оған қарсы өзіңіздің күйзелісіңіз бен реакцияңыз, өз мақсатыңызды саналаңыз.

- нақты проблеманың шешімін табумен айналысыңыз, эмоционалдық қолдау көрсетіңіз, мінез-құлқының субъективті интерпретация жасаудан аулақ болыңыз.

- егер әйел патологиялық өзара қарым-қатынасқа қайта оралам десе, сіз түңіліп кетпеңіз: ашық болыңыз, өзіңіздің қауіптенетінінзді айтыңыз, оған көмек керек болса міндетті түрде хабарласуына болатындығын білдіріңіз.

- өмірінде оған құрмет көрсетіп тұрған ең алғашқы адам мүмкін сіз шығарсыз, оған көмек қажет болғанда қол ұшын созған да сіз шығарсыз, осыны ұмытпаңыз.

Телефон арқылы ақпарат қабылдаушы мамандар үшін кеңес:

1. дәл осы уақытта адам қауіпсіздік жағдайда ма, соны біліңіз;

2. балалар бар ма? Бар болса, жынысы мен жасын сұраңыз.

3. егер абонентке қауіпсіз баспауға баспана қажет болса, онда оның қолжетімді болуы – аса маңызды мәселе.

3. Экстремальды жағдайдың психологиясы

Соңғы кездері тұрмыстық зорлық проблемасының өзектілігі осындай жағдайда шұғыл психологиялық көмек көрсетуге қабілетті мамандарды дайындау қажет екендігін көрсетеді. Бұл мәселенің экстремальді жағдайда халыққа психологиялық көмек көрсетудің маңыздылығы мен соншалықты өзектілігіне қарамастан, қазіргі уақытта осы мәселе көптеген психологтар үшін жаңа тақырып болып тұр.

Физикалық күш көрсетілген зорлықпен байланысты жағдайда, қысқа мерзімде нақты өлім қауіпімен (күнделікті өмірде өлімді бір алыста немесе тіпті болымсыз дүние деп қабылдауға мүмкіндік бере, психика қорғаныш құрады) арпалыс өтеді. Мұндай жағдайда әлем бейнесі өзгереді, нақтылық қашып құтыла алмайтындай кездейсоқтықтарға тола сияқты болады. Адам өмірі екі бөлікке бөлінеді: «оқиға болғанға дейін» және «одан кейінгі». Зорлық-зомбылық құрбанында, оны қоршаған орта оның сезімдері мен уайым-қайғысын түсінбейтіндей болады. Бұл жерде, адам тіпті физикалық зорлықты басынан кешпесе де, бәрі бір қатты психикалық жарақат алатындығын есте сақтаған абзал.

Экстремалды жағдай психологиясы дағдарыстағы психика функциясының ерекшеліктерін зерттеумен бірге, практикалық қосымшаға байланысты теориялық аспектілері де бар. Шұғыл түрдегі психологиялық көмек мінез-құлықтың бұзылысының алдын алу мен психосоматикалық бұзылыстардың алдын алуда өте қажет. Ол адамның психикалықпен қоса соматикалық функцияларына бүлдіргіш әсер етуші психикалық хал-ахуалының негативті уайым-күйзелістері деңгейін теңестірумен қалыпқа түсіруді меңзейді. Бұл жерде психологиялық көмектің негізгі мәселесі, тұлғаның бейімделу және компенсаторлы ресурсын өзектілеу, экстремалды жағдайда негативті салдарын жеңу үшін психологиялық потенциалын жұмылдыру болып келеді. Зардап шеккендерге тиімді психологиялық көмектің салдары - экстремалды жағдайларда адамның мінез-құлқы мен психикалық халін оптимизациялау болып табылады.

Сексуалды зорлық-зомбылық көрген зардап шегуші қатты күйзеліс кешенін басынан өткізеді: кінәлау, ұят, шарасыздық, оқиғаны бақылай алмаушылық пен бағалай білмеушілік сезімі, «бәрі біліп қояды» деген қорқыныш, өз денесіне деген жиіркеніш. Зорлықшы (танысы немесе бөтен адам) болған кім, соған байланысты психологиялық жағынан жағдай әртүрлі сипатта қабылданады. Егер зорлықшы бөтен, танымайтын адам болса, құрбан бұл оқиғаның болу себебін көбінесе сыртқы жағдаяттардың (өте кеш уақыт, жолдың адамдар жүрмейтін жерінен, т.б.) болуынан көреді. Егер кінәлі адам таныс болса, зардап шеккен адам өзінің ішкі әлемінен іздейді (мінезі, т.б.). Адамды танысы оның келісімінсіз сексуалды қатынасқа түсуге зорлықпен мәжбүрлеуден соңғы стресстік реакция онша қатты болмайды, бірақ та ұзаққа созылады. Көмек беруші, реті келсе зардап шеккен адамның жынысынан болғаны абзал.

Психологиялық жарақат – адамның тіршілік етуіне төнген қауіп сияқты, оның қалыпты өмір сүруін бұзушы сияқты қабылданады, ол үшін жарақатты болады, яғни ерекше түрдегі қатты толғаныс, күйзеліс болып табылатын оқиға.

Шұғыл психологиялық көмек қатты стресстік жағдайдағы (немесе қатты стресстік бұзылыс) адамдарға көрсетіледі. Бұл жағдай эмоционалды және ақыл-ой ұйымсыздандырудың күйзелісті күйін білдіреді.

Психологиялық сезімталдықтың немесе қозудың жоғары деңгейдегі тұрақты симптомдары (стрессор әрекетіне дейін бақыланбаған) келесідегі кез келген екі түрімен білінеді:

- а) ұйықтаудың қиындығы немесе ұйқының сақталуы;
- ә) ашуланғыштық немесе ашудың қысуы;
- б) зейін шоғырлануының қиындығы;
- в) сергектік деңгейінің жоғарылығы;
- г) төрт төмпешік ми рефлексінің күшеюі.

Ә, б, в критерияларының сәйкестігі алты ай шамасында стресстің экспозициянан соң немесе оның әсерінен кейін басталатындығының алып тасталуы сирек кездеседі.

Жарақат алған уақыттан алыстамай тез арада кешіктірмей психологиялық көмек жасау, көптеген ұнамсыз салдардың созылмалы формасына ауысып кету процессінің алдын алуға мүмкіндік жасайды.

Экстремалды жағдайларда психологиялық көмектің өзіндік айрықша ерекшеліктері бар. Мұндай жағдайларда уақыттың жетіспеушілігімен байланысты әдеттегідей психологиялық әсер ету әдістерін қолдану мүмкін емес. Экстремалды жағдайларда психологиялық көмектің мақсаттары әртүрлі

болуы мүмкін: бір жағдайда қолдау көрсету, көмек; ал екіншісінде – бетін қайтару, мысалы, сыбыстар, байбалам; ал үшіншіде – келіссөздер жүргізу.

Экстремалды жағдайлардың әсерінен психологиялық жарақат алған адамдарға психологиялық көмек көрсету принциптері:

- кейінге қалдырмаушылық;
- қалыпты жағдай орнына келеді деп күту;
- психологиялық әсер етудің қарапайымдылығы мен тұтастығы.

Кейінге қалдырмаушылық зардап шегушіге тезірек көмек көрсету керектігін ұйғарады: жарақат алғаннан соң уақыт көбірек жіберілсе соншалықты оның созылмалы бұзылысқа айналып кетуіне жоғары деңгейде ықтималдылық бар, соның ішінде жарақаттан соңғы стресстік бұзылыс.

Стресстік жағдайды басынан кешкен адам *қалыпты жағдайына келеді деп күтуде* оған пациент ретінде қарамау керек, қалыпты күйдегі адам ретінде қатынас жасаған абзал. Қалыпты жағдайға тез келетініне сенімді түрде қолдау көрсету керек.

Психологиялық әсер етудің тұтастығы, оның қайнар көзі болып бір адам болғаны дұрыс, немесе психологиялық көмек көрсету процедурасы бір қалыпқа салу екендігін білдіреді дегенді көрсетеді.

Психологиялық әсердің қарапайымдылығы – зардап шегушіні жарақат алған жерден басқа жаққа апару, тамақпен, демалыс, қауіпсіз қоршаған орта және оны тыңдай білетіндей жағдаймен қамтамасыз ету болып табылады.

Шұғыл психологиялық көмектің мақсаты мен міндеттері индивидтің қатты байбаламды реакциясының алу мен бейімделу мүмкіндіктерін жоғарылату болып табылады.

Шұғыл психологиялық көмек көрсетуде мамандарға үшін ереже:

1. *Зардап шеккен адамға өзіңіздің оның қасында бірге екендігіңізді және құтқаруға іс-шара жасалынып жатқандығы туралы айтып, қолдау көрсету.*

Зардап шегуші болып жатқан жағдайда ол жалғыз емес екендігін сезіну керек. Қиянат көрген адамға, мысалы былай айтқан жөн: «Жедел жәрдем» келгенше мен сіздің жаныңызда боламын». Зардап шеккен адам қазір не болып жатқандығы туралы ақпаратты білу кере: «Жедел жәрдем» машинасы келе жатыр.

2. *Зардап шегушіні бөтен адамдардан оқшаулауға тырысыңыз.* Дағдарысты кезеңдерде бөтен адамдардың болғаны ол адамға жағымсыз әсер етеді. Егер еріккен адамдар кетпесе, оларды оқиға болған жерден тіпті қуып жіберуге де құқығыңыз бар.

3. *Денесіне контакт жасауда абай болыңыз.*

Денесіне жеңіл қолыңызды тигізу әдетте ол адамды тыныштандырады. Сондықтан да зардап шеккен адамды қолынан ұстап, иығынан қағыңыз. Оның басы немесе басқа денесіне жанасу немесе тимеуге тырысқан жөн. Залдап шеккен адам қандай қалыпта тұр, сондай қалыпта тұруға тырысыңыз. Тіпті медициналық көмек көрсетсеңіз де қиналып тұрған жанмен бір деңгейде болыңыз.

4. *Сөйлеңіз және тыңдаңыз.*

Мұқият тыңдаңыз, сөзін бөлмеңіз, шыдамды болыңыз, қиналған адам ішіндегінің барлығын сарқып болғанша үндемей тыңдауға тырысыңыз. Оны белсенді тыңдаңыз, оның сезімдері мен ой бөлісуіне зейініңізді шоғарландыры, мұқият болыңыз. Позитивті қайталап айта беріңіз. Өзіңіз сабырлы сарында сөйлеңіз, зардап шегуші есін жоғалтса да сабырлы күйіңіз бен бір сарынды дауыстан ажырамаңыз. Қызбалыққа салынбаңыз. Жазғырып, кінәлаудан аулақ болыңыз. Қианлыста тұрған адамнан сұраңыз: «Мен бірдеңе жасай аламын ба?». Егер онымен бірге қайғырып тұрған болсаңыз, ұялмаңыз, оны оған ашық айта берсеңіз болады.

5. Дағдарысты кезеңдерде зардап шегуші әр уақытта психикалық қозуда болатындығын ұмытпаңыз. Бұл қалыпты жағдай.

6. Бірден әрекетке кіріспеңіз. Жан жағыңызға қараңыз, ең бірінші кімге көмек (психологиялық көмектен басқа) керек, соны бақылаңыз. Бұған 30 секундтай уақыт жіберіңіз, ал зардап шегушілер бірнешеу болатын болса, әр қиын халдегі адамға бес минуттан уақыт бөліңіз.

7. Өзіңіздің аты-жөніңізді дәл айтыңыз, қандай қызмет атқаратыныңызды жеткізіңіз. Көмек қажет адамдардың есімдерін біліп алыңыз.

8. Зардап шеккен адамды еш уақытта кінәламаңыз.

9. Кәсіби компетентность адамды тыныштандырады. Өзіңіздің мамандығыз бен тәжірибеңіз туралы оған әңгімелеп беріңіз.

10. Зардап шеккен адамға оның өзінің құзіреттігіне сенуін білдіріңіз. Оған ол жасай алатын таспсырма беріңіз. Оның өз сезімдеріне бақылау пайда болуы үшін өзінің қабілеттерінің бар екендігіне көз жеткізу үшін қолданыңыз.

11. Қиналыстағы жанға, онымен бірге қалатыныңызды жеткізіңіз. Басқа

шаруаларға кететін болсаңыз, оның қасына қалдыру үшін басқа маман немесе басқа адамды орынбасар ретінде, қиналыстағы адаммен не істеу керектігі жөнінде нұсқаулық беріңіз.

12. Зардап шеккен адамға көмек беру үшін сол адамның жанындағы адамдарды тартыңыз. Оларға нұсқаулық беріп, қарапайым тапсырмалар беріңіз. Кімнің де болса намысына тиетін, кінәлілік сезімін туындататын сөздерден аулақ болыңыз.

13. Зардап шеккен адамды артық адамдардың назарынан алшақ ұстаған жөн, кері әсерін беретін сұрақ қойғыштырдан қорғау керек. Қызыққұмарларға басқа тапсырмалар беріп, оларды аластаған абзал.

Шұғыл психологиялық көмек техникалары

Экстремалды жағдайларда адамда келесі симптомдар болуы мүмкін:

1. Сандырақ және галлюцинация
2. Селқостық
3. Мелшиіп қатып қалушылық
4. Қимыл-қозғалысты қызбалық
5. Агрессия
6. Қорқыныш
7. Есіру
8. Дірілдеп, қалшылдау
9. Жылау

Бұл жерде маманның көмегі ең бірінші зардап шегушінің жүйке жүйесін «бәсеңдетуге» жағдай жасаудан басталады.

1. Сандырақ пен галлюцинация. Қиын-қыстау сәт адамда қатты стресс туындатады, жүйкенің қысымына келтіреді, ағзада тепе-теңдікті бұзады, денсаулыққа тұтасымен жағымсыз әсерін береді – физикалық тұрғыда да, психикалық жағынан да. Бұрындары бар болған психикалық дертті қоздыруы да мүмкін.

Сандырақтың негізгі белгілері: зардап шеккен адамды оның кәте екендігіне иландыруға мүмкін болмайтын жалған ұғым немесе ой қорытындысы.

Галлюцинацияның негізгі белгілері: қазіргі сәтте сезім мүшелеріне әсер етуге сәйкес келмейтін қиялындағы нысандарға деген түйсіктердің болуы (дауыс есту, адамдарды көру, иіс сезіну, т.б.).

Маманның көмегі:

1. Медицина қызметкерлеріне хабарласыңыз, жедел психиатрлық көмек бригадасын шақыртыңыз.
2. Мамандар келгенше зардап шеккен адам төңірегіндегілер мен өзіне зиянын тигізбеуін қадағалаңыз. Қауіп төндіретін ықтималды заттарды одан алып қойыңыз.
3. Зардап шеккен адамды оқаулаңыз және оны жалғыз қалдырмаңыз.
4. Зардап шеккен адаммен сабырлы дауыспен сөйлесіңіз. Ол не айтса да келісе беріңіз, оның бетін қайтарам деп тырыспаңыз. Мұндай жағдайда зорлық көрген адамды басқаша иландыру мүмкін еместігі есіңізде болсын.

2. Апатия (селқостық)

- ұзақ, бірақ сәтсіз жұмыстан соң болатын қысым, шиелініс;
- адам өзінің шындап келгендегі сәтсіздігіне шыдап-шыдап, соңында өзінің іс-әрекетінің маңыздылығын көруден қалған жағдай;
- біреуді құтқара алмаған жағдайда, қатерге ұшыраған жақын адамы апатқа ұшырағанда.

Шаршағандық сезімі пайда болады – қозғалғың де, сөйлегің де келмейді, қозғалыс пен сөз әрең әрең, қиналыспен шығады. Жан дүниенде – бос, немқұрайлылық, тіпті сезіміңді білдіруге де шамаң жоқ. Егер адамды қолдаусыз, осы күйінде көмексіз қалдырса, селсоқтық терең депрессияға (өте ауыр және жанды жейтін эмоциялар, пассивті әрекет, кінәлілік сезімі, өмірлік қиындықтарға төтеп бере алмай, дәрменсіздік, болашақсыз, т.б.) айналып кетуі мүмкін. Селсоқтық жағдайында адам бірнеше сағаттан бастап, бірнеше аптаға дейін созылуы мүмкін.

Селсоқтықтың негізгі белгілері:

- қоршаған ортаға деген немқұрайлы қарым-қатынас;
- сылбырлық, тежеліс;
- ақырын, ұзақ үзіліспен сөйлеу

Маманның көмегі:

1. Зардап шеккен адаммен сөйлесіңіз. Оған бірнеше сұрақтар қойыңыз: «Сенің атың кім?»; «Өзіңді қалай сезінудесің?»; «Тамақ ішкің келеді ме?».
2. Зардап шеккен адамды демалатын орынға орналастырыңыз, ыңғайлы отыруына көмектесіңіз (сіндетті түрде аяқкиімін шешуге көмектесіңіз).
3. Егер зардап шеккен адам рұқсат берсе, оны қолынан ұстап немесе қолыңызды оның маңдайына қойыңыз.
4. Зардап шеккен адамның ұйықтауына немесе тек жатуына мүмкіндік жасаңыз.

5. Демалысқа мүмкіндік болмаса (оқиға көшеде болған болса, қоғамдық көлікте, отаның аяқталуын ауруханада күту), онда зардап шеккен адаммен көбірек сөйлесіңіз, кез келген нәрсені бірге жасауға тырысыңыз: қыдыру, шай немесе кофе ішу, көмекті қажет етуші айналадағыларға көмектесу.

3. Мелшиіп қатып қалушылық. Ағзаның ең күшті қорғаныш реакцияларының бірі. Жүйкенің қатты күйзелісінен соң (жарылыс, шабуыл, қатаң зорлық), аман қалуға соншама энергия жібергеннен кейін, төңірегіндегі әлеммен контактіге түсуге күш те қалмайды.

Мелшиіп қатып қалу бірнеше минуттерден бірнеше сағаттарға созылады. Мұндай жағдайда көбірек болып қалған уақытта, физикалық титықтап қалады, сондықтан да зардап шеккен адамға міндетті түрді тезірек көмек көрсеткен абзал. Сыртқы әлеммен контакт болмаған соң зардап шегуші төніп келе жатқан қауіпті сезбеуі де мүмкін, сондықтан да ол қашып құтылуға әрекет жасамайды.

Мелшиіп қатып қалудың негізгі белгілері:

- ерікті қимыл-қозғалыстар мен сөйлеуінің төмендеуі немесе жоқтығы;
- сыртқы қоздырғыштарға деген реакцияның болмауы (шу, свет, жанасу, шымшу);
- бір позада «қатып қалған», мелшиіп қалу (numbing), толық қимылсыздық жағдай;

- бөлек бөлек бұлшықеттер тобының қысымы болуы мүмкін.

Маманның көмегі:

1. Жедел жәрдем бригаданы көмекке шақыру.
2. Екі қолының саусақтарын бүгіңіз де оларды алақанға қарай жабыстыра қысыңыз. Бас бармақтары сыртқа қарай қарап тұрсын.



3. Бас бармақ пен сұқ саусақтарыңыздың ұштарымен зардап шеккен адамның маңдайындағы нүктелерін, көздерінің үстіндегі тура шаш өсіп тұрған сызықтар мен қастарының ортасындағы дәл көз қарашықтарының үстіңгі тұсындағы нүктелерді уқалаңыз.

4. Адам сілейіп, қатып тұрғанда ол көре де алады, ести де алады. Сондықтан да оның құлағына ақырындап айқын, анық, ширақ түрде қатты эмоция шақыру үшін сыбырлауға болады (дұрысы, негативті сөздермен). Қандай да болмасын амалдармен оны мелшиіп тұру күйінен шығаруға тырысу керек.

4.Қимыл-қозғалысты қызбалылық. Кейде қиын-қыстау (жарылыс, апат) жағдайынан қатты толғаныстың соншалықты қатты болғаны сондай, адам төңірегінде не болып жатқанды түсінуден қалады. Ол кімнің дос, кімнің қас екенін, қауіп қайдан төніп тұр, құтқарушы қайда, қалай, айыра алмайды. Адам логикалық ойлау мен шешім қабылдауға қабілетсіз болады, торда қамалған жануар, аң сияқты болып қалады.



Қимыл-қозғалысты қызбалылықтың негізгі белгілері:

- кенеттен қимылдар, көбінесе мақсатсыз және мәнсіз қозғалыстар:

- Қатты дауспен сөйлеуі немесе белсенді сөздері (адам тоқтамастан сөйлей береді, кейде мән-мағынасыз сөздерді айтуы);
- Айналасындағылардың ескертуіне көңіл де аудармауы жиі болады (ескертуге, өтінішке, бұйрыққа)

Маманның көмегі:

1. Ол сезініп тұрған сезімдері туралы сабырлы дауыспен айтыңыз.
(«Осылар тоқтау үшін сен бірдеңе жасағың келіп тұр ма? Сен болып жатқан оқиғадан қашып кеткің кеп тұр ма?»)
2. Зардап шегушімен дауласпаңыз, сөйлегенде жағымсыз әрекеттерді жасауды доғаратын «болмайды» деген жұрнақты қоспаңыз (мысалы, «жүгірме»,

«қолдарыңды сермелеме», «айқайлама»).

3. Зардап шегуші өзі мен айналасындағыларға зиянын келтіруі мүмкін екендігін есіңізге ұстаңыз.

4. Зардап шеккен адамды оқшаулаңыз.

5. Оның рұқсатымен «позитвті» нүктелерін уқалаңыз.

6. Қимыл-қозғалысты қызбалылық әдетте көпке

созылмайды,

дірілдеп қалшылдауға, агрессиялы жылау әрекетіне ауысуы мүмкін (мұндай жағдайда көмек көрсетуді қараңыз).



Егер қажет болса, «қармап алу» сияқты физикалық ресурстар қолдануға болады: арт жағында тұрып, екі қолтықтарына сұғыңыз да өзіңізге тартып, қыса шалқайтыңыз.



5. *Агрессия.* Іс-әрекеттің агрессиясы – адам ағзасы ішкі жоғарғы қысымды төмендетуге «тырысқан» келе еріксіз амалдардың бірі. Ыза мен агрессияның көрініс беруі ұзақ уақытқа сақталып, зардап шеккен адам мен айналасындағыларға кедергі болуы мүмкін.

Агрессияның негізгі белгілері:

- ашушандық, көңілі толмаушылық, ыза (кез келген нәрсеге, тіпті мардымсыз себептерге де);
- төңірегіндегілерге қолдарымен немесе кез келген затпен соғып жібері;
- сөзбен балағаттау, сандықрақпен;
- бұлшықеттерінің қысымы;
- қан қысымының көтерілуі.

Маманның көмегі:

1. Төңірегіндегі адамдар санын барынша азайтыңыз;
2. Зардап шеккен адамға ішіндегі «толып тұрған буды сыртқа шығаруға» мүмкін беру (мысалы, ішіндегінің бәрін айтсын немесе жастықты барынша ұрғыласын);
3. Оған ең жоғары деңгейдегі физикалық қара жұмысты жасауға

93

ұсыныс жасаңыз;

4. Оған тілектестігіңізді көрсетіңіз. Тіпті сіз онымен келіспесеңіз де оның жасаған істерін айтыңыз, тек кінәламаңыз. Әйтпесе агрессиялы әрекеттері сізге бағытталады. Былайша айтуға болмайды: «Мәә, неғылған адамсың, ә?!». Оның орнына: «Сен қатты ызадасың, сен барлығының бытшытын шығарғың келеді ме, кел онда бірігіп осы жағдайдан шығудың амалын жасайық».

5. Қазіргі ахуалды бәсеңдету мақсатында күлкілі комментариялармен

немесе іс-әрекет жасауға тырысыңыз;

6. Агрессия жазалаумен қорқыту арқылы бетін қайтаруға болады:

- егер агрессивті мінез-құлықтан бір пайда алу мақсаты болмаса;
- егер жазалау қатаң болса оның болу ықтималдылығы жоғары.

7. Егер аласұрып ызаланған адамға көмек берілмесе, салдары қауіпті болуы мүмкін: өз іс-әрекеттеріне бақылауы төмендегендіктен адам ойламаған жерден өзіне немесе басқаларға зақым жасауы мүмкін.

6.Қорқыныш. Адам денсаулығы мен амандығы үшін нақты және алдамшы қауіпті басынан өткізеді. Оның күші мен ресурстары жұмылдырылған болса, ол оқиғаның аяқ астынан дамуына, өте қысқа мерзімде бағыт-бағдар алады, күшін есептеп, шешім қабылдауға да дайын болады: қашу, тығылу немесе бірдеңеге қарсы тұру, егер қашатын жері болмаса бойы энергиясы мен күшке тола болады, оның барлық энергиясы өзінің денсаулығына зиянын тигізуі мүмкін.

Қорқыныштың негізгі белгілері:


- Бұлшықеттерінің қысымы (әсіресе жақ бұлшықеттерінің); Қатты жүрек қағысы;

- Үстірт тыныстауының жиілігі;

- Өзінің іс-әрекетіне бақылауының төмендеуі.

Үрейлі қорқыныш, зәресінің ұшуы оны қашуға

итермелеуі немесе мелшиіп қатып қалуға, қозу, агрессиялы әрекетке апаруы мүмкін. Осы тұста адам өзін бақылауда ұстай алмайды, айналада не болып жатыр, ол өзі не жасауда, саналай алмайды.



Маманның көмегі:

1. Зардап шеккен адамның рұқсатымен оның қолын өзіңіздің білегіңізге қойыңыз, сіздің сабырлы пульсіңізді ол сезінуі керек. Бұл ол үшін белгі болаып табылады: «Мен сенімен біргемін, сен жалғыз емессің!»

2. Терең және біркелкі тыныстаңыз. Зардап шеккен адамға өзіңізбен бір ритмде тыныстауға түрткі жасаңыз.

3. Егер зардап шеккен адам сізбен сөйлескісі келсе, қызығушылық танытқаныңызды, түсінетіндігіңізді, қабылдайтыныңызды айтып білдіріңіз.

4. Зардап шеккен адамның ең көбірек қысымда тұрған бұлшықеттерін уқалауға ұсыныс жасаңыз немесе оның рұқсатымен өзіңіз уқалап беріңіз.

7. *Дірілдеп, қалшылдау.* Экстермальды жағдайдан соң бақылауға келмейтін дірілдеп, қалшылдау басталады (адам өз еркімен бұл реакцияны

тоқтата алмайды). Осындай күйде ағза қысымды «лақтырады».

Егер бұл реакцияны тоқтатса, қысым іште, денеде қалып қояды да бұлшықеттік ауыруын шақырады, ал болашақта гипертония, ойық жара (язва), қатерлі ісік, т.б. сияқты өте қауіпті дерттердің ұлғаюына ұласып кетуі мүмкін.

Дірілдің негізгі белгілері:

- Қалшылдау кенеттен пайда болады – инциденттен соң немесе біршама уақыт өткеннен соң болуы мүмкін;
- Бүкіл денесінде немесе дененің кейбір бөліктерінде қатты діріл пайда болады (адам қолдарына ұсақ заттарды да ұстай алмауы, тіпті темекіні де тұтата алмауы);
- Реакция соншалық ұзақ уақытқа созылуы мүмкін (бірнеше сағатқа дейін);
- Содан соң адам қатты шаршағандығын білдіреді де демалғысы келетіндігін білдіреді;



Маманның көмегі:

1. Дірілді күшейту керек.
2. Зардап шеккен адамды иығынан қатты ұстап алып күшпен 10-15 секундтай сілкілеңіз.
3. Онымен сөйлесуді жалғастыра беріңіз, әйтпеген күнде ол сіздің әрекетіңізді шабуыл жасап жатыр деп түсінуі мүмкін.
4. Реакция болғаннан соң зардап шеккен адамға демалуға мүмкіндік жасаңыз. Реті келсе оны ұйықтайтында жағдай беріңіз.

Болмайды:

- зардап шеккен адамды құшақтап немесе өзіңізге тартып қысуға болмайды;
- оны жылы көрпемен үстін жауып қойыңыз;
- зардап шеккен адамды тыныштандыру, ол өзін-өзі қолына алсын деп айту.

8. *Жылау.* Адам жылаған уақытта ішкі дүниесінде оны тыныштандыратын қасиеті бар заттек (вещество) бөлініп шығады. Егер қасында шерін тарқатуға адам болса жақсы.

Жылаудың негізгі белгілері:

- адам жылап жатыр немесе еңіреп тұрып жылауға шақ тұр;
- еріндері дірілдеңкірейді;
- өзін-өзі басып тастағандай сезіледі;
- есіруге қарағанда қозу белгілері жоқ.

Егер адам көз жасын тежесе, эмоуһционалдық босаңсу, жеңілдену болмайды. Егер жағдай әрі қарай созылатын болса, ішкі қысым адамның физикалық және психикалық денсаулығына зиянын тигізеді.

Маманның көмегі: :

1. зардап шеккен адамды жалғыз қалдырмаңыз.
2. Физикалық контакт жасаңыз, егер ол рұқсат берсе оны қолынан ұстаңыз, қолыңызбен оның арқасын ұстауыңызға болады, оны басынан сипаңыз. Сіз оның қасында екендігіңізді сезінуі керек.

3. Оны «белсенді тыңдап отыру» тәсілін жасаңыз (ол зардап шеккен адамның ішкі қайғысын сыртқа шығаруға көмектеседі): әлсін-әлсін «ага», «иә», басыңызды изеп мақұлап қою, т.б. амалдармен оны мұқият тыңдап отырғаныңызды, бірге екендігіңізді білдіріңіз; ол адамның сезімерін білдіріп айтқан сөздерінен фразаны қайталаңыз; өз сезімдеріңізді және оның сезімдері туралы айтыңыз.

4. Оны тыныштандырмаңыз. Жылап, ішкі жан дүниесін кернеп тұрған сөздерінің бәрін айтуға, қағы мен мұңды, қорқыныш, реніш, өкеп, бәрін шығаруға мүмкіндік беріңіз.

5. Сұрақтар қоймаңыз, ақыл айтпаңыз, кеңес бермеңіз. Сіздің міндетіңіз – мұқият тыңдау.

8. *Есіру (Истерика)*. Ұстамалы есіру бірнеше минту немесе бірнеше сағаттарға созылады..

Есірудің негізгі белгілері:

- сана сақталады, бәрін біліп отырады;
- шектен тыс қозу, көптеген қимылдар, тераланған қалып (поза);
- сөзі эмоционалды әрленген, тез айтады;
- айқай, еңіреп жылау, боздау.

Маманның көмегі:

1. Көрермендерден арылыңыз, тыныш жағдай жасаңыз, Зардап шеккен адаммен қауіпсіз болса ғана жеке қалыңыз.

2. Кенеттен оны қатты таңқалдырып және назарын аудартатын әрекетті жасаңыз: затты тарс-тұрс еткізіп тастап жіберіңіз немесе құлатыңыз, кенеттен бірдеңе деп айқай салыңыз, аяқтарыңызбен жерді тарсылдата тебіңіз.

3. Зардап шеккен адаммен қысқа да нұсқа сенімді түрде сөйлесіңіз: («Су іш!», «Жуын!»).

4. Есіргеннен соң адамда күші кетіп әлсіреп қалады. Оны ұйқыға жатқызыңыз. Медицина қызметкерлері келгенше оның жағдайын қадағалап тұрыңыз.

5. Зардап шеккен адамның барлық тілек-талабына көне бермеңіз.

4. Оған өзіңіздің қолдауыңызды көрсететінін білдіріңіз.

5. Егер зардап шеккен адам болған оқиға туралы айта бастаса, барлық детальді түрде айтуына, жағдаятқа байланысты эмоция жөнінде айта беруіне байқатпай жол бермеңіз. Оның мына түрде айтуына жеткізіңіз: «Бұл менің кінәм емес, кінәлі зорлықшы»; «Мұндай жағдайда барлық мүмкін жасалынатын нәрсе жасалынды».

6. Егер зардап шеккен адам милицияға барамын десе, бірге барыңыз. Арыз жазарда болған оқиғаның егже-тегжейлеріне дейін оған айтуға тура келеді, тағы есіне түседі, ол қайта сорақы күйге түсуі мүмкін, сондықтан да сіздің көмегіңіз қажет болады.

Білім беру ұйымдарындағы білім алушылар арасында аутодеструктивті мінез-құлықты әрекеттердің алдын алу бағдарламасы

Мақсаты: білім беру үдерісіне қатысушылардың психологиялық саулығын қолдау

Суицидтік іс-әрекетке тікелей себеп - дау-дамайдың пайда болуы. Дау-дамай дегеніміз - белгілі бір адамның маңызды, құнды ұстанымына әсер етуші жағымсыз әрекет, күйзеліс тудыратын жағдай. Бұл жақын адамның қазасы, түсініспеген махаббат, жауапсыз махаббат, жалпы қарым-қатынастың бұзылы және т.б. болуы мүмкін. Басқаларға қарағанда өзін төмен сезіну, айтылған кез-келген сөзді жазғыру сияқты қабылдаудан пайда болған күйзелістен туындайтыны жиі кездеседі.

Дау-дамайдың жиі болуына, созылмалы, бұрыннан келе жатқан күйзелістік жағдайларға немесе аяқ астынан пайда болған қиыншылықтарға жауап ретінде әлеуметтік-психологиялық жағынан бірден бейімделе алмау әсер етеді. Суицид қаупі туатын жеткіншектерде жалғыздықты сезіну, ешкімнен көмек күтпеушілік, қайғырушылық, менмендік көріністерінің тереңдеуі, басқаның қуанышы мен қайғысына ортақтасуға құлқы болмаушылық жиі кездеседі. Рухани құндылықтың кесілуі басқаларға қарағанда өмір тәжірибесі жеткіншекті тығырыққа әкеп тіркейді. Сондықтан кез келген шағын дау-дамайдың өзі суицидтік әрекетке алғышарт болуы мүмкін.

Тәрбиедегі ақаулық, дене жазасының басымдылығы, балада эмоциялық тұрақсыздықтың дамуына, эмоциялық қимыл-қозғалыс деңгейінің жоғарлауына әкелетіні жиі кездеседі. Ата-аналардың тым қаталдығы, олардың өз беделдерін басты орынға қоюы немесе балаға шектен тыс қамқорлық жасау – жасөспірімдерге кері әсерін тигізеді.

Мектептегі тұлғааралық қатынастың пайдалылығы

Жасөспірімдер арасындағы суицидтің көрініс алуына жанама себептердің бірі мектептегі тұлғааралық қарым-қатынастың дұрыс еместігі болуы ықтимал. Сынып ұжымын қалыптастыруға педагогтердің оқушылармен байланыс стилін дұрыстауға, оқушылардың білім алу қызметін жақсартуға, оқушыларды әлеуметтік маңызы бар қызмет түрлеріне баулуға, мектепте өзін – өзі басқару органын ұйымдастыруға, оқушылардың әлеуметтік тұрғыда мақұлданған тіршілік әрекеттеріне (мәдениет, спорт, өнер, ғылым және т.б.) араласуға тарту бойынша шараларын өткізген жөн.

Кейбір сынып жетекшілері өз міндеттеріне атүсті қарап, баланың басындағы болған жағдаяттан хабарсыз болады, оқушының сабаққа қатсуы мен үлгеріміне бақылау жасамайды. Осындай салғырттық оқушыға қажетті көмекті дер кезінде көрсетіп, тиісті шаралар ұйымдастыруға кедергі келтіреді. Баланы балағаттау, кемсіту, тіл тигізу, жағдайларын, педагогтар тарапынан психологиялық және дене зорлығын болдырмау мақсатында мектеп әкімшілігі мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты қатаң қадағалап, бақылауға алғандары дұрыс.

Психолог-маман мұғалімдер мен ата-аналарға суицидтің не екендігін, оның көрініс беру факторларын, күйзелісте, жабығуда жүрген балалардың қандай күйде болатындығын жете түсіндіру қажет. Ата-анасына қарсы шығып, шарапқа әуестенген, темекі тартқан, буллинг, төбелескен кез келген жасөспірімнің күйзелісті күйде жүруі әбден мүмкін.

Сонымен қатар жеткіншектерде түпкі ойы өлімге негізделмеген, суицидтік әрекетті қулық ретінде жасау жиі байқалады. Өзінің өлімінің жақындарына қалай әсер ететіні білгісі келу, мысалы, «Менің атым – Қожа» повесіндегі Қожа мен Сұлтан әрекеттері немесе «екінші рет туылам» деген аңғал үмітінің болуы.

Жас суициденттердің басым көпшілігенде өз мүмкіндіктеріне сәйкес келмесе де өздеріне жоғары талап қою жиі кездеседі.

Белгілі бір нақты себептермен баласын рухани және эмоциялық тепе-теңдікпен қамтамасыз ете алмаған отбасы, оның суицидтік әрекет жасауына түрткі болып табылатынын атап өткен жөн. Жасөспірімдердің арасындағы суицидтің 92%-на дейін, отбасындағы келеңсіз жағдайларға байланысты туындайтынын өмір тәжірибесі көрсетіп отыр.

Өз-өзіне қол жұмсау себептері

Көмек іздеу – өзіне қол жұмсауды ойлайтындардың көбісі өлгілері келмейді. Өзін-өзі өлтіруді олар бір нәрсеге қол жеткізу үшін құрал ретінде пайдаланады (мысалы, өзіне назар аударту, сүйіспеншілік, махаббат, проблемалардан құтылу, үмітсіздік сезімінен арылу...).

Үмітсіздік – өмір мәнсіз, болашаққа үміт артуға болмайды. Өмірді жақсартуға өзгерістер енгізуге еш үміттің жоқтығы.

Шарасыздық - барлық проблемалар шешілмейтіндей көрінеді. Оларды бір-бірлеп шешуге ойын шоғырландыра алмайды.

Басқа адамның жанын ауыртуға әрекет жасау - «олар әлі өкінетін болады», яғни кек алу.

Проблеманы шешу/қашу жолы - кейде адам өз-өзіне қол жұмсау арқылы проблемаларын өзімен бірге алып кетіп, отбасына жеңілдік жасаймын деп ойлайды.

Батылдығы мен күшін көрсету - батыл және күшті адам ғана өз-өзіне қол жұмсауға қабілетті деген ұғым қалыптасқан.

Суицидтік мінез-құлық – суицидтік белсенділіктің-ойдың, талпыныстың, қастандықтың, суицидтік әрекеттер мен өзіне қасірет келтірудің пайда болуы.

Суицидтік мінез-құлық өз мөлшерінде де психоауытқуларсыз, психопаттық мінез-құлықта да өзіне назар аудару мінез-құлында да кездеседі, соңғысы аса аффективті немесе мінез-құлықтың ауытқу (патохарактерологиялық реакция) кезінде девиантты іс-әрекет формаларының бірі болып табылады.

Суицидтік мінез-құлық төмендегідей типтерге бөлінеді.

Демонстративтік (жасанды) мінез-құлық

Аталған суицидтік мінез-құлық негізінде жасөспірімнің жеке басына және өз проблемаларына ересектердің назарын аударту, өмірінде кездескен ауыр

жағдаяттармен күресуге дәрменсіздігін көрсету жатады. Бұл айналасындағылардан өзіне көмек сұраудың бір түрі. Әдетте, мұндай демонстративтік суицидтік мінез-құлық өзіне қасірет келтіру немесе өз өмірін қию мақсатында емес, тек айналасындағыларды қорқыту (мысалы, «Менің атым-Қожа» повесіндегі Сұлтанның әрекеті, Қожаның ойлары, т.б.), жасөспірімдік проблемалардың күрделі екендігін білдіру, ересектердің өздеріне деген көзқарастарының дұрыс еместігін дәлелдеу үшін жасалады. Суицидтік әрекет кезінде көрсетілетін мінез-құлық көбінесе қан тамырын кесу, залалсыз дәрілерді қабылдау, асылуға талпындығын көрсету түрінде байқалады.

Аффективті (қатты ашу-ыза) суицидтік мінез-құлық

Кенеттен пайда болған эмоциялардың әсері негізінде жасалған суицидтік әрекеттер аффективті (қатты ашу-ыза) типке жатады. Мұндай кезде жасөспірім өз әрекеттерін жоспарламай, қызуқандылықпен қимылдайды. Әдетте, ашу-ыза сияқты теріс эмоциялар жетегіндегі жасөспірім асығыс суицидтік әрекеттер жасайды. Аффективті суицидтік мінез-құлық кезінде жасөспірім асылады немесе улы токсинді препараттарды қабылдайды.

Шынайы суицидтік мінез-құлық

Шынайы суицидтік мінез-құлық ойластырылған, жоспарлы әрекеттер арқылы жүзеге асырылады. Жасөспірім суицидтік әрекет жасауға дайындалады. Суицидтік әрекеттердің мұндай типі кезінде жасөспірімдер, әдетте, туыстары мен достарының бәрімен қоштасып, өз өмірін қию себептері түсіндіріліп жазылған хат тастап кетеді. Мұндай әрекеттер түбегейлі ойластырылып жасалғандықтан, өліммен аяқталады. Шынайы суицидтік мінез-құлық кезінде жасөспірімдер көбінесе асылады немесе жоғарыдан секіреді.

Өзіне-өзі қол жұмсау – түбегейлі қадам, сондықтан оны орындау туралы шешім бірден қабылданбайды. Оның алдында көбіне ұзақ немесе қысқа мерзімдік қобалжу, ренжу, түңілу, пайда болған кері жағдаятпен күресу және оны шешу жолдарын іздеуге талпыну кезеңі жүреді.

Білім беру ұйымдарының психологтары аутодеструктивті мінез-құлық бойынша ерекше назардағы балалармен (*аутодеструктивті мінез-құлық өлшемдері бойынша анықталған «тәуекел топ»*) жұмысты әлеуметтік педагогтармен, инспектормен, сынып жетекшілерімен, медбикемен, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарымен өзара бірлесіп атқарыланады.

Педагогтармен жұмыстың негізгі міндеті – балаға қатысты толеранттылықты қалыптастыру, балалармен және ата-аналармен өзара қарым-қатынаста психологиялық құзыреттілігін көтеру.

Білім алушылардың арасындағы аутодеструктивті әрекеттер, соның ішінде өз-өзіне қол жұмсау проблемасы жыл мезгілдеріне байланысты жиілене түсетіндігі медицина және психология ғылымдарында дәлелденген. Суицидтік әрекеттерге барудың көп факторлары бар, ең көбірек кездесетін факторлардың бірі көктем, күз уақыттарында адам ағзасындағы барлық дерттер қозатын мезгіл, соның ішінде психикалық аурулар да сыр беретін уақытта болуы мүмкін. Сондықтан да, жоғарыда көрсетілген жыл мезгілдерінде білім алушылар мен педагогтардың арасында профилактикалық жұмыстар жүйелі түрде жүргізуді білім беру ұйымдарының педагог-

психологтары міндетті түрде жоспарға енгізуі керек.

Білім алушылармен жүргізілетін жұмыс барысы

I кезең:

Психологиялық ағарту - тренингтер

Бақылау – тәртібі мен оқу үлгерімін, әлеуметтік желілерін назарда ұстау

II кезең:

Психологиялық алдын алу – жеке диагностика, жеке кеңес - психокоррекциялық жұмыстар

Психологиялық ағарту – психокоррекциялық тренингтер

Бақылау – тәртібі мен оқу үлгерімін, әлеуметтік желілерін назарда ұстау

III кезең:

Психологиялық түзету-дамыту – жеке диагностика, жеке кеңес - психокоррекциялық жұмыстар

Қажет болған жағдайда– қосымша медициналық көмек, әлеуметтік көмек, құқықтық көмек алу үшін мамандарға бағыттау

Бақылау – тәртібі мен оқу үлгерімін, әлеуметтік желілерін назарда ұстау

Білім беру ұйымының бес маманы бір-бірімен тығыз байланыста жұмыс жасайды:

Педагог-психолог - білім алушылардың психологиялық ахуалын қадағалау

Әлеуметтік педагогтың мәліметтері

(оқушылардың әлеуметтік және отбасылық жағдайлары)

Мектеп инспекторының мәліметтері

(Мектеп инспекторында тіркеуде тұрған отбасылар мен оқушылар тізімі)

Сынып жетекшінің талдауы

(Оқушылардың әлеуметтік желілеріндегі парақшаларын талдау: instagram, VK, facebook, tik-tok, twitter; оқуда, тәртібінде өзгерулерді бақылау)

Медбике толтыратын тізім

(Д – есебінде тұратын оқушылар тізімі)

Аутодеструктивті мінез-құлықты әрекеттердің алдын алу бойынша педагог-психолог маманының жұмыс барысы

р/с	Мазмұны	Өту мерзімі	Жауапты
1	Білім алушылармен психокоррекциялық жұмыстар (11 психокоррекциялық сабақтан тұратын бағдарлама)	Айлық: наурыз, қыркүйек айларында	Педагог-психолог Сынып жетекшісі
2	Педагогтармен кәсіби-эмоциялық құлдырау синдромының алдын алуда психокоррекциялық жұмыстар (бағдарлама)	Айлық: наурыз, қыркүйек айларында	Педагог-психолог
3	Ата-анамен психологиялық ағарту жұмыстары	Айлық: наурыз, қыркүйек айларында	Педагог-психолог Сынып жетекшісі

Білім алушылармен жалпы жұмыстың барысы (мазмұны)

Бастапқы кезең – әңгімелесушімен эмоциялық байланыс пен «әріптестік» қатынас орнату (бұл жерде НЛП-нің элементтерін қолдану пайдалы: жағымды психологиялық ахуал, Эриксон гипнозы, Эриксон метафорасы, т.б.). Бала келіспеген жағдайда, жауап беруге көңіл күйі болмаса оны сөкпей, сынамай, шыдамдылық танытып, әңгімесін айтқан сәтте зейін қойып тыңдап, сөзін бөлмеген дұрыс (жан дүниесін толғандырған мәселелерін айтуға мүмкіндік беру). Қорытындысында сізді жанашыр және сезімтал адам ретінде қабылдайды.

Бірінші кездесу кезінде рефлексивті тыңдаудан басқа ойлары мен сезімдерінің күйін анықтау үшін жасөспірімге өзін-өзі бақылау күнделігін жүргізуге ұсыныс жасауға болады, өйткені жабығу кезінде баланың ойлау қабілеті жүйесіз келеді. Терең жабығу күйінің «ем-домы» – белсенділік. Жай серуен де пайдалы. Жабығудан әлсіреген баланы біртіндеп қандай да бір қызмет түріне итермелеу қажет (алдымен 5 минуттық, содан соң біртіндеп серуендеу уақытын ұзарта беру). Осы күйге түскенге дейін немен айналысқанын білуге болады. Әлеуметтік қатынасты орнына келтіруді рөлдік ойындардан бастауға болады, психолог жасөспірімнің жабығу күйінің едәуір басылғандығын байқай бастаса, басқа ұсыныстар жасауға болады.

Таңдау жасауға мүмкіндіктердің көп екендігін көрсету маңызды. Бірте-бірте іс-әрекеттің басқа да түрлерін байқап көруге ұсыныс жасай отырып, жасөспірімге осы жағдаятты өзі басқара алатындығына сендіру керек.

Екінші кезең – күйзеліске жеткізген оқиғалар тізбегін анықтау, амалсыздық сезімін арылту. Ол үшін «ешкімде болмаған жағдаятты жеңу», «жетістіктермен қолдау» тәсілдерін қолдану қажет.

Үшінші кезең – күйзеліске ұшыраған жағдаятты бірігіп шешу. Оның жоспарлаған міндеттерін ауызша айтуға итермелеу, біршама уақыт үнсіз отырып, оған жағдай жасау.

Қорытынды кезең – іс-әрекет жоспарын құрастыруды аяқтау, суицидентке психологиялық қолдау көрсету. «Логикалық дәлелдеме келтіру»,

«тиімді сенімділік» орнату тәсілдерін қолдану керек. Егер жасөспірімде өз-өзіне қол жұмсаудың нақты жоспары анықталғанмен оған уақытша бір жағдай кедергі болып тұрса, мұндай жасөспірімге немқұрайды қарауға

болмайды. Бұл шараға неғұрлым көбірек адамдар қамтылса, көрініс соншалықты айқындала түседі. Әңгіме кезінде бала суицидті ойларды көбірек айтып, өз ойынан қайтқысы жоғын сезген сәтте жақын жердегі емдеу мекемесіне жіберіп, ата-анасына ескертіп, оны психиатр маманына көрсету керек екендігін айтып, т.б. шара қолданған жөн. Егер мұндай маман және басқа да мүмкіншіліктер болмаса, суицидентке көңіл күйдің мұндай ауыр ахуалы уақытша құбылыс екендігін, оның өмірі ата-анасына, бауырларына, туыстарына, достарына өте маңыздылығын айтып, ұқтыру қажет. «Барлығымызға сенің өлімің ауыр тиеді, өз өміріңді қалай сүрсен де өз еркің, оған құқығың бар, сен өз өміріңе аса жауапты болғандықтан, мәселені ашусыз, асықпай шешкен жөн» деген сияқты әңгімені әрі қарай жалғастырған жөн.

Баланы оның жақсы іс-әрекеттер атқара алатынына, МЕН күш қуатты қорының бар екендігіне сендіру. Жасөспірімдердің белсенділігін арттыруда отбасы мүшелеріне көмектесу.

Жеткіншектердің жабығу, күйзеліс сезімдерін жоюға психологиялық көмек берілсе, мұны суицидтің алдын алуға жасалған әрекеттің бірі деп есептеуге болады. Күйзеліс пайда болуының тағы бір себебі – баланың негізгі қажеттіліктерге қанағаттанбауы. Әңгімелесу кезінде оның ішкі күшіне сендіру, жабығу, күйзелу күйі туралы сөз қозғауына мүмкіндік беру (ол үшін психологпен әңгімелесу, жеке басының сезімдері мен қазіргі жағдайы туралы айтып берудің жалғыз мүмкіндігі болуы ықтимал, барлық уақытта маман оның әңгімесінің құпия сақталатынын ескертіп отырғаны жөн).

Жалпы суицидтік әрекетке бейім баланы бүкіл оқушылардың көзінше үнемі жеке шақырып алып жұмыс жасау дұрыс емес. Бұл басқа оқушылардың назарын оған аудартуы мүмкін. Жоғарыда берілген кезеңдерден соң, келесі тарауда берілетін топтық психологиялық тренингтерге қатыстыра отырып, топпен жұмыс жасау да тиімді әсер етеді.

Төмендегі кешенді бағдарлама бойынша сынып жетекшісімен жұмыс жасау.

- а) күйзелістен арылу тәсілдері.
- ә) дау-дамай
- б) дау-дамай жағдайындағы іс-әрекет

Әлеуметтік-психологиялық тренинг топтағы адамдармен өзара қарым-қатынасқа түсуде өзін-өзі танып білуімен дағдыларын қалыптастырудың топтық әдістерінің жиынтығын құрайды. Бұл индивидтің коммуникативтік қабілеттері мен дағдыларын, өзін және оның қоршаған ортасын адекватты қабылдау қабілетін дамыту бағытындағы жеке тұлғаны дамыту мен топтық қарым-қатынастарын жетілдіру мақсатын көздеген топ ішілік өзара ықпал етудің арнайы әдістемесінің көмегімен ұйымдастырылады. Әлеуметтік-психологиялық тренингтің базалық құралы топтық дискуссия және әртүрлі рөлдік ойындар болып табылады.

мінез-құлықтың (суицидке бейімділік) алдын алуға психокоррекциялық сабақтар (өзгертіп отыруға болады)

Психокоррекциялық сабақтар тақырыбы

№		Уақыты	Жауапты
1	«Пікірталас – жанжал емес»	35-45 минут	Педагог-психолог Сынып жетекшісі
2	«Ашу-ыза билегенде не істеу керек?»	35-45 минут	Педагог-психолог Сынып жетекшісі
3	«Қауіпті жағдайлар. Сыпайы бас тарту»	35-45 минут	Педагог-психолог Сынып жетекшісі
4	«Мен өзімді мақтай аламын»	35-45 минут	Педагог-психолог Сынып жетекшісі
5	«Күйзелістен қалай құтылуға болады?»	35-45 минут	Педагог-психолог Сынып жетекшісі
6	«Реніштен арылу»	35-45 минут	Педагог-психолог Сынып жетекшісі
7	«Ой, сезім, мінез-құлық»	35-45 минут	Педагог-психолог Сынып жетекшісі
8	«Қалай сұрауға болады?»	35-45 минут	Педагог-психолог Сынып жетекшісі
9	«Менің құқықтарым»	35-45 минут	Педагог-психолог Сынып жетекшісі Инспектор
10	«Қиын жағдайлардан не үйенеміз?»	35-45 минут	Педагог-психолог Сынып жетекшісі
11	«Толеранттылық (төзімділік) деген не?»	35-45 минут	Педагог-психолог Сынып жетекшісі

Жалпы суицидтік әрекетке бейім баланы бүкіл оқушылардың көзінше психологиялық кеңеске үнемі жеке шақырып алып жұмыс жасау дұрыс емес. Бұл басқа оқушылардың назарын оған аудартуы мүмкін. Жоғарыда берілген кезеңдерден соң, келесі тарауда берілетін топтық психологиялық тренингтерге қатыстыра отырып, топпен жұмыс жасау да тиімді әсер етеді. Төменде берілген 11 сабақтың барасында топтағы жабырқаңқы, күйзелісте жүрген баланы да анықтауға болады. Бұл сабаққа сынып жетекшілерін қатыстырып, әрі қарай өз сыныбында үнемі жүргізіп, балалардың психологиялық ахуалын бақылауда педагог-психологпен колаборация арқылы бірігіп жұмыс жасау тиімді болады. Күйзелісте жүрген бала сол тренинг сабақтарында белгілі болған жағдайда сынып жетекшісі сұраныс парағы арқылы педагог-психологқа хабардар етеді, ол әрі қарай психологиялық диагностика жүргізіп, күйзеліс деңгейін анықтап коррекциялық жұмысты жалғастырады.

Әр жеке кеңес хаттама арқылы құжатталады. Жоғарыда көрсетілгендей кезеңмен жұмыс жүргізіледі.

Сөйтіп 11 сабақта білім алушылар психокоррекциялық тренингтен толық өту барысында білім алушылардың психологиялық ахуалдары қалыпты жағдайға түсуі мүмкін.

II ПСИХОКОРРЕКЦИЯЛЫҚ САБАҚ

№1 тақырып: «Пікірталас – ұрыс емес»

Мақсаты: жанжал жағдайларында мінез-құлықтың сындарлы (конструктивті) амалдарын дамыту, сенімділік тәжірибесін толықтыру, құрбыларымен зорлық-зомбылықсыз өзара сыйласымды қарым-қатынас жасауға дағдылану.

«Пікірталас – ұрыс емес» жаттығуы

Қалай ұрыспауға болатындығы туралы әңгіме қозғаймыз. Сонда да ұрыс болған күннің өзінде, бір-бірімен қандай сөздердің көмегімен татуласуға болатынын талдаймыз.

Уақыт өте келе, анда-санда біз өзіміздің дұрыстығымызды дәлелдегіміз келетін сәттер болып тұрады. Кейде мұндай пікірталастың пайдасы да бар, бірақ кейбір кездерде оның арты кәдімгідей күреске айналып кетеді. Айтыса отырып, біз айқайға ауысып кетеміз. Айқай қаттырақ шыққан уақытта, пікірталасымыз кәдімгідей ұрысты еске түсіреді және бұл жағдайды ақылмен бақылау қиынырақ бола бастайды.

Пікірталастың ұрыстан айырмашылығы неде? (*Жауаптарды екіге бөлінген қағазға жазып отырамыз*)

Ұрыстан қалай құтылуға болады?

«Интонация» немесе «Дауыс ырғағы» ойыны

Жұпқа бөлініңдер. Бір-біріңмен ойнағанда, дауласқанда, бұйымтай сұрағанда, өтініш жасағанда, қандай үнмен сөйлесетіндіктеріңді айта аласың ба? Тіпті амандасқанда да, есімдеріңді атап танысқанда да әртүрлі интонациямен, яғни дауыс ырғағымен айтуға болады. Әрқайсысымыз кезекпен төмендегі сөз тіркесін айтайық: «Сәлем! Менің есімім... Бұл ойынды ойнауға қазір менің кезегім» – алдымен ренжіп, содан соң сенімді түрде, кейін тілектес мейрімді көңілмен.

Талдау:

- Қандай дауыс ырғағын тиімдірек сезінді?
- Осы дауыс ырғағын қаншалықты жиі пайдаланасың?

«Аспан көк (жұмақ) пен тозақ» жаттығуы

Біздің сөйлескен сәттегі дауыс ырғағымыз басқа адамдармен, балалармен, үлкендермен өзара қатынасымызға әсерін тигізеді. Айқай, жағымсыз дауыс, ұрысқа, түсінбеушілікке, жанжалға әкеп соғады. Төбелес өте қауіпті, «кәдімгідей тозаққа» айналады. Шығыс елдерінің өсиет әңгімесін тыңдауға шақырамын...

Бір жас жауынгер данышпанға келіп былай деп сұрақ қояды: «О, данышпан, маған өмірдің құпиясын ашып берші. Жұмақ пен тозақтың айырмашылығы неде?» Данышпан бір сәтке ойланады да, жауап береді: «Сен жас ақымақсың. Сендей топас адам оның мәнін қанша айтсаң да түсінуші ме еді? Сен өте надансың!». Мұны естіген жас сарбаз сұрланып, тісін қайрап: «Мен мына сөздерің үшін сені өлтіріп тастаймын!» – деп айқайлап, данышпанды бастырмалата қылышын суырып алды. Осы сәтте данышпан:

«Міне, мұның тозақ», – деді. Мұны естіген сарбаз қылышын қынабына қайта салды. «Ал енді мұның жұмақ», – деді данышпан.

Пікірталасыңыз бір кездері төбелеске айналып кеткен сәттеріңізді есіңізге түсіріңізші! Сонда сізді ызаландырғаны соншалықты, төбелесті бастап кеткіңіз келді немесе қарсыласыңыз ашу-ызадан жарылып кете жаздап, сізге тұра ұмтылған болар?! Қол жұмсаудан аулақ болуға мүмкіндік болады ма? Сонда болған оқиғаны айтып көріңіз. Төбелессіз тарай алдың ба? Сол сәтте сен өзіңді қалай сезіндің? Бұл оқиғаға қандай атау берер едің?

Талдау:

Пікірталас пен төбелестің айырмашылығы неде?

Айтыс төбелеске айналып кетпеу үшін не істеу керек?

Төбелесуге мәжбүр ететін жағдай болып тұра ма?

Төбелес – бұл дауласудың шешімін табатын ең жақсы амал ма?

Өсиет әңгімеде данышпан зорлық-зомбылық – тозақ деп нені айтады?

«Сенге» көшудің жағымсыз әсерін сезіну жаттығуы

Біз ренжіп немесе ашуланған уақыттарымызды басқаларға өзіміздің сезіміміздің жауапкершілігін жүктеп, оларды кінәлай бастаймыз. Бірақ өз сезімдерімізге басқа ешкім емес, тек өзіміз ғана жауап береміз ғой. Долданған уақыттарымызда бір-бірімізге «сен» деп айта бастаймыз.

– Сен неменеге айғайлайсың!

– Сен мені мезі еттің!

– Сен менің заттарымды алдың!

– Сен түкке тұрғысыз бірдеңелерді айтып кеттің!

– Сен үнемі кешігіп жүресің!

«Мен... айтып салар едім» сөйлемін құрастыру

1-жағдай:

Досың сенен көйлек алады даоны жыртып тастады. Сен досыңа не айтасың?

– Мен... сезінгенде, мен... жасар едім.

2-жағдай:

Мұғалім диктантты көшіріп алдың деп саған екілік қояды. Сен мұғалімге не айтар едің?

– Мен... сезінгенде, мен... жасар едім.

3-жағдай:

Ең жақсы досың саған берген уәдесін орындамады. Сен жақын досыңа не айтар едің?

– Мен... сезінгенде, мен... жасар едім.

4-жағдай:

Сенің сүйікті кішкентай қарындасың (сіңілің) сенің ең сүйікті қойын дәптеріңді алды да, ішінен бірнеше беттерін жыртып алды. Өз қарындасыңа (сіңіліңе) не айтар едің?

– Мен... сезінгенде, мен... жасар едім.

5-жағдай:

Туыс апайың саған келемін деп келмеді. Сен қатты ренжідің. Сен оған не айтар едің?

– Мен... сезінгенде, мен... жасар едім.

6-жағдай:

Сыныптасың футбол добыңды жарып тастады. Сен сыныптасыңа не айтар едің?

– Мен... сезінгенде, мен... жасар едім.

Талдау:

Осы тапсырманы жасарда нендей қиындықтар кездесті?

Саған айтылған «сен, сен» деген сөздерді естігенде қандай сезімде болдың?

«МЕН... айтып саламынды» естігенде не сезіндің?

Сабақтың рефлексиясы:

Менің бұл сабақтан алған тәлімім...

Маған ұнағаны...

Маған ұнамағаны...

Менің естігім, білгім, жасағым келгені...

Жаттығудың аяқталуы «Шеңбер бойынша қол алысу»

Сабақтың қорытындысы

№2 Тақырып: «Ашу-ыза білгенде не істеу керек?»

Мақсаты:

- Тәлім алушылардың ашу-ызаға толы сезімдерін қауіпсіз күйде айтуға үйрету;
- Рефлексивті механизмді белсендіру;

Бүгін біз, өзіңізге және айналадағыларыңызға зиянкестік жасамай ғана ашу-ызаны қалай игеріге болатындығы туралы талдау жасаймыз.

«Көрме» жаттығуы

Мақсаты: адам өзінің жан дүниесіндегі жағымсыз энергиялармен (ашу-ыза, агрессия, көре алмаушылық, табалау, қызғаныш және т.б.) жұмыс жасай білуі.

Ыңғайлы отырып, денеңді бос күйде ұстап, 3-4 рет терең тыныс алып, көзіңді жұм. Көз алдыңа кішігірім көрмеде жүрмін деп елестет. Саған жаманшылық ойлаған, сені бір кездері ренжіткен, сенің ашуыңды келтіретін адамдардың суреттері сол көрмеде тізіліп тұр.

Осы көрмеде жүре тұрып, осы портреттерді жан-жағынан қара. Солардың кез-келген өзіңнің қандай жағдайда болғаныңды елестет.

Ашуыңды келтірген осы адамға өз сезіміңді тежемей, бәрін айтып салған сәттерді елестет. Қазір ойыңа ол туралы не келді, бәрін де бүкпей барынша жеткіз.

Сезімдеріңе бой алдырған кезде сәтте қандай әрекетке барушы едің соны көз алдыңа келтіріп, іс-әрекетіңді тежеме, осы адамға не істегің келеді, ойша бәрін жаса.

Егер жаттығуды жасап бітірсең, басыңды изе. 3-4 рет терең тыныс алып, көзіңді аш.

Өз тәжірибеңді топпен бөліс. Осы жаттығуды жасарда не қиын, не жеңіл болды? Саған не ұнады: төңірегіңнен кімдер осы көрмеде болды? Сен кімнің

алдында тоқтадың? Қандай жайды көз алдыңа елестеттің? Сол туралы айт. Жаттығу кезінде сенің жағдайың қалай өзгерді? Сезімің бас кезінде қалай болып еді? Қазір қандай күйдесің?»

Талдау:

Ренжіткен адамыңа қандай сөздер айттың?

Ашу-ызаны немесе ренішті тек сөздермен ғана жеткізе алу мүмкін бе? Сезімді білдірудің тағы қандай амалдары бар?

«Бәтеңкедегі тас» ойыны

Мақсаты: жағымсыз эмоциядан қиянатсыз арылу

Біз ашуланып, ренжи бастағанда сезіміміз алғашында бәтеңкедегі кішкентай тас сияқты болып қабылданады. Егер ол тасты алып тастамасақ, аяғыңды ауыртады, өзінді нашар сезінесің. Сондықтанда ересек адам немесе бала болсын, өз проблемаларын сезген сәтте оны бірден айтып үйрену қажет. Саған кедергі болып тұрған нәрсені мұқият ойланып, дәл қазір айтуға тырыс, әрине іштей, ешкімге естіртпей, төмендегіше айтып көр: «Менің бәтеңкемде кішкентай тас жатыр. Мен сөйлеп тұрғанда, Айсұлудың күлгені маған ұнамайды... ».

«Мазақтау» ойыны

Бір біріне ренжіген уақытта неше түрлі ауыр, реніш сөздерін айтасындар.

Ал ренжітпейтін сөздер айтып ұрсыстыңдар ма? Қане, осылай айтысып көрейік. Бұл сөздер, мысалы, жеміс жидек, ыдыс аяқ атаулары болуы мүмкін - «Сен болсаң - сәбізсің» және т.б. Балалар бір біріне доп лақтыру арқылы ренжітпейтін сөздермен мазақтасады. 2-3 минуттан соң бір біріне жылы сөздер айтады - «Сен-менің күнімсің» және т.б.

«Сілкін!» сергіту ойыны

Үсті су болған иттің сілкінгенің көрген боларсындар?! Өрқайсың қастарына кең орын болатындай тұрындар. Алақан, шынтақ, иық, кеудеден бастап сілкінуді бастаңыз. Басыңдыда сілкі. Иттің үстінен су шашырап ұшқандай, сендердің де жағымсыз эмоция, сезім, ой, барлық жағымсыз нәрселердің ұшып кететінін елестетіндер.

Сабақтың рефлексиясы

Менің бұл сабақтан алған тәлімім...

Маған ұнағаны...

Маған ұнамағаны...

Менің естігім, білгім, жасағым келгені...

Жаттығулардың аяқталуы Шеңбер бойынша қол алысуы Сабақтың қорытындысы

№3 Тақырып: «Қауіпті жағдайлар. Сыпайы бас тарту»

Мақсаты:

Қауіптен бас тартқан жағдайдағы әлеуметтік дағдыларды дамыту;

Бақылау және өзін өзі қадағалау сәттеріндегі дағдыларды дамыту; Қарым

қатынастың вербальды және басқа құралдарды дамыту; Әлеуметті ықтимал қауіпті жағдайларды айыры білу қабілеттерін қалыптастыру;

Әлеуметтік қауіп жағдайларындағы іс әрекет амалдары туралы көріністерді дамыту;

Мұндай бірнеше көріністі талдайық:

Нұсқау: қатысушылар жұпқа бөлінеді де, бірінші қатысушы екіншісіне төмендегідей жағдайлармен өтініш жасағанда, екінші қатысушы ренішті, сенімді, сыпайы түрде бас тартуды, рөлдермен алмасады, соңында талдайды:

- Қане, әзірше ересектер жоқ кезде мына велосипедпен дүкенге дейін барып келейік.

- Маған добынды сыйлашы, саған жаңа доп сатып алып береміз деді ғой.

- Саған компьютерлік ойындарды үш күннен соң әкеліп берсем бола ма?

- Фотосуреттеріңді көруге бере тұршы?

Талдау:

Сыпайы бас тарту қиынға соқтыма, басқаша түрлері қалай әсер етті?

Өтінішпен сұраған уақытта сізде қандай сезімдер пайда болды? Өтінішіңізді орындаудан бас тартқан кезде қандай сезімде болдың? Бас тартқан уақытта біреудің сезіміне нұқсан келтіріп, көңілін қалдырамыз-ау деген ой болды ма?

Кеңестер:

Көшеде бөтен біреу машинамен қыдырып келейік десе немесе тәтті кәмпит, ойыншық, т.б. ұсыныстар айтса, бұл өте қауіпті. Мұндай жағдайға сыпайы болудың қажеті жоқ. Бөтен адамның қасынан ығысып кетіп қалуға тырыс, айналадағыларды көмекке шақыр немесе сені қорғай алатын, танитын адамға қарай жүгір.

- Қандай жағдайда «қауіпті» деп айтуға болады?- Үйде және далада қандай қауіпті жағдайлар кездесуі мүмкін?

Жағдайларды талдау

1-сұрақ: «Шыңғыстың әңгімесі»-көшеде бөтен адам өзімен біре қыдырып қайтуға баланы шақырып жатыр.

2-сұрақ: «Қанаттың әңгімесі» - көшеде алғысы келетін адамдарға белгісіз сағызды таратып жатыр.

3-сұрақ: «Сайранның әңгімесі» - машинаның жүрізушісі бөтен адам, балаға машинаға отырып жол көрсеткенің өтініп отыр.

4-сұрақ: «Әлияның әңгімесі» - балалар пәтерге бейтаныс адамды кіргізіп отыр.

5-сұрақ: «Мәдинаның әңгімесі» - бейтаныс біреу көшеде қыз баланы жарнама ролигіне түсіруге шақырып жатыр.

6-сұрақ: «Асанның әңгімесі» - ер бала белгісіз түйіншекті табыс етуге келісіп жатыр.

Сабақтың рефлексиясы

Менің бұл сабақтан алған тәлімім...

Маған ұнағаны...

Маған ұнамағаны...

Менің естігім, білгім, жасағым келгені...

Жаттығулардың аяқталуы «Шеңбер бойынша қол алысу» Жаттығулардың қорытындысы

№4 Тақырып: «Мен өзімді мақтай аламын»

Мақсаты: Өзіне деген жағымды (позитивті) қарым-қатынасты дамыту; Рефлексияны дамыту;

Тәлім алушылардың сенімділік сезімін көтеру.

«Мен кімін» серпінділік ойыны

Топ қатысушылары бір-біріне доп лақтыру арқылы «Мен кімін» деен сұраққа жауап береді. Өзін-өзі сипаттауда мінезі, бет пішіні, мақсаты мен сезімдері қолданылады. Әрбір сөйлем «Мен», «Мен қызбын», «Мен көңілдімін», «Мен музыканы жақсы көремін» және т.б. сөздермен басталуы керек.

Біз бүгін әрқайсымыздың жақсы қасиеттеріміздің бар екенін айтып, мақтана аламыз. Неге десеңіз, басқа адамдарды да біздің басқа жақсы жақтарымыздан қарап таңғалдыру үшін, нені сүйіп, нені армандайтындығымызды да білу мақсатында өз іс-әрекетімізді талқылағанымыз жөн.

«Мен өткен, осы және келер шақтамын» жаттығуы Өзіңді өткен, осы және келер шақта қалай көресің, елестете отырып суретін, сал.

Талдау: Осы суреттердің қайсысы саған аса ұнайды? Келешекте өзіңді кім деп елестетесің? Сенде қандай қасиеттер пайда болады? Сен өзіңе не тілер едің? Балалар бір-біріне доп лақтыра «Мен бірде» деген сөз тіркесін қоса отырып, өзіңнің қандай да бір жетістігін айтады. Мысалы, «Мен бірде денешынықтыру сабағында барлығынан да тез жүгіріп, бірінші болып келдім».

«Бәрі жұлдыздар» жаттығуы

Бұл жаттығуды жасау үшін 3-4 рет терең тыныс алып, көзімізді жұмамыз.

Өміріңдегі өзіңді жұлдыздай сезінген сәтті есіңе түсір. Бұл қандай оқиға еді? Жан дүниенің қандай сезімдерге толы болды? Қасында сол сәтте кім болды? Саған арнап ұнамды сөздер айтты ма? Сонда не айтты? Қандай оқиға есіңізге түсіп тұр? Есіңе түсіріп болсаң, басыңды изеп, жайлап көзіңді аш. Барлығыңның да еске түсетіндей кезеңдерің болды ма?

Енді біз түрлі-түсті қағаздан үлкен-үлкен жұлдыздарды ойып аламыз да, оның ішіне өміріміздегі сол бір кездегі жетістікке жеткен сәттерімізде мерейіміз тасыған шақтарды сурет етіп саламыз. Сендердің суреттеріңде, саған өте маңызды немесе сенің жетістікке жетуіңе көмектескен адамдар қатысуы мүмкін. Барлық жұлдыздар жинақталып, ватман қағазына жапсырылады.

Талдау:

Осы жаттығуды жасау барысында не сезіндің? Жетістікке жету жағдайын еске түсіру қиынға соқтыма? Күнделікті өмірінде жағымды және жағымсыз нәрселерді есіңе түсіресің бе?

«Шеңбер бойымен қошемет» жаттығуы

Нұсқау: Өртіс концерттен соң өзін қалай сезінетіндігін кім елестете алады? Шеңбер бойынша тұрындар. Араларыңнан біреу шығып кез келгенге жақындап, оған бар күшімен қол шапалақтап қошемет көрсетеді, содан соң ол екеуі бірігіп тағы біреудің қасына барып сол сияқты бар күшімен қол шапалақтау арқылы қошемет көрсетеді. Дәл осылай топтағы қатысушылардың барлығына кезекпен қошемет көрсетеледі.

Талдау: қандай сезімде болғандарың туралы әрқайсың айтып бересіңдер. Сабақтың рефлексиясы Менің бұл сабақтан алған тәлімім... Маған ұнағаны... Маған ұнамағаны... Менің естігім, білнім, жасағым келгені... Жаттығудың аяқталуы «Шеңбер бойынша қол алысу» Жаттығудың қорытындысы

№5 Тақырып: «Күйзелістен қалай құтылуға болады?»

Мақсаты: Оқушыларды күйзеліске қарсы тұра алуға дағдыландыру
Күйзелістен арылу жолдары:

Не нәрсе болса да қарапайым көзбен, байсалдылықпен қарау! Бар жан-тәніңмен күл және сенің осы өмірге келгеніңе, сенің бар екендігіңе, кім болғаныңа, өмірінде бар нәрсеге Жарық дүниенің бар екендігіне ризашылығыңды білдір.

«Күлімдеу» жаттығуы

Күлімдеу – керемет бір күшпен әрбір адамда бар ішкі энергияның қорын ашады.

Айнаның алдында тұрып, омыртқанды тік ұстап, иықтарыңды жаз, басыңды паңдана, тәкәппарлықпен жоғары көтер. Өзіңе-өзің нұр сәулелі күлімде, қастарыңды көтеріп, тап осыкүйде 5 минут тұр.

Жасанды түрде жақсы көңіл күй жасай отырып, бетіңнің бұлшық еттеріне ықпал ете, сен өз жан дүниенің күйіне тікелей әсер етесің.

Ұйқыдан соң сенің бейсанаң ашық болады, сондықтан да бұл тәсілді таңертеңгілік жасаған дұрыс. Сонда таңертеңнен кешке дейін тамаша көңіл күйде боласың!

«Мұңымды тарқатамын» жаттығуы

Үш ақ парақ, акварель бояуын және қылқаламды алыңыз.

Қылқаламды қара бояуға батырып алып, бірінші параққа қылқаламды сілкеп, бірнеше қара тамшы жасаңыз. Осы дақтардан қандай да бір кескінді көруге тырыс. Ол үшін оларды бір-бірімен біріктіріп, кішкене жөнге келтір. Мүмкін бұл бір қара жапырақтар, қара құстар болар... Сенің түйсігің саған дұрыс шешім қабылдауға өзі-ақ көмектеседі. Содан соң екінші парақты алып, сол сияқты, тек ақ бояумен бояңыз. Дақтарды бірге қосып сызғанда не нәрсеге ұқсас екендігіне мұқият қараңыз.

Үшінші параққа дәл осы сияқты жасаңыз, тек бояулардың басқа қызыл, жасыл, сары түстерін алыңыз.

Соңғы суретіңе 10 минуттай қара. Кенеттен сенде бір күш пайда болғанын сезінесің. Басыңда қандай жағдай болса да, осы сәтте қуана алатыныңды түсінесің! Осы жаттығулардан ашық бояулардың сенің жан дүниенді өзгерте алатынын түсінесің.

«Проблемаларды қиып тастаймын» жаттығуы

Ақ парақтың оң жағына өз проблемаларыңды шатасқан жіп күйінде сурет етіп сал. Кескіннің төменгі жағына «Менің проблемаларым» деп жаз. Немесе оны нақтырақ атауыңа болады. Кескіннің сол жағына төменірек өзіңнің суретінді (фото болса тіпті жақсы) бейнеле де есіміңді жаз. Содан соң қайшы ал да жіпті, яғни проблеманды қиып таста. Сенің көрнекті түрде көзің жетті: проблема жойылып кетті. Қайшының жүзі арқылы бір сәтте оны қиып тастадың. Дәлірек айтқанда, осы іс-әрекет туындаған қиын жағдайларды жеңіл шешуге болатынына көзіңді жеткізеді.

№6 Тақыры: «Реніштен арылу»

Мақсаты:

- өз-өзін ұстай білуге үйрету;
 - басқаларға қиындық туындаған уақытта көмек көрсету мен өзгенің қайғысына, қуанышына ортақтаса алуға үйрету.
- Өткен сабақтарда біз ашу-ызаның не екенін және онымен қалай күресу керектігін талқыладық. Енді біз ренішпен қалай күресу керектігін үйренейік.

«Реніштер қобдишасы» жаттығуы

Балаларға дорба – реніштер үшін қобдиша бейнеленген парақтар таратылады. Балалардың әрқайсысына ренжіген және көңілі құлазыған кездеріне түсіру ұсынылады. Ол қандай жағдайлар еді? Ересектерге немесе құрдастарына ренжідіңдер ме? Барлық реніштеріңді (немесе ең маңызды біреуін) естеріңе түсіріп, ренішке арналған қобдишаға орналастырыңдар. Өз реніштеріңді бейнелеп немесе сөзбен жазауларыңа болады.

Талдау: балалар төмендегі формулаға сәйкес шеңбер бойымен өз реніштерін айта бастайды:

- ...болғанда, мен ренішті сезіндім.
- Кім дәл... (есімін атайды) сияқты өзін сезінді ме? Оған айтыңдаршы, өзіңіздің не сезінгеніңізді. Тағы кім өзін дәл осылай сезінді? Осыны барлығын айта аласыз ба?
- Тағы кім...(есімін атайды) сияқты жағдайлармен кездесті. Оған айтыңыз. Өздеріңіздің реніштеріңізді айтқан уақытта, қобдишаға реніштер кішіреңгенін байқадыңыздар ма? Көрсетіңіздер.

Реніш сезімі азаю үшін:

- Досыңа немесе басқа біреуге айтуға болады екен;
- Ренішті сөзбен жазып, бейнелеп, «жылап» алу;

- Ренжіткен адамыңа сезімдеің туралы айту керек және өз көзқарасыңды білдір;

- Көмек сұрау және жолдасыңызға көмек көрсетуге болады.

Нақты көмек көрсету жаттығулары (SOS!)

Қатысушылар көздерін жұмған күйі бөлмеде ары-бері жүреді. Жүргізуші олардың біріне жақындап тұртеді, ол жақындағын аптаның белгісін береді (SOS!). Оның жанында жүргендер оның екі қолынан ұстайды, ал қалғанды көздері жұмулы қалпы «қорғаныс шеңберін» құрастырады.

Талдау:

- Апатты сезінгенде қандай сезімде болдың?
- Қорғаушылар көмекке келген уақытта не сезіндің?

«Оқиға» жаттығуы

Балалар өздерінің басынан кешкен мысалдарын айта алмаса, нақты оқиға бойынша немесе карточка арқылы берілген мысалдарды келтіруге болады. Карточкада ренішті жағдай болған оқиға және оған қалай көңіл аудару керек екендігінің бірнеше нұсқасы келтірілді. Осы оқиға төңірегінде қандай сөздерді қолданған жөн болатын балалардың өздерінің тәжірибесінде түсінуі өте маңызды.

1-оқиға:

Менің есімім – Марат, 8 жастамын. Менің туған күніме күшік сыйлады.

Оны күнде тамақтандырдым, су бердім, мектептен келген соң оны қыдырттым. Өзімнің жаңа досыма қатты бауыр бастым және оны мәпеледім. Бірде танысымнан оны аз уақытқа қарай тұруды өтіндім. Ол оны дұрыстап қарай алмағасын күшік қашып кетті. Қаланың барлық жеріне күшіктің жоғалғандығы туралы хабарландыру іліп қойдым, бірақ ешкім де хабарласпады.

Мен қатты қайғырып, танысыма қатты ренжідім.

Досыңды (кұрбыңды) жұбат үшін айтатын сөздеріңді таңдап ал:

- Қапаланба!
 - Сен де айтады екенсің, күшік қашып кетті!
 - Сен мұңайып жүрсің бе?
 - Сабырлылық сақта!
 - Менің де мысығым жоғалды, бірақ мен сен сияқты жылаған жоқпын ғой!
- Біреуге сенсең, ол сенің сеніміңді ақтамаса, әрине мұңаюға тұрарлық жағдай. Саған қандай ауыр екенін мен жақсы түінемін.

2-оқиға:

Менің есімім – Айнұр, 10 жастамын. Таяуда мынандай оқиға болды. Ең жақын құрбыма өзімнің сырымды айттым. Ертеңіне-ақ осы құпиямның балалардың көпшілігіне мәлім болғанын білдім. Бұл маған сондай жағымсыз әсер етті және өте қиналдым. Құрбым мені сатып кетті деп есептемеймін, қазір не істерімді білмей, қиналып жүрмін.

Досыңды (кұрбыңды) жұбату үшін айтатын сөздеріңді таңдап ал:

- Уайымдама, бәрі жақсы болады.
- Сен де уайымдамайтын нәрсені тапқан екенсің!
- Ешкімге өз құпияңды айтпау керек.

- Мен сені түсінемін, сен оған сенімділік білдірдің, соңында айтқаның үшін өкіндің.

- Достарыңнан көңілің қалғаны, әрине, өкінішті-ақ!

Талдау:

- Қандай сөздер ренішті жеңілдетуге көмектемеді?
- Қандай сөздер реніш сезімін төмендете алмады? Неге?

«Сенің маған ұнайтын қасиеттерің,..» жаттығуы:

Балалар шеңбердің бойымен тұрып, бір-біріне доп лақтыра,

қатысушыларға кезекпен жағымды, жылы сөздер айта бастайды.

Айтылатын сөзде оның жек басының қасиеттері, сырт пішіні, мінез-құлқы сипатталады. «Дәурен, маған сенің мейірімділігің ұнайды». Баланың жауабы: «Рақмет, мен де өзімді мейірімдімін деп ойлаймын» (өзіне айтылған сөздерді қайталайды), соңынан «ал оның үстуне қосарым: мен сондай кішіпейілмін» деп қосымша атуына болады.

Сабақтың рефлексиясы

Менің бұл сабақтан алған тәлімім...

Маған ұнағаны...

Маған ұнағаны...

Менің естігім, білгім, жасағым келгені...

Жаттығудың аяқталуы «Шеңбер бойынша қол алысу» Жаттығудың қорытындысы

№7 Тақырып: «Ой, сезім, мінез-құлық»

Мақсаты:

- Жағымды көңіл күй өрісін дамыту, қатысушыларды сезімдерін айта алуға және анықтауға дағдылануды үйрету;
- «ой», «сезім», «мінез-құлық» түсініктемелерінің жіктелуі (дифференциялануы);
- Топтың ынтымақтастығын арттыру;

«Дос доспен!» сергіту ойыны

Нұсқау: Қазір сендер өте бір қызық ойынды ойнайсыңдар. Ол үшін жасалатын қимылды тез-тез жасау керек. 5 секундтың ішінде өзіңе серіктес тауып алып, тез-тез онымен қол алыс. Ал енді бір-бірімізбен «сәлемдесеміз»:

Оң қол оң қолмен! Мұрын мұрынмен!

Ал «Дос доспен!» деген бұйрықты естігенде жұптарыңды айырбастайсыңдар. Бүгін біз ой, сезім және мінез-құлық бір-бірімен қалай байланысты екендігін білеміз.

-Сезім деген не?

-Олар қалай бізге әсер етеді?

-«Жеті рет өлшеп, бір рет кес» деген мақалдың мағынасы қандай?

-Біз бір нәрсені жасар алдында, ойлануға үлгереміз бе? Қандай мысал келтіре аласыңдар?

«Сүйсіну және ренжу» ойыны

3-4 рет терең тыныс алып, көзінді жұмып, сүйсінген және ренжіген уақытта не істейтінін ойла. Бірінші сүйсінген сәтінді елестет. Осы тұста сен не сезіндің? Сүйсінуінді денеңнің қай жерінен сезіндің? Сонда сен не істейсің? Енді ренжіген сәтті елестет... Не сезіндің? Денеңнің қай тұсында не пайда болады? Не істейсің?

3-4 рет терең тыныс ал да, көзінді аш, ренжіп жүрмін деп анық та айқын ойлап, бөлмеде ары-бері жүр. Бір минутқа тоқтап қал. Көңіл күйінді өзгерт. Сүйсінген сәтте өзінді қалай ұстар едің, еш қысылмай өзінді еркін ұста...

«Жаңбыр жауып тұрғанда мен... туралы ойлаймын» жаттығуы

«Күннің көзі шығып тұрғанда, мен... туралы ойлаймын»...

Далада жаңбыр жауып тұр деп ойла. Мұндай күндері сен не туралы ойлайсың? Не сезінесің? Не жасайсың? Енді күннің көзі шықты, жайма-шуақ тамаша, сен ұнататын жыл мезгілі деп елестет. Осындай күндері сен не ойлайсың? Не сезіндің? Не істегің келеді? Осыны бейнеле.

Талдау.

Сабақтың рефлексиясы

Менің бұл сабақтан алған тәлімім...

Маған ұнағаны...

Маған ұнамағаны...

Менің естігім, білгім, жасағым келгені...

Жаттығудың аяқталуы « Шеңбер бойынша қол алысу»

Жаттығудың қорытындысы

№8 Тақырып: «Өтініш және менің оған деген қарым-қатынасым»

Мақсаты:

- өтініш жасалған жағдайда қатысушылардың әлеуметтік дадыларын дамыту;

- бақылау және өзін-өзі бақылау дағдыларын қалыптастыру;

- вербальды және нақты қарым-қатынас жасауды дамыту;

Бүгін біз дұрыс өтініш жасау дағдыларын қалыптастырамыз, өтініш жасағанда өзара реніш жағдайын тудырмау үшін өз бұйымтайымызды қандай күйде айтуымыз керектігі жайлы әңгімелесеміз.

Достарың, құрдастарың сенің өтінішіңе құлақ асуы үшін не істеу керек? Бір нәрсені сұрарда, бетімді қайтарып тастар ма екен деген күдік те болуы мүмкін. Осындай оқиғалар сенің өміріңде болды ма?

Шындығында өтініш жасау деген оңай шаруа емес. Сондықтан өтініш жасарда адамның орынды қарым-қатынас жасауы өте маңызды. Жалынып, сұрап, емініп, өзінді кемсітіп: «Мен саған жалынамын, менімен ойнашы...»

десең, өтініш жасау қорланып тұрғандай болып ығады. Соншама сұрап тұрған адам өзін міндетті сезінеді, ыңғайсыз жағдайға қалады.

Кейде біз өтініш жасап тұрмыз деп ойлаймыз, ал шындығында бұйырамыз немесе мәжбүр етеміз: «Әрі жылжы, бұл менің орным, кәне мен осы жерге отырайын...»

Өтініш жасаудың басқа түрлері бар. Басқа адамға өз өтінішіңнің өте маңызды екендігін ізгі ниетпен, сабырлы күйде түсіндіруге болады. Бұл жағдайда ортақ тіл тауып және иманжүзділікпен қатынас жасауға болады.

Қазір әрқайсыларың араларыңдағы біреуге өтініш жасайсыңдар. Ол өтінішті қалай жасау керектігін - талап ете, емін-еркін, баса-көктеп немесе сыпайы күйде жасай ма оны өзі таңдайды. Ал өтініш жасалған адам өзінің сезімдеріне құлақ түрсін. Яғни өзіне ұнаған өтінішті ғана орындайды

1-оқиға:

- Әй, сағат неше?
- Сағат неше екенін айтыңызшы?
- Сағат неше болды?

2-оқиға:

- Анар Мақашқызы, тапсырманы қайталаңызшы?
- Мен жазып үлгере алмадым, қайталаңызшы!
- Анар Мақашқызы! Тапсырманы қайталаңызшы, өтінемін. Мен жазып үлгермедім.

3-оқиға:

- Маған осы кітапты оқуға бере тұршы.
- маған осы кітапты оқуға бере тұршы. Маған тапсырма беріп еді, кітапты еш жерден таба алмай жүрмін.
- Тыңдашы, маған мына кітап өте керек болып тұр. Маған уақытша бере тұршы. Мен де өткенде саған математикадан есеп шығаруға көмектестім

ғой.

4-оқиға:

- Есепті көшіріп алуға берші!
- Маған дәптеріңді бер! Мен тек есептің шешімін қалай жазғаныңды қараймын.
- Жандос, есепті шығаруға көмектесші. Бұл тақырыпты өткенде мен ауырып қалдым, жалғыз өзім жасай алмайтынымды сезіп тұрмын.

Талдау:

- Қай уақытта айтылған өтінішті орындағың келмеді?
- Қандай жағдайда өтініш орындалады?
- Адамның саған өтініш жасауы маңызды ма?
- Не жеңіл: өтініш жасау ма әлде өтінішке жауап беру ме?

Қорытынды жасайық, өтініш жағдайында қарым-қатынасқа не көмектеседі?

Жауаптарды балалар параққа жазып отырады:

Сабырлы, мейірімді дауыс; сыпайы сөздер; мейірімді, жылы көзқарас; бірқалыпты дауыс ырғағы; өтінішті анық та ашық жеткізе білу.

Егер қандай да бір себептермен өтініш қабылданбаса, бас тартушылықты

қабылдай білуге үйренген жөн.

Өтіну – ол мәжбүр ету емес. Өтіну – талап ету, емін – еркін, баса-көктеп талап ету, жағыну емес. Өтіну – басқа біреуге, өзіңнің өтінішіңнің өте маңыздылығын, басыңа қандай қиындық туғанын инабатты түрде түсіндіре отырып, көмек сұрау.

«Қолымда бардың бәрін беремін» ойыны

Шеңбердің бойымен тұрыңдар. «Майра, мен саған қолымда бардың...

беремін» дей отырып, көршісіне қатынас жасау арқылы ойынды бастайды.

Басқа қатысушыға қандай сыйлық сыйлайтыныңды көрсетуің керек: үлкен немесе кішкентай, нәзік немесе мықты, ауыр немесе жеңіл. Сол сыйлықты ала отырып, дәл осылай басқа қатысушыға береді және т.б.

Сабақтың рефлексиясы

Менің бұл сабақтан алған тәлімім...

Маған ұнағаны...

Маған ұна мағаны...

Менің естігім, білгім, жасағым келгені...

Жаттығудың аяқталуы «Шеңбер бойынша қол алысу»

Жаттығудың қорытындысы

№9 Тақырып: «Менің құқықтарым»

Мақсаты:

- балалардың құқық туралы түсінігін қалыптастыру;
- топ жұмысын балалардың өздерінің қорытындылауы.

Қаралатын құқықтар:

Өмір сүру құқығы.

Зорлық-зомбылықтың кез келген түрінен қорғану құқығы.

Оқу құқығы.

Баланың өзі сенім артатын ересек адамнан, сдәрігерден, полицейден, ұстаздан көмек сұрау құқығы.

Төңірегіндегілердің сый-құрметіне бөлену құқығы.

«Жоқ» деген сөзді айту құқығы.

Басқа балалардың, басқа адамдардың да дәл осындай құқықтары.

«Біз және біздің құқықтарымыз» ұжымдық ойыны

Ең маңызды деген құқықтарыңды және өзіңді бейнелей отырып, бірлесіп сурет салу. Талдау:

- Бірлесіп жұмыс жасау жеңіл болды ма?
- өзіңді қандай күйде бейеледің?
- қандай құқықтарыңды ең маңызды деп есептейсің?

«Мен саған ... тілеймін» жаттығуы

Қатысушылардың әрқайсысы параққа өздерінің тілектерін жазып, бір-біріне естелікке сыйлайды.

Балалар тілектермен алмасады.

Талдау:

- Қандай тілек алдың?

- Не қуанышты: тілек жазу ма әлде алу ма?
- Бір-бірімізге ең маңызды қандай тілектер тілей аламыз?

Сабақтың рефлексиясы:

Менің бұл сабақтан алған тәлімім...

Маған ұнағаны...

Маған ұна мағаны...

Менің естігім, білгім, жасағым келгені...

Жаттығудың аяқталуы «Шеңбер бойынша қол алысу» Жаттығудың қорытындысы

№10 Тақырып: «Қиын жағдайлардан не үйренеміз?»

Мақсаты:

- қатысушылардың қиын жағдайлардың әсерін саралау мүмкіндіктері.

Ертегі тыңдау

«Алыстағы Күн жүйесінде, алыстағы Жер ғаламшарында алыстағы бір қалада Дархан Дарханов өмір сүріпті. Қалай өмір сүрді? Ол өзін онша бақытты есептемепті, себебі оның төңірегінде нашар құбылыстар өз-өзінен юолып жатады екен. Біресе асханада тамақты үстіне төгіп алады, немесе мұғалім кенеттен «үштік» баға қояды, ал ең жақын досымен ұрсысып қалады. Бірде ол өз бөлмесінде отырған еді, кенеттен өз-өзінен орындықтан құлап қалды, қатты ауырғаны соншадық, көздерінен ұшқын шашырағандай болды. Енді көзін аша беріп еді, біреудің даусын естіген сияқты болды:

– Дархан, осылай өмір сүруіңе мен себепшімін.

– Сен кімсің? – деп Дархан шошып кетті.

– Мен сенің ісігіңмін, - деп шикылдады дауыссымақ.

Дархан ұшып тұрып, айнаға қарады: көзінің алды көкпеңбек, мойны жырылып кеткен және желкесінде үп-үлкен томпақ ісік! Ол Дарханға кәдімгідей көзін қысып қояды.

– Дархан, сенің өзгеруің керек!

– Мен сен ойлағаннан да сұмдық өзгердім, қараңғыда көрсең – қорқып кетесің, – деп күрсінді Дархан.

– Жоқ, Дархан, бұлай емес. Саған өмір сабақтарын жиі орындап тұру қажет.

– Менің онсызда мектеп оқуынан басқа жеке өмірім жоқ.

– Сен мені тыңда, Дархан. Тыңда да алғысыңды жаудыр. Сен жағымсыз, қиын жағдайлардан сабақ алуың керек. Тек сонда ғана ақылың кіреді, әйтпесе әп-әдемі түрің бар бала бұдан былай үп-үлкен томпақ ісікке айналасың.

Дархан мұндай арсыздыққа таңғалғаны соншалықты, аузына сөз де түспей қалды. Біраздан соң сөйлей бастап еді ешқандай ісіктің орны да қалмағанын байқады.

Көз алдындағы көгергені де желкесіндегі томпақ ісік те ғайып болыпты. Сол сәтте оның сотқар інісі Хасан-Шабдалы келе қалды. Ол тек келген жоқ, келе сала Дарханмен алысып, оның қолын ауыртып жіберді. Дархан

оны итеріп жібергісі келіп еді, бірақ оны бір нәрсе жібермей қойды. «Мүмкін Хасан-Шабдалыны өмір абағы үйретер, не қыламын оған тиісіп», - деп ойлады Дархан. «Мүмкін байқап көру үшін Хасанды аясам ба екен? – деп ойлады ол тағы да». Осы кезде Дарханның анасы келді де, әдеттегідей наразылық көрсете: «Итті қыдыртпапсың. Хасанды ренжітпе!» дей бастады. Дархан әдеттегідей анасына ренжігісі келіп еді, алайда тағы да ойланып қалды: «Мүмкін өмірден сабақ алып, анамды түсінуге тырыссам ба екен?».

Дархан туралы көп айта бермесек те болады, – себебі сендер онсызда да түсіндіңдер. Өмір сабақтарын орындау Дарханға қатты ұнады, өзін өзгерту де ұнады. Әрине, оның өмірі де жақсы жағына қарай жақсара бастады. Өмірі қандай болды? Мұны да сендер менен жақсы білесіңдер, бақытты болғысы келетін мектеп оқушысының жағдайын енді одан да жақсы түсініп отырсыңдар. Ал Дархан өскенде, мектеп бітіргенде қандай болды – бұл көріністі енді маған баяндап бересіңдер.

Ертегіні балалар өздері аяқтайды.

Талдау:

- Бүгінгі сабақтан не түсіндіңдер?
- Не қиынға соқты? Не қызықты? Не нәрсеге үйрендіңдер?
- Өзің және басқалар туралы қандай жаңалықтарды білдіңдер?

Сабақтың рефлексиясы

Менің бұл сабақтан алған тәлімім...

Маған ұнағаны...

Маған ұна мағаны...

Менің естігім, білгім, жасағым келгені...

Жаттығудың қорытындысы

№11 Тақырып «Толеранттылық деген не?»

Мақсаты:

- толеранттылық ұғымын және толеранттылықтың және интолеранттылықтың негізін түсінуге қатысушыларды таныстыру;
- басқа адамдардың және өзін толық, яғни қанық (адекватты) тануын дамыту.

«Толеранттылық ұғымы»

Толеранттылық – бұл өзгені сыйлаушылық, өз лебіңді білдіру түрлерін көрсете білу және адамдық жекешілігіңді білдіру амалдарын көрсету.

«Толеранттылық» сөзінің анықтамасы жер шарының әр жерінде әртүрлі болып келеді екен:

- Испанша – өз идеяң мен ойыңнан да озықтары барын біліп, мойындау қабілеті;
- Французша – саған қарағанда басқалардың да сенен басқаша ойлап немесе әрекет жасауға болатынын білдіретін қарым-қатынас;
- Ағылшынша – төзімді, мейрімді болуға дайын болу;
- Арабша – кешіру, кішіпейілділік, жұмсақтық, қайырымдылық, рахымдылық, ізгі ниеттілік, шыдамдылық, басқаларға ыңғайлы күйде жайғасу;
- Орысша – не нәрсеге де немесе кімге де болса шыдамдылық (ұстамды,

майталман, табанды, не нәрсенің немесе кімнің болса да бар екендігіне төзімділік таныту) қабілеті.

Жаттығулар жасау

«Сапқа тұру» жаттығуы

Қатысушылар сан түзеп, екі-екіден бір-біріне арқаларын беріп тұрады.

Жүргізушінің міндеті – саптың арасынан өтіп кетіу. Жүргізуше рөлінде топ мүшелерінің барлығы болғаны жөн.

«Мен кімін?» жаттығуы

Жүргізушілер қатысушыларға ойша мынадай сұрақ қоюларын ұсынады:

«Мен кімін?» Осы сұраққа жауап беруші, алдын ала әзірленген суреттер мен қиындықтардан коллаж құрастырады.

«Тұлғаның толеранттылығы және интолеранттылығы» жаттығуы

Интолерантты адам – айналасындағы ақиқаттың арасында өзін

жағымсыз сезінетін, билікке ие болғысы келетін, салт-дәстүр мен қарама-қарсы көзқарастарды қабылдағысы келмейтін тұлға. Интолерантты тұлғалар дүниені екіге бөледі: қараға және аққа. Олар үшін аралық түстер жоқ және бәрі жақсы және жаман болып екіге бөлінеді.

Толерантты адам – өзін-өзі жақсы біледі, қоршаған ортасында өзін жайлы сезінеді, басқалардың жағдайын жақсы түсінеді, үнемі өзгелерден көмегін аямайтын, басқа да салт-дәстүр мен мәдениетке игі ниетпен қарайтын тұлға.

Енді мына сөздерді екі бағанға бөліп-бөліп жазу керек, бірінші бағанға толерантты адамның, екіншісіне интолерантты адамның қасиеттері толтырылады: шыдамдылық, әзіл-ысқақ сезімімен, түсінбеушілік, басқаларың ой-пікірін құрметтеу, менсінбеу, өзімшілдік, мейірімділік, өзін-өзі ұстай алу, шыдамсыздық, қалай болса солай қараушылық, ашушандық, әңгімелесушісінің сөзін тыңдау, селқостық, түсіну және қабылдау, білуге құмарлық, адамгершілік (гуманизм).

<i>Толерантты тұлға</i>	<i>Интолерантты тұлға</i>
Шыдамдылық Әзіл-сықақ сезіммен Басқалардың пікірімен санасу және т.б.	Түсінбеушілік Менсінбеушілік Өзімшілдік және т.б.

«Сиқырлы сәкі» жаттығуы

Мақсаты: толерантты адам болу үшін, қатысушыларға қандай қасиеттер жетіспейтіндіктерін түсінуге мүмкіндік беру.

Өте ғажайып заттарды сататын сиқырлы сәкі бар деп қатысушыларға айтылады: ондай заттар: шыдамдылық, кішіпейілділік, басқалардың жағдайымен санасу, әзілдесе білу, сергектік, сенімділік, альтруизм, өзін-өзі ұстай білу, мейірімділік, адамгершілік, тыңдай білу, білуге құмарлық, қайғысын бөлісу, жаны ашу.

Мен бір қасиеттерді екіншіге ауыстыратын сатушы боламын. Кез келген

біреуің өзінде жоқ қасиеттеріңнің бірнешеуін таңдап алуыңа болады. Бұл нақты бір қатысушының бойында жоқ немесе онша білінбейтін қасиет. Мысалы, сатып алушы сатушыдан шыдамдылықты сұрайды. Сатушы одан, шыдамдылық қандай жағдайларда, қаншалықты шыдамдылықты қажет ететінін сұрайды. Мысалы, қатысушы өзінде әзілқойлық қасиеті көбірек болса, сонымен айырбастауына болады...

«Ешкім де білмейді...» жаттығуы

Қатысушылар бір-біріне доп лақтыру арқылы мынадай сөздерді айтады:

«Сіздердің ешқайсыларыңыз білмейсіздер, менде ... қасиет бар екенін».

«Үшжаңғырық (акустика) жаттығуы»

Қатысушылар шеңбер бойымен тізіліп үнсіз отырады. Оларға көздерін жұмып, көшеден шыққан дыбыстарға 1-2 минут көңіл аудару ұсынылады.

Одан соң олар не істегендерін кезекпен айтып шығады.

Осы жаттығу қайталанады. Енді 1-2 минутта бөлменің ішіндегі дыбыстарды тыңдайды. Тағы да не істегендерін кезекпен айтып шығады.

Жаттығу үшінші рет қайталанады. Бұл жолы 1-2 минутқа көздерін жұмып, әркім өз жан дүниесіндегі дауысты тыңдайды. Соңынан барлығы кезекпен сөйлейді.

«Көктемгі орман» жаттығуы

Әрбір қатысушы көктем кезіндегі орманда жүргенін елестетеді. Олар өздеріне төмендегі рольдерді таңдап алады:

- көргіштік (көріп тұрмын);
- естігіштік (тыңдап тұрмын);
- түйсінуші (сезінудемін);
- йіс сезгіш (иісті нәзік сезініп тұрмын).

«Толеранттылық ағашы» қорытынды жаттығуы

Қатысушылардың әрқайсысы бір- бір парақтан алып, мектептегі қарым-қатынастар толеранттылық болуы үшін не істеу керектігін жазады. (Қатысушылар парақ қағазға қандай да бір ағаштың бейнесін келтіріп алып, оған өз мектебі «Толеранттылық кеңістік» болу үшін не керек екендігін жазады. Қатысушылар өз пікірін ватмандағы жапырақсыз ағашқа апарып жапсырады, аяқтағаннан кейін оны сыныпқа іліп қояды).

Сабактың қорытындысы

«Ұстазы мықтының ұстанымы мықты», сондықтан да шәкірт

ұстанымы мықты болу үшін, ұстаздың психикалық саулығына мән берілгені дұрыс, ұстаз мықты болу үшін педагогтардың кәсіби-эмоциялық құлдырау синдромының алдын алу мақсатында «Эмоциялық шаршау – ретке келтіру» атты семинар-тренингті білім беру саласындағы педагогтарға тоқсан сайын жүргізіп тұрған жөн.

3-қосымша

Педагогтардың кәсіби-эмоциялық құлдырау синдромының алдын алу бойынша «Эмоциялық шаршау – ретке келтіру» семинар-тренингтің барысы (үлгі: өзгертуге болады)

1. Сергіту (10 мин.)

«Картинка» жаттығуы

Мақсаты: басыбайлықтан босану, ұйымдасу, педагогтардың ресми түрде емес қарым-қатынасы

Материалдар мен жабдықтар: ескі журналдардан қиылып алынған әртүрлі эмоциялық жүктемедегі картинкалар.

Нұсқау: Кариналардың арасынан көңіл-күйіңізді, дүниені сезінуіңізді, нанымыңызды білдіретін немесе сізге тек қана ұнайтын бір немесе бірнеше картинаны таңдап алыңыз. Неге осы картиналарды таңдағаныңыз туралы айтып беріңіз. (Мұғалімдер өздерінің таңдауын айтып береді).

Күтілетін нәтиже: педагогтар эмоциялы қысымнан босаңсиды, ұйымшылдау болып, топтық шоғырланады.

2. Теориялық бөлім (10–15 мин.)

Слайдты презентация

Мақсаты: семинар тақырыбына кіріспе, педагогтарды эмоциялық күйреудің алдын алу тәсілдерімен таныстыру. Слайдты презентация көрсетіледі.

3. Практикалық бөлім

«Ашығын айтқанда» жаттығуы (5–7 мин.)

Мақсаты: эмоциялық күйреу проблемаларын педагогтардың саналауы мен вербализациясы.

Материалдар: аяқталмаған сөйлемдер жазылған карточкалар.

Нұсқау: Аяқталмаған сөйлем жазылған кез келген карточканы суырып алып, сөйлемді ашық және адал аяқтаңыз.

Күтілетін нәтиже: жаттығу педагог өзінің проблемаларын саналауға, оларды айтып жеткізуге, педагогтар тобын шоғырландыруға, педагогтардың барлығындағы проблемалардың бірдей екендігін түсінуге мүмкіндік береді.

«Керемет!» жаттығуы (5–7 мин.)

Мақсаты: педагогтардың өзіндік бағасын оңтайландыру, эмоциялық қысымды түсіру.

Нұсқау: қатысушылар екі шеңберге бөлінеді – ішкі және сыртқы, бір-біріне беттесіп тұрады. Ішкі шеңберде тұрған қатысушылар өздерінің жетістіктерін айтулары керек, ал сыртқы шеңберде тұрғандар олардың жетістіктерін «Ой қандай кереметсің – бір! Ой қандай кереметсің – екі!» және т.б. айта, саусақтарын бүге, мадақтауы қажет. Сыртқы шеңберде тұрған қатысушылар бұйрық (жүргізуші шапалақ соққанда) бойынша бір қадам оңға жылжып отырады да, бәрі қайтадан қайталанады.

Содан соң, ішкі және сыртқы шеңбердегі қатысушылар орындарын

ауыстырады, әрбір қатысушы мақтаушы мен мактанушының ролінде болмайынша ойын қайталанады.

Күтілетін нәтиже: педагогтардың эмоциялық қысымдарының бәсеңдеуі (әдеттегідей, бұл жаттығу өте көңілді өтеді), педагогтардың өзіндік бағаларын көтеру.

«Бақыт калошы» жаттығуы (10 мин.)

Мақсаты: педагогтардың позитивті ойлауын дамыту.

Міндеттері: өзін-өзі тану дағдыларын дамыту, дүниені позитивті тану дағдыларын қалыптастыру, позитивті МЕН-концепциясын дамыту, эмоциялық өзін-өзі реттеудің дағдыларын дамыту.

Материалдар мен жабдықтар: «бақыт калошы» (ойын элементтері: әдетте үлкен размерлі, көңілді дизайнмен жасалған қарапайым резина калош), жағдайлар жазылған карточкалар, рефлекссті кубиктер (2, 3 қосымшаны қараңыз).

Нұсқау: «Бақыт калошы» деген ойынды ойнауды сіздерге ұсынамын. Бұл ертегідегі сиқырлы әйелге туылған күніне бақыт калошын сыйға тартыпты. Ал ол калошты адамдар бақыттырақ болсын деп соларға беруді жөн көріпті. Осы калошты киген адам ең бақытты жан болыпты. Калош оның кез келген тілегін орындапты, ол басқа уақытқа немесе басқа дәуірге де өте алатын болыпты. Сонымен, мен сіздерге осы калошты киіп ең бақытты адам болуларыңызды қалаймын. Мен сонымен бірге әртүрлі ситуацияларды оқимын, сіздің міндетіңіз – осы калошты кие отырып, сізге ұсынылған ситуациялардың позитивті жағын тауып алу. Басқаша айтатын болсақ, ситуацияға бақытты оптимист-адамның көзқарасы бойынша қараңыз.

Күтілетін нәтиже: ойынға қатысушылар, «бақыт калошын» кие, ұсынылған ситуацияға позитивті кілтпен жауап береді. Позитивті жауап беруге қиналған қатысушыға басқа қатысушылар өздерінің жауап-варианттарын ұсына көмектеседі. Қатысушылар эмоциялық бәсеңсу алады және позитивті күйге келеді.

«Плюс-минус» жаттығуы (10 мин.)

Мақсаты: педагогтарға педагогикалық қызметтің позитивті сәттерін ұғынуға көмектесу.

Міндеттері: өзінің педагогикалық қызметіндегі негативті және позитивті сәттерін айту; топтың шоғырлануы.

Материалдар мен жабдықтар: тақтаға бекітілген, ағаштың суреті салынған ватман, жапырақтар түріндегі желімделетін стикерлер; әр қатысушыға қалам.

Нұсқау: жұмысыңыздың минустерін бір түстегі стикерге, ал екінші түсті стикерге – плюстерін жазу. Қатысушылар жазады, содан соң жапырақтарын кезекпен ағашқа желімдейді. Әрбір қатысушы өзінің жазғандарын дауыстап оқиды. Содан соң жаттығудың рефлексиясы жүргізіледі. Педагогикалық қызметтің плюстері көп пе, әлде минустері көп пе, қатысушылар талқыға салады.

Күтілетін нәтиже: педагогтар сонда да болса жұмыстың плюстері көп екендігін көрулері керек, яғни, педагогтың жұмысы қиын, алайда жағымды,

позитивті екендігі туралы нәтиже шығарулары қажет. Сонымен бірге педагогикалық қызметті әр қырынан көре білу, педагогтардың қиналысы ұқсас екендіктерін ұғыну.

«Жан дүниемнің бау–бақшасы» жаттығуы (15 мин.)

1-ші бөлім – медитативті және релаксациялы визуализация.

Мақсаты: қысымды алып тастау, үйлесімді жағдайды қалпына келтіру.

Материалдар мен жабдықтар: жанға жайлы жазылған әуендермен музыкалық аппарат, релаксациялы музыкалар, жайлы жұмсақ орындықтар немесе кресло, медитациялық визуализациямен мәтін.

Нұсқау: Мен қазір сіздерге медитация мәтінін оқимын. 3-4 рет терең тыныстаңыз, жайлап көзіңізді жұмыңыз. Менің айтқандарымды көз алдарыңызға елестетулеріңізді ұсынамын.

Визуализациядан соң педагогтарға өздерінің алған әсерлерін, сезімдерін, түйсінулерін және бейнелерін сипаттау ұсынылады. Әрқайсысы алған әсерлерімен бөліседі. Өздерінің жағдайларын, не сезгендерін сипаттайды.

Күтілетін нәтиже: барлық бұлшық еттердің босаңсуы, психоэмоциялық қысымның төмендеуі.

Жаттығудың 2-ші бөлімі — арт-терапия.

Қатысушыларға парақ қағаздар, қарындаш, фломастерлер таратылады. Не елестеткендерін қағазға суреттеп түсірулері ұсынылады: гүл немесе бау-бақша. “Менің аффирмациям” жаттығуы

Мақсаты: позитивті күйге келтіру, өзін-өзі позитивті түйсінуін дамыту, алынған позитивті ойлау дағдыларын бекіту.

Материалдар мен жабдықтар: позитивті тұжырымдар - аффирмациялармен берілген карточкалар.

Нұсқау: Позитивті тұжырымдар-аффирмациялар жазылған карточкаларды дестеден суырып алуларыңызды сұраймын. Егер сізге қандай да бір аффирмация ұнамаса, өзіңізге жақынырақ басқа аффирмацияны алуыңызға болады.

Қатысушылар алған аффирмацияларын кезекпен дауыстап оқиды. Жаттығу аяқталғаннан соң қатысушылардан осы аффирмациялардан алған әсерлерінің қандай екендігін айтып, бөлісу сұралады.

Күтілетін нәтиже: позитивті тәжірибені бекіту; жағымды күй.

4. Семинардың қорытындысын шығару

Мақсаты: шеринг – семинардың вербальді рефлексиясы, қорытынды жасау.

Материалдар мен жабдықтар: «Кері байланыс» сауалнамасы.

Нұсқау: Біздің семинар аяқталды, алған әсерлеріңіз бойынша кішкене сауалнаманы толтыруларыңызды сұраймыз. Сіздің пікіріңіз біз үшін өте маңызды. Пікірлеріңізді жазып болғаннан соң, әрқайсыңыз кезекпен айтып шығыңыздар.

Күтілетін нәтиже: педагогтар сауалнаманы толтырады, не ұнады, не ұнамады, өз пікірлерін, тілектерін айтады.

Сынып жетекшісінің сұраныс парағы

Педагог психологқа

Кімнен«.....».....20.....ж.

Сұраныс

Жеке психологиялық кеңеске сынып оқушысы.....қабылдауыңызды сұраймын.

Себептері:

1. Оқу барысындағы қиыншылықтар
 2. Тәртібінің өзгеруі
 3. Ересектер мен құрбы-достарының арасындағы қарым-қатынастар қиыншылықтары
 4. Басқалары
- қолы

*Бастауыш сынып білім алушыларымен жүргізілетін жұмыс жоспары
және диагностикалық әдістемелер*

Балалардың оқуға психологиялық дайындығын диагностикалау және түзету дамыту жаттығулары	«Керн-Йирасек» тесті 1) Адамның суретін салу 2) Сөздер көшірмесі 3) Нүктелер көшірмесі
	Баланың ерік саласындағы даму деңгейін анықтау «Графикалық диктант» (Д.Б.Эльконин)
	Ойлау ерекшеліктерін диагностикалау «Мектептегі оқуға қабілетін зерттеу» (Г. Вицлак)
	Зейінді дамыту және түзету «Графикалық диктант»
	Ес процесін дамыту және түзету «Сөздер жұбы»
	Ойлау процесін дамыту және түзету «Не артық?»
	Бастауыш сынып оқушыларының танымдық процестерін диагностикалау және түзету-дамыту жаттығуларын жүргізу
Баланың отбасындағы қарым-қатынасы мен эмоционалдық күйін диагностикалау және түзету-дамыту жаттығулары	Баланың отбасындағы қарым-қатынасы мен эмоционалдық күйін коррекциялау «Ұрысып қалдық» жаттығуы «Күн шуағы» жаттығуы Баланың отбасындағы қарым-қатынасы мен эмоционалдық күйін диагностикалау және түзету-дамыту жаттығулары «Отбасы суреті» әдістемесі Отбасылық социорамма
Бастауыш сынып	Бастауыш сынып оқушыларының зейінін диагностикалау

оқушыларының танымдық процестерін диагностикалау және түзету дамыту жаттығулары	Бастауыш сынып оқушыларының таным процестерін диагностикалау жаттығулары
	Бастауыш сынып оқушыларының ес процесін диагностикалау
	Бастауыш сынып оқушыларының ойлауын дамыту және түзету
Оқушылардың тұлғалық-мотивациялық аймағын диагностикалау және түзету жұмыстары	«Баспалдақ» әдістемесі (В.Г.Щур)
	1-сынып оқушыларының оқу түрткісін зерттеу әдістемесі
	«Дүниеде жоқ жануар» проективті тесті
	«Жануарлар мектебі» жобалау әдістемесі
	«Жаңбыр астындағы адам» әдістемесі
	Қорқыныш сезімінен арылуға және өз-өзіне деген сенімділікті арттыруға арналған ойындар мен жаттығулар
Психологиялық жұмыс нәтижесі	Оқушылардың психологиялық-педагогикалық картасы
Түзету және дамыту	Бастауыш сынып оқушыларының танымдық процестері мен тұлғалық-мотивациялық аймағын диагностикалау мен түзету дамыту жаттығулары
	3-сыныптар
	Бастауыш сынып оқушыларының орта буында оқуға дайындығын диагностикалау және түзету-дамыту жаттығулары
	4 сынып

*5-6-7-8 сынып білім алушылармен жүргізілетін жұмыс жоспары және
диагностикалық әдістемелер*

Жеткіншектердің ақыл-ойы мен интеллектуалдық даму деңгейін диагностикалау	-«Сөздік тест» -«Сандық субтест» -«Көрнекі-бейнелі тест» Ақыл-ой дамуының мектептік тесті (АДМТ-ШТУР) (Гуревич, Акимова, Борисова, Козлова, Логинова, Зархин) -корректуралық сынау тесті -жаттау процесінің динамикасы әдістемесі
Білім алушылардың тұлғалық ерекшеліктерін диагностикалау	Білім алушылардың оқу үдерісіне бейімделуін анықтау сауалнамасы (5-сыныптар)
	«Филлипстің мектептегі мазасыздану тесті» әдістемесі
	«Тұлғаның психологиялық күйін анықтау» сұрақнамасы (Г. Айенк)
	«Оқушылардың оқу түрткісінің көрсеткішін анықтау» тест
	«Оқушының оқу түрткісінің құрылымын диагностикалау» тест
	«Пәнге көз-қарас» әдістемесі
	«Оқушылардың іс-әрекетіне қатысу себептерін зерттеу» әдістемесі (Л.В.Байбородова) М.Люшердің «Түстік таңдау тесті» әдістемесі

	Қобалжуды, фрустрацияны, агрессивтілікті және ригидтілікті өзіндік бағалау
	«Ғаламторға және компьютерлік ойындарға тәуелділікті анықтау» тест-сұрақшасы
	Темпераментті анықтау сауалнамасы
	Жеткіншектің сыныппен қарым-қатынасын бағалау әдістемесі
	«Референтометрия» сұрақнамасы
	«Үй-Ағаш-Адам» проективті тесті
Жеткіншектердің психологиялық ерекшеліктерін дамыту және түзету	Логикалық жаттығулар жиынтығы (бума)
	Эбингауз иллюзиясы
	«Орындықтар», «Күрделі шаршы» тапсырмалары
	«Алдымен ат қоямыз, содан кейін есте сақтаймыз»
	«Есті дамытуға арналған ойындар» тренинг
Жеткіншектердің тұлғалық ерекшеліктерін дамыту және түзету	«Ойындық терапиясы»
	Рөлдік және іскерлік ойындар, сергіту ойындары, тренингтік жаттығулар
	«Ертегі терапиясы»
	Өзінің ертегісін құрастыру және оны баяндау, ертегі жазу және талдау, т.б.
	«Медитация»
	Медитация жаттығулары мен релаксация
	«Арт-терапия»
	Сурет-жобалау әдістері (тестер, топтық суреттер және т.б.) және олардың талдануы.
	Агрессияға қарсы жаттығулар
	Тұлғалық ерекшеліктерді дамыту жаттығулары
Жеткіншектермен жүргізілетін психологиялық алдын алу және психологиялық жұмыстары	Бесінші сынып оқушыларының орта буынға кіруімен байланысты бейімделу бағдарламасы негізінде атқарылатын жұмыстар
	1-дамыту сабағы. «5-сынып дегеніміз не?»;
	2-дамыту сабағы. «Өзіңді таны»;
	3-дамыту сабағы. «Орта мектептегі жаңа оқушы»;
	4-дамыту сабағы. «Біз бір-бірімізді түсінеміз бе?»;
	5-дамыту сабағы. «Сезім әлемі»;
	6-дамыту сабағы. «Біздің мұғалімдеріміз»;
	7-дамыту сабағы. «Дос іздеп жүрмін»;
	8-дамыту сабағы. «Біз және біздің сынып»
	Семинар-тренинг: Оқушылардың тіл табыса алуы мен қарым-қатынас жасай алу қабілеттерін дамыту.
	Жеткіншектердің мінез-құлқын қоршаған ортаға бейімдеуге арналған тренинг-сабақтар (4 дамыту сабағы)
Консультациялық	Жеткіншектерге психологиялық кеңес -жеткіншекке жадынама -өз-өзіңді қорғаудың 8-тәсілі

*9-10-11 сынып білім алушыларымен жүргізілетін жұмыс жоспары
және диагностикалық әдістемелер*

Жасөспірімдердің эмоционалдық-еріктік аймағын диагностикалау		«Невротизация деңгейін анықтау» Л. Вассерман
		«Стресс саған қалай әсер етеді?» (Э.Ховард)
		Спилбергер-Ханиннің әдістемесі
		Жеке тұлғаның жалпы қобалжуын бағалау, оның отбасына деген көзқарасы мен отбасының оны қалай қабылдайтынын анықтау мақсатында «Отбасылық қобалжуды анықтау» әдістемесін жүргізу (Э.Г. Эйдемиллер және В. Юстинкий)
		Отбасы мүшелері арасында орын алатын ынтымақтастықты бағалау «Отбасындағы ынтымақтастықты бағалау» әдістемесі
		Басса-Дарки сұрақнамасы
		Тест «З. Королева» субъектінің суицидке бейімділігін анықтау мақсатында
		Суицидтік бағыттылықты анықтау СБА әдістемесі (тұлғалық сұрақнама)
		Жеткіншектерге арналған Л.Б.Шнейдер модификациясы «Суицидтік қауіп картасы» әдістемесі
		Томас Климаннның «Қақтығыстағы іс-әрекет стильдері» сұрақтамасы
		«Баспалдақ» әдістемесі (В.Г.Щур)
		«Балалардағы қорқыныш және қауіптену» А.И.Захарова
		«Психикалық күйдің өзіндік бағасы» тест (Айзенк бойынша 40-сұрақ)
		«Аяқталмаған сөйлем» әдістемесі
Жасөспірімдердің тұлғалық ерекшеліктерін диагностикалау		«Жеке тұлғаның типологиялық ерекшеліктерін анықтауға арналған» сауалнама (Л.Н.Собчик)
		М.Рокич «Құндылық бағдар» әдістемесі
		Т.Лиридің тұлға аралық қатынастарды диагностикалау
		Тұлғалық дифференциал (ТД) әдістемесі
Жасөспірімдердің кәсіби бағдарлануын диагностикалау		Танымдық қызығушылықтың диагностикасы (А.Е. Голомшток)
		Е.А.Климов «Дифференциалды-диагностикалық сауалнамасы» әдістемесі
		Дж. Холландтың «Тұлға типтерін анықтау»
		Л. Йовяйшидің белгілі бір мамандыққа бейімділігін анықтау әдістемесі (Г.В. Резапкинаның модификациясы)
		Оқушылардың мамандық таңдау себептерін зерттеу, олардың мотивациялық өрісінің құрылысын зерттеу «Мамандық таңдау түрткілері» (Гриншпун С.С.)
		«Мотивацины анықтау» (Е. Головахи әдістемесі бойынша)
		Оқушылардың мамандық таңдауға дайындығын анықтау сауалнамасы (9-11 сыныптар)

Психологиялық түзету және дамыту	Балаларда өзіне сенімділік және сенім сезімін қалыптастыруға бағытталған жаттығулар
Қорытынды аттестаттауға және емтиханға дайындық бойынша психологиялық алдын алу мен ағарту, кеңес жүргізу	Жоғары сынып оқушыларына арналған тренинг сабақтар: 1. «ҰБТ дегеніміз не және оның мен үшін маңыздылығы қандай?»; 2. «Емтихан кезінде стресстен қалай арыламыз?»; 3. «Емтихан кезінде стресстен қалай арыламыз?»; 4. «Жүйке жүйесіне түсетін күштен психологиялық арылу әдісі»; 5. «Емтихандағы өз-өзіне сенімділік». Тренинг «ҰБТ-ға білім алушыларды психологиялық тұрғыда дайындау». ҰБТ-ға дайындық бойынша психологиялық кеңес -мектеп бітірушілерге емтихан тапсыруға дайындық бойынша ақыл-кеңес; -емтихан қарсаңында; -ҰБТ-ға қатысу; -тетке қатысты кеңес; -емтиханға дайындықты дұрыс ұйымдастыру туралы психологиялық кеңес; -тесті сәтті орындау үшін қажет жаднама.
Жасөспірімдердің өзіне-өзі қол жұмсауы мәселесі психологиялық алдын алу мен ағарту, кеңес жүргізу	Әссе «Өмірді сүйе білейік» Семинар-тренинг «Мен өмірді таңдаймын» Сұхбаттасу «Күйзеліс және оны алдын алу жолдары»
Кәсіби бағдарлау мәселесі бойынша психологиялық алдын алу және ағарту, кеңес жүргізу	Мамандық таңдауға байланысты «Жеке психологиялық кәсіби кеңес беру картасы» Дөңгелек үстел «Менің болашақ мамандығым» Тренинг «Мамандық өмір таңдауы» Кеңестер: 1. «Мамандық таңдаудағы негізгі мотивтер» 2. «Мамандық таңдаудағы ең кең таралған қателіктер» 3. «Таңдалған шешімге жеті қадам» 4. «Мамандық таңдау бойынша ата-аналарға арналған жаднама».

Білім алушыларды үшінші реттік превенцияда диагностикалауда тесттік әдістемелер

Тұлға, темперамент, мінез (Личность, темперамент, характер)

1. Личностный опросник Кеттелла, адаптированный модифицированный детский вариант (CPQ)
2. Уверенность в себе (Тест Райдаса)
3. Методика Голланда (Дж. Голланд)
4. Тест Айзенка (Г. Айзенк)
5. Методика Йовайши
6. Опросник Д. Кейрси
7. Многофакторная личностная методика Кеттелла. Форма С.
8. Многофакторная личностная методика Кеттелла (юношеский вариант)
9. Определение выраженности склонности к риску (опросник Г. Шуберта)
10. Опросник оценки проявлений свойств нервной системы (СНС)
11. СМЛ
12. Модифицированный опросник для идентификации типов акцентуаций характера у подростков

Тұлғаның эмоционалды саласы (Эмоциональная сфера личности)

1. Опросник Басса – Дарки
2. Шкала самооценки личностной тревожности (Спилбергер)
3. Методика диагностики уровня школьной тревожности (Филлипс)
4. Шкала личностной тревожности
5. Методика «Индекс жизненного стиля» (LSI)
6. Тест индивидуальной тревожности человека как индивида, субъекта деятельности и личности

Ынта мен ерік (Мотивация и воля)

1. Методика диагностики мотивации учения и эмоционального отношения к учению (А.Прихожан)
2. Определение уровня мотивации аффилиации (А. Мехрабиан)
3. Шкала самоконтроля
4. Опросник для определения выраженности стремления к самозащите и уровня мотивации избегания неудачи
5. Определение выраженности стремления к риску и уровня мотивации
6. достижения цели и успеха
7. Карта профессиональных интересов
8. Опросник профессиональной готовности
9. Тест - опросник уровня субъективного контроля

Тұлғаның ахуалы (Состояния личности)

1. Определение состояния фрустрации
2. Шкала самооценки ситуативной тревожности (Спилбергер)
3. Диагностика уровня социальной фрустрированности Тест дифференциальной самооценки функционального состояния (САН)

4. Шкала депрессии
5. Шкала оценки нервно-психического состояния
6. Опросник для оценки острого физического утомления
7. Опросник для оценки острого умственного утомления
8. Измерение степени выраженности сниженного настроения

субдепрессии

Тұлғааралық қарым-қатынас (Межличностные отношения)

1. Карта наблюдений Д. Стотта.
2. Методика диагностики социально-психологической адаптации учащихся К.Роджерса и Р.Даймонда
3. Тест «Групповая мотивация»

129

4. Методика диагностики склонности к отклоняющемуся поведению (Орел А.Н.)

5. Тест эмпатийного потенциала личности
6. Методика Рене Жиля
7. Измерение родительских установок и реакций (опросник PARY)

8. Тест - опросник родительского отношения Тест межличностных отношений (Лири)

9. Оценка способов реагирования в конфликте (Тест К. Томаса)
10. Социометрия

Даму шкаласы (Шкалы развития)

1. Тест структуры интеллекта
2. Экспертная оценка уровня развития
3. Многофакторное исследование развития (Шкала развития Экспертной системы Лонгитюд)
4. Школьный тест умственного развития
5. Диагностика уровня сформированности общеучебных умений и

навыков

школьников (методика М.Ступницкой)

Проективті (Проективные методы)

1. Проективный тест детской тревожности «Выбери нужное лицо»
2. Проективная методика для диагностики школьной тревожности
3. Цветовой проективный тест отношений
4. Тест цветовых предпочтений
5. Проективные рисуночные тесты

7-қосымша

Мобильді топта жұмыс жасау дағдысы бойынша сұрақтар арқылы топ мүшелері туралы ақпараттар жинақтау

Неліктен топтық жұмыс туралы сұхбат сұрақтары маңызды?

Осы сұрақтардың көмегімен интервьюерлер сізге топта жұмыс істеу ұнай ма, топта қаншалықты жақсы жұмыс жасай алатынын және командалық жобада қандай рөл атқаратыныңызды (мысалы, көшбасшы, фасилитатор, ізбасар)

түсіне алады). Бұл сұрақтар сонымен қатар сізбен оңай тіл табыса алатыныңызды көрсетеді, бұл кез келген жұмыс ортасында маңызды [22].

Топтық жұмыс туралы 12 сұрақ және оларға ең жақсы жауаптар

Әңгімелесу кезінде сіздің командалық жұмысқа бейімділігіңіз туралы сұралатынын күтіңіз және бұрын командада жұмыс істеген кездегі мысалдарды келтіріңіз. Бұл сұрақтар мінез-құлық сұхбат сұрақтары (бұрын өзін қалай ұстағаны туралы) немесе ситуациялық сұхбат сұрақтары (белгілі бір жағдайда қалай әрекет етер едің деп ойлайтыны туралы) түрінде болуы мүмкін. Мұнда топтық жұмыс туралы жиі қойылатын сұрақтар мен жауап үлгілері берілген.

1. Топтық жұмыс дағдыларыңызға мысал келтіріңіз.

Не білуге болады: Жұмыс тобында сіздің командалық жұмыс дағдыларыңыз туралы және сізге командада не ұнағанын білгісі келеді. Мысалдармен бөлісіңіз, жұмыста табысқа жетуге көмектесетін дағдыларды қалай дамытқаныңызды көрсетіңіз.

Жауап мысалы

Мен бала кезімнен футбол ойнаған кезден бастап спорт командаларында болдым: мен орта мектепте софтбол және бейсбол ойнадым, ал колледжде мектептен тыс командада ойнадым, ал мұнда мен жергілікті софтбол командасында ойнаймын. Бұл маған кәсіби өмірімде көп көмектесті, өйткені мен өз қызметкерлерімнің жеке күшті жақтарын бағалай білуді, олармен жақсы қарым-қатынас жасауды және оларды қолдау үшін күш-жігерімді үйлестіруді білемін.

Қосымша жауаптар: Сұхбатта топтық жұмыс мысалдарын бөлісуге арналған кеңестер

2. Топта жұмыс істеуге қалай қарайсыз?

Не білуге болады: Жұмыстардың көпшілігі - кем дегенде дәстүрлі жұмыс параметрлерінде - басқалармен жақсы қарым-қатынаста және жақсы жұмыс істей білуді талап етеді. Жұмыста командаға қалай көмектескеніңіз туралы соңғы бір-екі мысал келтіруге тырысыңыз.

Жауап мысалы

Мен топта жұмыс істегенді жөн көремін, өйткені ең жақсы идеялар басқалармен бірлесіп әзірленеді деп ойлаймын. Маған топ мүшесі және топ жетекшісі болу бірдей ыңғайлы – бірнеше ай бұрын мені орындау мерзімі өте маңызды болатын жобаны іске асыру бойынша біздің топты басқаруға таңдады. Біздің тамаша ұжымдық жұмысымыздың арқасында біз өз өнімдерімізді тұтынушыға мерзімінен бұрын жеткізе алдық.

Қосымша жауаптар: Топ ойыншысы болу туралы сұхбат сұрақтарына жауап беріңіз

3. Топтық жұмысқа қалай қарайсыз?

Не білуге болады: Бұл сұрақ сіз жұмысқа қабылдансаңыз, бірлескен командалық ортада жақсы жұмыс істей алатыныңызды көрсететін нақты көрсеткіш. Жауабыңызды оңды қалдырыңыз және жұмыс берушіге ұсына алатын бірнеше күшті командалық жұмыс дағдыларын атап өтіңіз.

Жауап мысалы

Мен «көпшіл адаммын» – мен басқалармен жұмыс істегенді ұнатамын және жақсы қарым-қатынас жасай аламын, әріптестерімнің пікірін белсенді тыңдаймын және туындаған кез келген жанжалдарды шеше аламын. Экстраверт ретінде мен команданың динамикасынан қатты шабыттандым және біздің мақсаттарымызға жету жолындағы жетістіктерімізді көргеніме қуаныштымын. Қосымша жауаптар: Топтық жұмысқа қалай қарайсыз?

4. *Топпен жұмыс істегенді ұнатасыз ба, әлде өз бетіңізше жұмыс істегенді қалайсыз ба?*

Не білуге болады: Әртүрлі адамдар топтық жұмыста өздерін әртүрлі тәсілдермен ыңғайлы сезінеді; жалдау менеджері сіздің жеке басыңызға, жұмыс істеудің қолайлы әдісіне және тікелей бақылаусыз жұмыс істеу қабілетіңізге қызығушылық танытады.

Жауап мысалы

Шынымды айтсам, мен өз бетіммен де, топпен де жұмыс істеуге ыңғайлымын және бұрынғы жұмысымда жолым болды, екеуін де істей аламын. Әсіресе жобалардың басында мен команда мүшелерімен стратегия құру мүмкіндігін бағалаймын. Дегенмен, іс-әрекет жоспарымыз болғаннан кейін, маған жүктелген тапсырмаларды өз бетінше жұмыс істегенді ұнатамын.

Көбірек жауаптар: өз бетінше жұмыс жасаңыз немесе топтың бір бөлігі болыңыз

Мінез-құлық сұхбат сұрақтары

Топтық жұмыс туралы көптеген сұрақтар мінез-құлық сұхбат сұрақтары болады. Бұл сұрақтар сізден өткен жұмыс тәжірибеңізден мысал келтіруді талап етеді. Мысалы, сұхбат алушы: «Маған қысқа мерзімде топтық жобаны аяқтауға тура келген уақыт туралы айтып беріңізші» деп сұрауы мүмкін.

Топтық жұмыс сұрақтарының бұл түрлері өткен топтық жұмыс тәжірибесіндегі мысалдарды еске түсіруді талап етеді.

Бұл сұрақтарға жауап беру үшін сіз ойлаған нақты мысалды сипаттаңыз (бұл мысалдар туралы алдын ала ойлануға көмектеседі). Содан кейін жағдайды және мәселені шешу немесе сәтті болу үшін не істегеніңізді түсіндіріңіз. Соңында нәтижені сипаттаңыз.

5. Топта жақсы жұмыс істеген кезіңіз туралы айтып беріңіз.

Не білуге болады: Сіздің сұхбат берушіңіз бұл сұраққа жауабыңызға ғана емес, сіздің дауыс ырғағыңыз бен позитивіңізге де қызығушылық танытады. Топтық жұмыстың құндылығын түсінетіндігіңізді көрсететін жақсы жауапқа дайын болыңыз.

Жауап мысалы

Жақсы командалық жұмыс мейрамхананы басқарудың ажырамас бөлігі болып табылады. Мен негізінен ас-аспаз болғанымға қарамастан, кез келген уақытта маған басқа міндеттер жүктелуі мүмкін екенін түсінемін - ол аспаз жоқта жұмыс істей ме, тапсырыстарды тездете ме, тіпті бізде кадрлар жетіспейтін кезде ыдыс-аяқ жуа ма. Мен командалық рухты сақтаудың қаншалықты маңызды екенін білемін. Бір жыл бұрын бізде тіл табыса алмаған жаңа қызметкерлер пайда болды. Мен оларды бірге жұмыс істеуге ынталандырған және қызықты шығармашылық мүмкіндік беретін сыйлықтармен бірге ай

сайынғы командалық аспаздық байқауын бастадым.

Қосымша жауаптар: Топтық жұмыс сұхбат сұрақтарына қалай жауап беруге болады

6. *Сіз топтық жағдайларда қандай рөл атқардыңыз?*

Олар не білгісі келеді: Кейбір адамдар табиғи көшбасшылар, ал басқалары керемет ізбасарлар. Бұл сұрақты қою арқылы жұмыс беруші сіздің бөлімнің ағымдағы командалық динамикасына қаншалықты сәйкес келетінін бағалауға тырысады және сіздің көшбасшылық жауапкершіліктер үшін белгілеу керек адам екеніңізді бағалауға тырысады.

Жауап мысалы: Мен мықты команда ойыншысы болғанымға қуаныштымын, бірақ мен кейде басшылықты өз қолыма алып, барлығының күш-жігерін үйлестіре алатынымды ұнатамын. Менде тамаша ұйымдастырушылық, жоспарлау және бақылау дағдылары бар, сондықтан менеджерім және басқа команда мүшелері өткен жылы біздің негізгі жаңа мобильді технология жүйесін сатып алу сияқты маңызды жобаларды бастау үшін маған жиі жүгінеді.

Қосымша жауаптар: Басшы сұхбатына арналған сұрақ-жауап

7. *Менеджермен немесе басқа топ мүшелерімен жұмыс істеуде қиындықтар болды ма?*

Не білуге болады: Бұл сұрақ, топтық жұмыс туралы көптеген сұрақтар сияқты, сіздің алқалылығыңыз бен командада жұмыс істеу және көшбасшылықты қабылдау қабілетіңізге қатысты. Жауабыңызды көтеріңкі ұстаңыз және бұрынғы менеджерлерге немесе топ мүшелеріне шағымданбаңыз (сұхбат алушының сізді теріс жылаушы деп атағанын қаламайсыз).

Жауап мысалы

Онша емес. Кейде менде команданың динамикасына және ұйымдастыру мәдениетіне бейімделу қиынға соққан жаңа менеджер немесе команда мүшесі болды, бірақ мен олармен жеке сөйлесу және оларды командамыздың басқа мүшелерімен байланыстыру үшін бейресми мүмкіндіктерді пайдалану әрқашан көмектесетінін байқадым. . бұл ауысуларды жеңілдетеді.

Қосымша жауаптар: Менеджермен жұмыс істеуде қиындықтар болды ма?

8. *Жұмыс орнындағы қиын жағдайды айтып беріңізші.*

Нені білгісі келеді: Жұмыс берушілер жұмыс орнындағы стресспен қалай күресетінін білгісі келеді, әсіресе ол басқа команда мүшелеріне әсер еткенде.

Жауап мысалы:

Осыдан бірнеше ай бұрын бізде команданың үлкен бір мүшесі жаңа қызметкерді белсенді түрде сынап, оның қателіктерін көпшілік алдында айтып, «автобустың астына лақтырмақ» болған жағдай болды. Мен онымен жалғыз сөйлесіп, оған алғашқы айлардың бәріміз үшін қаншалықты қиын болғанын еске салдым. Сондай-ақ мен ұжымға жаңа қызметкердің тәлімгері екенімді түсіндірдім, бұл оның жұмысына деген сенімділігін арттыруға және кез келген балағат сөздерден арылуға көмектесті.

Қосымша жауаптар: Жұмыстағы мәселелер туралы сұхбат сұрақтары
Ситуациялық сұхбат сұрақтары

Сұрақ мінез-құлық сұхбатына қатысты болмаса да, көбінесе нақты мысал

келтіру пайдалы. Мысалы, ситуациялық сұхбат сұрақтары жұмыстағы ықтимал болашақ жағдайды қарастыруды сұрайды. Сұхбат алушы: «Команданың екі мүшесі арасындағы жанжалды қалай шешер едіңіз?» деп сұрауы мүмкін. Біз болашақ жағдайлар туралы айтатын болсақ та, сіз бұрынғы тәжірибеден мысал келтіре аласыз.

9. Топты ынталандыру үшін қандай стратегияларды қолданар едіңіз?

Не білуге болады: Бұл сұраққа жауабыңыз сізде жұмыс берушілер іздейтін көшбасшылық қасиеттердің бар-жоғын көрсетеді.

Жауап мысалы

Адамдардың көпшілігі, тіпті егер олар өз жұмысын жақсы көрсе де, олар жасаған ісі үшін назар аударып, бағалануды қалайды. Мен өзімнің команда мүшелерімнің үлестерін бейресми алғыс хаттар арқылы жеке және апта сайынғы қызметкерлер жиналыстары кезінде жария түрде мойындау маңызды деп санаймын.

Қосымша жауаптар: Топты ынталандыру стратегиялары туралы сұрақтарға жауап беру

10. Біздің ұжым мәдениеті үшін не істер едіңіз?

Олар не білгісі келеді: Әңгімелесу, жұмысқа қабылдау, жұмысқа қабылдау және жаңа қызметкерлерді оқыту жұмыс берушілерге уақыт пен ақшаны талап етеді, сондықтан олар бұл процесті қайталағысы келмейді, себебі қызметкер өздерінің корпоративтік мәдениетіне бейімделе алмайды. Өзіңізді олардың ұжымдық мәдениетіне сәйкес келетін адам ретінде елестету үшін ұйымды алдын ала зерттеңіз.

Жауап мысалы

Менде артық жұмыс уақытында немесе демалыс күндері кадр мәселесі туындаған кезде жұмыс істеуге күш пен икемділік болғаны үшін бақыттымын. Менің соңғы менеджерім біздің команда мүшелерін бір-біріне қамқор болуға шақырды, кейде бұл күтпеген уақытта басқаларды жабуды қамтиды. Әріптестерімнің де маған көмектесетінін біліп, көмектесуге әрқашан қуаныштымын.

Қосымша жауаптар: Сұхбат сұрағы: «Сіз бұл компания үшін не істей аласыз?»

11. Егер сіздің командаңыздың мүшесі жұмысты өз үлесіне тигізбесе, сіз не істер едіңіз?

Не білуге болады: Команда динамикасы жиі қиын болуы мүмкін, әсіресе өз жұмысын істемейтін адамдар үшін реніш пайда болған кезде. Осы жалпы жұмыс жағдайына өміршең шешім беруге дайын болыңыз.

Жауап мысалы

Басында мен олармен жеке сөйлестім, текетірессіз, «мен» сөздерін қолданып, біз бірге шешуіміз керек мәселе болуы мүмкін екенін айттым. Мен сондай-ақ мәселенің түп-тамырын анықтауға және менің немесе басқа топ мүшелерінің сол адамның жұмысын жақсарту алатынын білуге бар күшімді саламын. Бұл тәсіл мен үшін уақыттың шамамен 95% жұмыс істейді; бұлай болмаған жағдайда, мен басқа шешімдерді талқылау үшін жетекшімен жеке кеңесуді сұраймын.

Қосымша жауаптар: Жұмыс жүктемеңіз ауыр болған уақытты сипаттаңыз

12. *Болашақта белгілі бір уақытта жұмыс ортасының жеке жұмыстан топтық жұмысқа ауысатынын білсеңіз, сізді осы жұмысқа әлі де қызықтырар ма едіңіз?*

Олар не білгісі келеді: Бұл сұрау жұмыс орнындағы өзгерістерге бейімделу икемділігіңіз бар-жоғын бағалайды. Мінсіз жауап өз бетінше де, жаңа команданың бір бөлігі ретінде де жұмыс істеу қабілетіңізді көрсетуі керек.

Жауап мысалы

Мүлдем. Бұрын менде өз бетімше де, командада да жұмыс істеу мүмкіндігі болды және қарым-қатынас арналары ашық болған кезде мен өзімді тиімді сезінемін.

Қосымша жауаптар: Маңызды командалық жұмыс дағдылары Жұмыс берушінің құндылығы

Мүмкін қосымша сұрақтар

- Топтық жұмыстың кейбір мысалдарымен бөлісіңіз.
- Сізге динамикалық командада жұмыс істеу ұнайды ма?
- Сіз корпоративтік мәдениетке қалай бейімделдіңіз?
- Неге біз сізді жұмысқа алуымыз керек?

Топтық жұмыс туралы сұрақтарға жауап беру бойынша кеңестер

Мұнда топтық жұмыс сұхбатындағы сұрақтарға жеңіске жеткен жауаптарды құрылымдау бойынша тағы бірнеше кеңестер берілген.

Өтініш беріп жатқан жұмысқа тығыз байланысты мысалдар келтіру арқылы жауаптарыңызды жұмысқа бейімдеңіз. Өткен жұмыс, тағылымдама немесе осы жұмысқа қажетті дағдыларға ұқсас дағдыларды қажет ететін волонтерлік тәжірибе туралы ойланыңыз.

Сондай-ақ компания мен лауазым деңгейін ескеріңіз. Ірі және корпоративті компаниялар шағын бизнеске немесе стартаптарға қарағанда топтық жұмыстың әртүрлі қасиеттерін бағалай алады. Егер сіз көшбасшылық лауазымға үміткер болсаңыз, көшбасшылық пен команда құру дағдыларын көрсететін мысалдарды қолдануға тырысыңыз. Қолдау көрсету үстелінің лауазымына өтініш білдірсеңіз, қайшылықтарды шешуге немесе топ мүшелерін уақытында ұстауға қалай көмектескеніңізді сипаттаңыз.

Топтық сұхбат мүмкіндігіне дайындалыңыз. Кейбір жұмыс берушілер шиеленісті топтық ортада үміткерлердің сұрақтар мен қиындықтарға қаншалықты жауап беретінін көру үшін топтық сұхбат жүргізеді. Бұған дайындалу үшін осы топтық сұхбат сұрақтарын, үлгі жауаптарды және сұхбат бойынша кеңестерді қараңыз.

Сізден топтық жұмысты модельдеуге қатысу сұралуы мүмкін екеніне дайындалыңыз. Жағдаяттық (немесе «орындау») сұхбаттар кезінде командалық жұмысты модельдеу қолданылады. Сізден белгілі бір мәселені шешуге тапсырма берілген үлкенірек топтың бөлігі ретінде жұмыс функциясын орындау сұралады. Модельдеу аяқталғаннан кейін сізден топ динамикасының тиімділігін бағалау және/немесе өзіңіздің әрекеттеріңізді немесе басқа топ мүшелерінің әрекеттерін бағалау сұралуы мүмкін.

STAR техникасын қолданыңыз. Топтық жұмыс туралы сұрақтарға жауап берудің жақсы стратегиясы STAR сұхбатына жауап беру әдісін пайдалану

болып табылады, онда сіз топтық жұмысты қамтитын жұмыс жағдайын сипаттайсыз, топтың мақсаты мен миссиясын түсіндіресіз, жасаған әрекеттеріңізді тізіп, сол әрекеттердің нәтижесін түсіндіресіз.

Ең жақсы әсер қалдыру жолы

Сіз жұмыс берушіге топтық жұмысқа құмар екеніңізді және әріптестеріңізбен тіл табысатыныңызды көрсеткіңіз келеді.

Сұхбат алдында командада жұмыс істеудің сізге не ұнайтыны туралы ойланыңыз. Бұл топтық жұмыс туралы сұрақтарға оң жауап беруге көмектеседі. Мысалы, сіз әріптестеріңізден ақпарат алу және кері байланыс алу мүмкіндігін бағалай аласыз.

Әрине, сіз де адал болғыңыз келеді. Кейде командалық жұмыстың жағымсыз тәжірибесін сипаттауға тура келеді. Мысалы, жұмыс беруші: «Топтық жобада жұмыс істеген кездегі қиын тәжірибеңіз туралы айтып беріңізші» деп айтуы мүмкін. Егер сіз ешқашан қиын жағдайды бастан өткерген емеспін десеңіз, жұмыс беруші сізді шындықты айтпайды деп ойлауы мүмкін. Сондай-ақ, бұл жауап командада қалай жұмыс істейтінін сізді немесе қиын жағдайларды қалай шешетінін сізді көрсетпейді, бұл сұхбат алушылардың шынымен білгісі келетіні. Сұрақтан аулақ болудың орнына, қиын мәселені қалай шешкеніңізге назар аударыңыз.

Мысалы, сіз былай деп жауап бере аласыз: «Мен бір немесе екі дауыс топта үстемдік ететін және басқа адамдардың идеялары естілмейтін командаларда жұмыс істедім. Мен командаларда жақсы тыңдаушы болуға тырысамын, барлығының идеяларын түсінуге уақыт бөлемін және барлық ұсыныстар талқыланады».

Мазмұны

Кіріспе.....	3
1. Ағымдағы жағдайды талдау және халықаралық тәжірибе.....	6
2. Кәмелетке толмағандар арасында зорлық-зомбылық, қатыгез қарым-қатынас, аутодеструктивті, оның ішінде суицидтік және девиантты мінез-құлық жағдайында жедел әрекет ету топтарының қызметі туралы ереже.....	12
а) Кәмелетке толмағандар арасында зорлық-зомбылық, қатыгездік қарым-қатынас, аутодеструктивті, оның ішінде суицидтік және девиантты мінез-құлық жағдайлары анықталған кезде органдар мен ұйымдардың бастапқы өзара іс-қимыл жасау тәртібі.....	16
ә) Кәмелетке толмағандар арасында зорлық-зомбылық, қатыгездік қарым-қатынас, аутодеструктивті, оның ішінде суицидтік және девиантты мінез-құлық жағдайлары анықталған кездегі органдар мен ұйымдардың іс-әрекеттері.....	27
Қорытынды.....	51
Пайдаланған әдебиеттер тізімі.....	56
Қосымша.....	58

Кәмелетке толмағандар арасында зорлық-зомбылық, қатыгез қарым-қатынас, аутодеструктивті, оның ішінде суицидтік және девиантты мінез-құлық жағдайында мобильді жедел әрекет ету топтарының қызметін ұйымдастыру туралы әдістемелік ұсынымдар

Басылымға қол қойылды: 06.06.2022 г. Формат 60×84 1/16.

Бумага офсетная. Печать офсетная.

Шрифт Times New Roman. Усл. п.л. 7